



ҚИСЫҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



2/2013

СЫРТҚЫ САЯСАТ
және
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
ер тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Беттеу
А. Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Алмас Арзықұлов
Ұзақ мерзімдік бағдарламалық
құжат 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Руслан Изимов
2014 жылдан кейінгі «Ауғанстан
мәселесі» (қытайлық сарапшылардың
пікірі бойынша)..... 9

Жанар Қаражанова
Қазақстан Республикасының
көпвекторлы сыртқы саясаты:
ерекшеліктері мен сипаты..... 15

ІШКІ САЯСАТ


Дамира Сиқымбаева
Мемлекеттік-конфессиялық
қатынастардың социомәдени аспектілері..... 25

Гүлмира Сұлтанбаева
Интеллектуалды инвестиция – қазақстан
қоғамын өркендетудің негізі
Қоғаммен байланыс саласындағы
баспасөз қызметі және баспасөз
хатшысының міндеттері 31

Жумағали Есенбек
Қоғаммен байланыс саласындағы
баспасөз қызметі және баспасөз
хатшысының міндеттері 48

ЭКОНОМИКА

Дәрия Мухамеджанова
Орталық Азия: экономикалық
ынтымақтастықтың өзекті мәселелері..... 55



МАЗМҰНЫ

Еркін Бейсекей Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарын басқарудағы маркетингтің ролі	70
ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ	
Құндызай Ерімбетова Қазақстандағы жүйелі экономикалық реформаның жүзеге асуы: жаңғырту стратегиясы (2000-2007 жылдар)	75
Айман Жұманова XX ғасырдың 20–40 жылдары Қазақстанда тіл саясатындағы жүргізілген кеңестік тәжірибе	97
Аян Нүкеджанов Ұлттық мәдениет және бірегейлік ұғымдарына талдау	106
Түйіндеме	114

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Үлес НЫСАНБЕК	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Марат ТӘЖИН	– ҚР Мемлекеттік хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Зарема ШӘУКЕНОВА	– ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | | |
|-------------------|---|---|
| Булат СУЛТАНОВ | – | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук |
| Улес НЫСАНБЕК | – | ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – | заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор |
| Рахман АЛШАНОВ | – | президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Куанышбек КАРАЖАН | – | профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук |
| Баглан МАЙЛЫБАЕВ | – | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук |
| Лейла МУЗАПАРОВА | – | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Марат ТАЖИН | – | Государственный секретарь РК, доктор социологических наук, профессор |
| Зарема ШАУКЕНОВА | – | директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК |

Ұзақ мерзімдік бағдарламалық құжат

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі

Президент Н.Ә. Назарбаевтың жаңа Жолдауы желтоқсан айының 14-і күні «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» атты тақырыппен Қазақстан халқына жолданды. Елбасының биылғы Жолдауының мәні де, мазмұны да ерекше, өйткені онда «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты елімізді дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасын ұсынды.

1997 жылғы қазан айында қабылданған «Қазақстан 2030» стратегиясында айқын астын сызып тұрып көрсетілген барлық міндеттер мен мақсаттардың мерзімінен бұрын орындалып, Қазақстан дамыған 130 елдің ішінде 51 орында орналасты, осы жылдар ішінде өзіндік саликалы сыртқы саясаты, халықарылық ортада орны бар, әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан алғанда қарқанды дамып келе жатқан елге айналды. Республика халқының әлеуметтік жағдайы артып, елімізде индустрия саласы да қарқынды дамуда. Жаңа кәсіпорындар бой көтеріп, адамдар жұмыспен қамтамасыз етілуде. Еңбек төлем ақысы мен зейнет төлем ақысы да жыл сайын көтерілуде. Халықтың қал-ахуалдары жақсарып, өмір сүру жасының өскендігін айтты. Өткеніміз бен жеткенімізді қорыта отырып Президент Н.Ә. Назарбаев біз шешуге тиісті міндеттер сапалық тұрғыдан өзгергенін, уақыт пен жағдай 2030 бағдарламасына түзетулерді енгізілуді қажет екендігін айта келіп, жаңа бағдарламаның келесі кезеңдік мөлшерін тағы да жиырма жылға ұзартты. Жолдаудың өз атауы айтып тұрғанындай 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспарда: «2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру, Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс» – деп біздің басты мақсаттарымызды белгілеп берді.

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | | |
|-------------------|---|---|
| Булат СУЛТАНОВ | – | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук |
| Улес НЫСАНБЕК | – | ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – | заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор |
| Рахман АЛШАНОВ | – | президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Куанышбек КАРАЖАН | – | профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук |
| Баглан МАЙЛЫБАЕВ | – | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук |
| Лейла МУЗАПАРОВА | – | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Марат ТАЖИН | – | Государственный секретарь РК, доктор социологических наук, профессор |
| Зарема ШАУКЕНОВА | – | директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК |

Ұзақ мерзімдік бағдарламалық құжат

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі

Президент Н.Ә. Назарбаевтың жаңа Жолдауы желтоқсан айының 14-і күні «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» атты тақырыппен Қазақстан халқына жолданды. Елбасының биылғы Жолдауының мәні де, мазмұны да ерекше, өйткені онда «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты елімізді дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасын ұсынды.

1997 жылғы қазан айында қабылданған «Қазақстан 2030» стратегиясында айқын астын сызып тұрып көрсетілген барлық міндеттер мен мақсаттардың мерзімінен бұрын орындалып, Қазақстан дамыған 130 елдің ішінде 51 орында орналасты, осы жылдар ішінде өзіндік саликалы сыртқы саясаты, халықарылық ортада орны бар, әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан алғанда қарқанды дамып келе жатқан елге айналды. Республика халқының әлеуметтік жағдайы артып, елімізде индустрия саласы да қарқынды дамуда. Жаңа кәсіпорындар бой көтеріп, адамдар жұмыспен қамтамасыз етілуде. Еңбек төлем ақысы мен зейнет төлем ақысы да жыл сайын көтерілуде. Халықтың қал-ахуалдары жақсарып, өмір сүру жасының өскендігін айтты. Өткеніміз бен жеткенімізді қорыта отырып Президент Н.Ә. Назарбаев біз шешуге тиісті міндеттер сапалық тұрғыдан өзгергенін, уақыт пен жағдай 2030 бағдарламасына түзетулерді енгізілуді қажет екендігін айта келіп, жаңа бағдарламаның келесі кезеңдік мөлшерін тағы да жиырма жылға ұзартты. Жолдаудың өз атауы айтып тұрғанындай 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспарда: «2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру, Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс» – деп біздің басты мақсаттарымызды белгілеп берді.

Сонымен қатар Қазақстанның қанша жерден жетістікті дамып, байлығының артқанына қарамастан бүкіл әлемде орын алып отырған үрдістерден бейтарап қала алмайтындығын, жалпы адамзаттық дағдарыстар белгілі-бір дәрежеде Қазақ еліне де ықпал ететіндігіне тоқталып өтті.

Жолдаудың «XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері» деп аталатын екінші бөлімінде: «Қазіргі уақытта адамзат жаңа жаһандық сын-тегеуріндермен бетпе-бет келуде. Еліміз бен өңіріміз үшін мен он негізгі сын-қатерді бөліп көрсетемін. Егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз» дей келе қазіргі жаһандану үрдісінен туындаған проблемаларға тоқталды.

«Тарихи уақыттың жеделдеуі – әлемдік тарихи процестің жеделдеуі – қоғам өмірінің барлық салаларының өте жоғары қарқынмен жаңғыртуы», «Жаһандық демографиялық теңгерімсіздік – жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартаюы – еңбек ресурстарының жетіспеушілігі – әлемдегі әлеуметтік шиеленіс», «Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер – миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде – Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар», «Судың тым тапшылығы – су ресурстары да қатты қысым көріп отыр – барынша шектеулі ресурс – қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторы», «Жаһандық энергетикалық қауіпсіздік – баламалы және «жасыл» энергетикалық технологиялар – көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатыр», «Табиғи ресурстардың сарқылуы – табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтыну – өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізу» секілді адамзат дамуының мәселелеріне тоқталған Елбасы жаһандық қиындықтар маңызды болғанымен де, өз елі, өз халқының әлеуметтік-экономикалық ахуалы, тұрмыс-тіршілік бірінші орында екендігін тағы да дәлелдеп өтті. Туған халқының әл-ауқатын аттыру, тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында жаңа әлеуметтік қағидаларды қалыптастырып, жүзеге асыру қажеттілігін атады.

Кез-келген қоғамдағы дағдарыстың негізгі себебі – тұрақсыздық, ал тұрақсыздықтың бірден-бір себебі әлеуметтік-экономикалық теңсіздік. Қазіргі таңдағы теңсіздіктің пайда болуы мен оның нәтижесінде орын алып отырған тұрақсыздыққа әлемдік деңгейдегі жұмыссыздық ықпал етіп отыр. Жұмыссыздық – экономикалық

белсенді халықтың бір бөлігінің еңбек рыногында талап етілмеулерінен туындайтын әлеуметтік-экономикалық құбылыс; адамдар жұмыс істеуге қабілетті және жұмыс істегілері келетін, бірақ жұмыс табылмайтын хал-жағдай.

«Бүгінде әлемде екі жүз миллионға жуық адам жұмыс таба алмай отыр. Еуропалық Одақтың өзінде жұмыссыздық соңғы онжылдықтардағы ең жоғары деңгейге жетіп, көптеген жаппай тәртіпсіздіктерге түрткі болып отыр. Әрине, бұл жерде Президенттің айтып отырған әлем елдері де жұмыссыздықты немесе тұрақсыздықты қалап алған жоқ. Бірақ, ел басшылығының ұстанған саясатының дұрыс болмауы мен реформалардың жүргізілуіндегі қателіктер азаматтардың жұмыссыз қалуына және әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келеді.

«Мұның жанында Қазақстандағы ахуал біршама қолайлы болып отырғанын мойындау керек. Бұл, сөз жоқ, үлкен жетістік. Солай бола тұра, біз масаттануға тиіс емеспіз. ...Елімізде әрбір іздеген адам табуына болатын жұмыс бар. Оның үстіне біздің әрқайсымыздың өзіміз жұмыс істеп, өзімізді асырауға мүмкіндігіміз бар. Бұл – біздің үлкен жетістігіміз».

Қазақстан жер көлемі жағынан алғашқы ондықтың ішінде, халқымыздың жартысынан көбі ауылды жерде тұрғындықтан өзін-өзі азықпен қамтуға шамасы жететін тұлғалар. Сонымен қатар соңғы жылдарда үдемелі-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында ашылған көптеген жұмыс орындары да Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейінің төмендігіне ықпал етіп отыр. Жалпы Қазақстандағы жұмыссыздықты негізінен технологиялық жұмыссыздықпен байланыстыруға болады, өйткені – кеңес дәуірінде қолданыста болған машиналарды шетелдік машинамен ауыстырудың нәтижесінде, жұмыс орнының механикаландырылуына қатысты болып отыр.

«Әлемдік тұрақсыздықтың басты қатері – жұмыссыздықтың өсуі. Елде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік те, салалық та – барлық бағдарламалар, тек әлдебір бөліктері емес, барлығы нақты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан Үкіметке және әкімдерге 2013 жылдың өзінде-ақ төмендегіні іске асыруды тапсырамын:

- Кәсіпкерлікті дамыту және бизнесті қолдау жөніндегі бұрын қабылданған барлық бағдарламаларды ықпалдастыру.
- Бюджеттік қаражатты жұмыссыздардың және кірісі аз адамдардың көрсеткіші жоғары өңірлерге бөлу тетіктерін әзірлеу».

Елбасы Жолдауда әдеттегінен мәселені шешудің тек жолдарын ғана көрсетіп қоймай, бұл қиындықтарды шешуді нақты шенеуліктерге тапсырма ретінде бағыттады. Сонымен қатар бұл жаңартылған бағдарламаның орындалуына жауапты ретінде мен Премьер-министрдің жеке өзі мен әкімдерді бекітетіндігін де атап өтті.

Республика тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту ісі бұл шаралармен ғана тоқтап қалмайтындығын, осыған қатысты өзінің осыдан жарты жыл бұрын жариялаған «Әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы негізінде жаңа Кәсіподақтар және еңбектің реттелуі туралы Заң әзірлене бастағандығын тілге иек етті. «Біздің мақсатымыз – еңбеккерлер мүддесін ескерген кәсіпкерлік қолдауын қамтитын еңбек қатынастарының түбірімен жаңа үлгісін жасау», деп жаңа заңның қандай бағытта жұмыс атқаруы қажеттілігін айқындады.

Жаңа Жолдаудың ұзақ мерзімдік жоспарларға негізделгенін көрсете келіп, Президент сол заманда өмір сүретін, бүгінгі ұрпақтың арманы Жолдауда көрсетілген дамыған, бәсекеге қабілетті байқуатты Қазақстан Республикасын қалыптастыратын өскелең ұрпаққа арнап «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым» дей отырып, қазіргі жастар, ертеңгі ел иелеріне білім алып, біліктілігін шыңдауға тек табанды талпыныс, қажырлы еңбек ету керектігін танытты.

Қазақ елінің басшылығы әлі де болса ел жастарының өсіп-өнуі, білім қуып, еңбек етуі үшін әлі де көптеген жағдайлар жасайтындығын, сол үшін қазіргі таңда мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірлену үстінде екендігі де айтылды.

«Ерім дейтін елі болмаса, елім дейтін ер қайдан туар» деген мақалды бойына сіңіріп өскен Елбасы әр қазастандықтың жеткен жетістігі барша отандастарына да ортақ екендігін, ол жалпы халықтың жеңісі екендігін келесі сөздерінен аңғартты: «Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы».

2014 жылдан кейінгі «Ауғанстан мәселесі»

(қытайлық сарапшылардың пікірі бойынша)

Руслан ИЗИМОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың аға ғылыми қызметкері

К

азіргі таңда халықаралық сарапшылар қауымдастығы ішінде «2014 жылы халықаралық коалиция әскері шығарылғаннан кейінгі Ауғанстан» тақырыбындағы пікірталастар өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайдың келешегі мен осы территориядан таралуы мүмкін қауіп-қатерлер орталықазия елдері, Ресей және Қытай секілді аймақтық акторларды алаңдатады. Осы мәселеге қатысты соңғы кездерде Ауғанстанмен шекаралас мемлекеттердің, оның ішінде ҚХР секілді ауған мәселесін реттестіру үрдісіндегі маңызды ойыншының рөлі артады. Осыған қатысты мақалада қытай сарапшыларының ауған мәселесін реттестіруге Қытайдың қатысу мүмкіндіктері қарастырылады.

ҚХР беделді «ми орталықтарында» Ауғанстанға қатысты жағдай кеңінен талқыланып отырады. Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайға қатысты қытайлық сарапшылар арасындағы кең тараған пікірлер негізінен келесідей пунктерден тұрады:

- біріншіден, НАТО мен АҚШ-тың әскери қосындары Ауғанстанда алға қойған міндеттерін орындай алмады. Ауғанстаннан тарайтын ланкестік қатер мен есірткінің заңсыз айналымы төмендеген жоқ. Халықаралық әскери коалицияның әскери шаралары ешбір тиімді нәтиже бермегендіктен, әскери қосындар өз тиімсіздігін мойындап Ауғанстан жерінен шығарылуда. Қытай сарапшыларының пікірінше

бұл жағдайға ауған кампаниясы кезінде АҚШ-тың айтарлықтай қаржылық шығындарға ұрынуы мен америкалық басшылықтың Ауғанстандағы шиеленісті жағдайға жауапкершілікті ауған үкіметі мен басқа да аймақтық ойыншыларға тапсырып беруге баруынан;

- екіншіден, НАТО мен АҚШ әскерінің Ауғанстаннан шығарылуынан соң осы аймақтан тарайтын қауіп-қатерлер артты, бұл бірінші кезекте Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігіне ықпал етеді. Бұл жағдайды АҚШ өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мысалы, олар Ауғанстанға қатысты қатерлермен күресу үшін түрлі шаралар, оның ішінде орталықазия елдері территориясында әскери объектілер орналастыру секілді ұсыныстар жасауы мүмкін;

- үшіншіден, АҚШ басшылығының мәлімдеуіне қарамастан америкалық әскерлер өз қосындарының бір бөлігін Ауғанстан жерінде қалдыруды көздеп отыр. Мысалы, 2013 жылдың 27 ақпанында америка басшылығы 2014 жылдан кейін Ауғанстан жерінде қалған АҚШ жауынгерлерінің саны шамамен 8-13 мың адамды құрайтынын мәлімдеген. Қытай сарапшыларының пікірінше, АҚШ пен НАТО басшылығы ҚХР қарқынды өсімін тежеу мақсатында Қытаймен шекаралас мемлекеттерде өзінің әскерін орналастырудың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тырысады және іздестіреді. Бұл жағдайда НАТО және америкалық әскери объектілердің орналасуы мүмкін аймақ ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің территориясы бірінші кезекте қарастырылады.

Қытай сарапшыларының пікірінше, осы жағдайлардың барлығы топтаса келе ОА елдері, Ресей мен Қытайдың ауған мәселесін реттестіру үрдісіне белсенді атсалысу қажеттілігін туындатады. Бейжің үшін ауған мәселесінің маңызды болуы келесі факторларға байланысты:

- Батыс территориялардың қауіпсіздігі. Қытайлық бірқатар сарапшылардың пікірінше, 2014 жылдан соң Талибан қозғалысының белсенділік алуымен қатар Ауғанстанда түрлі этникалық топтар арасында территория мен билік үшін қарулы қақтығыстар туындауы мүмкін. Жағдайдың бұл бағыт бойынша дамуы барысында негізгі құрамы Ресей мен Орталық Азия елдерінен шыққан жанкештілерден құралған экстремистік және ланкестік топтардың белсенділігі артуын жоққа шығаруға болмайды. Бұл жағдайда аталынған басбұзарлардың әрекеттері өз елдерімен қатар ҚХР-дың батыс территориясы Шыңжаң аймағының қауіпсіздігіне де қатер төндіреді;

- Орталық Азияның тұрақтылығы. Қытай зерттеушілерінің пайымдауынша, Ауғанстаннан қосындар мен қару-жарақты шығару

үрдісінің Солтүстік желі бойынша жүзеге асырылуы Ресей мен Батыс арасындағы келіспеушілікке алып келуі мүмкін, бұған НАТО-ның өз әскери техникасы мен қару-жарағының бір бөлігін ОА елдеріне беруі немесе сатуы бірден-бір себеп болмақ. Қытайдың көрші аймақтың тұрақтылығына мүдделі екендігін, әсіресе Орталық Азия елдері және Ресеймен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, аймақтың транзиттік әлеуетін игеру талпынысын ескере отырып, жағдайдың бұл жолмен дамуы ҚХР батыс аймақтарының экономикалық дамуына қатер төндіреді;

- Ауғанстан жеріндегі өз азаматтары мен инвестицияларының қауіпсіздігі. ҚХР жетекші ғылыми орталықтарының сарапшылары ауған экономикасына салынған қытайлық инвестициялардың қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылықтарын танытып отыр. Осы арқылы олар форс-мажорлық жағдайда Қытай Ауғанстандағы экономикалық мүдделерін тиімді қорғай алмайтындығын білдіруде. Бірінші кезекте бұл әрине жағдайға әскери тұрғыда араласу мәселесі.

Бұл жағдай аталынған елге біртараптан немесе аймақтық ұйым құрамында (ШЫҰ) да әскери кіргізуге қатысты болып отыр. Мысалы, қытай сарапшыларының есебінше, егер де ҚХР басшылығы Ауғанстандағы жағдайды реттестіруге әскери тұрғыда араласуды шешсе, бұл келесідей салдарларға алып келеді:

- Ауғанстанға кіргізілген ҚҰАӘ қосындары басқа да елдердің әскерлері секілді басып алушылар ретінде танылады. Ал басқалардан айырмашылығы коммунистік Қытайдың әскери күштері бұрынғы кеңестік әскермен ассоциацияланады;

- Қытайдың халықаралық беделіне орасан нұқсан келеді, бұл өз кезегінде ҚХР-дың кеудемсоқтық геосаяси мақсаттарды көздейтін жаһандық әскери держава ретінде қабылдануына алып келеді.

Көптеген қытайлық зерттеушілер Ауғанстанды қалпына келтірудің экономикалық шараларын қолдануды жақтайды. Олардың пікірінше, кейбір салалар бойынша Қытай өз қаржы мүмкіндігіне сәйкес бұл бағытта бақталас кездестірмейді. Соңғы жылдардың қорытындысына сәйкес ҚХР ресми басшылығы да осы бағытты ұстанатын секілді.

ҚХР Саяси бюросы Тұрақты комитетінің бұрынғы мүшесі Чжоу Юнканнның 2012 жылдың қыркүйегіндегі Ауғанстанға жасаған сапары ресми Бейжіңнің 2014 жылдан соңғы Ауғанстанды қалпына келтіруде барынша белсенді рөл атқаруға деген талпынысын танытады.

Сапар барысында қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, ол бойынша Бейжің ауған сақшыларын дайындау, жабдықтау және қаржыландыру мәселесін мойнына алды.

Осы келісім шарттар аясында алдағы төрт жыл аумағында ауғандық 300 сақшы ҚХР мекемелерінде дайындықтан өтеді.

Сонымен қатар Бейжің Кабулге 150 млн доллар көлемінде қаржылай көмек көсетеді. Қазіргі таңдағы қытай-ауған бірлескен бағдарламалары арасындағы ең ірі жоба «Айнак» мыс кен орынындағы өндіру жұмыстары болып отыр. Қытайлық «China Metallurgical Group» компаниясы бұл жобаға 3,5 млрд доллар қаржы салуды жоспарлаған. Жоспар бойынша кен орыны 2014 жылдан бастап толығымен жұмыс істеп, 10 мыңнан астам ауған азаматтарын жұмыспен қамтиды. Осы жоба аясында қытайлық тарап өз есебінен қуаттылығы 400 МВт көмір жылуэлектростанциясын, Айнак кен орнын Өзбекстанмен шекарадағы Хайратон және Пәкістанмен шекаралас Тохрам қалаларымен байланыстыратын темір жол салуды өз міндеткерлігіне алды.

2012 жылдың қарашасынан бастап қытайлық корпорациялар Ауғанстандағы мұнай кен орындарында жұмыс істеуге рұқсат алды. CNPC еншілес компаниясы «Petrochina» ауғандық Watan Oil and Gas (CNPCIW) фирмасынан жылына 250 мың т. мұнай сатып алу бойынша тендер ұтып алды. Ауғандық мұнай толлингтік келісімдерді пайдалану арқылы Өзбекстан немесе Қазақстандағы мұнай өндеу зауыттарына өндеуге жіберілуі мүмкін. Ауғанстандағы мұнай өндіру деңгейіне қатысты CNPC 2013-2014 жылдары қосымша 100 мың т көмірсутегі шикізатын сатып алуына болады.

Осымен қатар қытайлық билік Ауғанстандағы көліктік инфрақұрылым құрылысына да қаржы салып отыр. ҚХР Сыртқы істер министрінің орынбасары Чэн Гопиннің мәлімдеуінше, қытайлық тарап жалпы ұзындығы 1972 шақырым болатын Қашқар-Герат (Қытай-Қырғызстан-Тәжікстан-Ауғанстан) темір жолы салу бойынша халықаралық жобаны жүзеге асыруға қатысты ведомствоаралық кеңестер өткізуде. Қытайлық дипломат атап өткеніндей, ҚХР үшін темір жол құрылысы үлкен маңызға ие.

Осылайша, қытайлық инвесторлар Ауғанстанның стратегиялық ресурстарына тікелей жол ашты және де алдағы уақытта да қытайлық компаниялардың қызмет ету салаларын кеңейтуді көздеп отыр. Қытай сарапшыларының пайымдауынша, бұл үшін қажетті қолайлы жағдай жасау қажет. Сонымен қатар Ауғанстандағы өз инвестицияларын қорғауға бағытталған шараларды арттыруға қатысты көзқарастар да айтылды.

Мысалы, Циньхуа Университетінің Оңтүстік Азияны зерттеу орталығының директоры Чжан Ли Қытай өз кезегінде Ауғанстанның

бейтараптығы дәрегейіне мүдделі, өткені бұл осы елдегі қытайлық экономикалық ықпалды күшейтетіндігін атап өтті. Оның пікірінше, Ауғанстаннан америкалық әскердің шығарылуы қажет емес шара, сонымен қатар оның ОАА орналасу мүмкіндігі ҚХР ұлттық мүдделеріне қатер төндіреді. Осыған байланысты, Қытайға ауғандық бағыттағы саясатын белсенді жүргізу қажет, бұл әсіресе ШЫҰ аясында Ресей және ОА елдерімен бірлескен ұстанымдарға да қатысты жағдай.

Осылайша, сарапшылар деңгейінде Қытайдың Ауғанстандағы өз ықпалын арттыру мәселесі қызу талқылануда, бұл үшін түрлі механизмдер қарастырылып, экономикалық салада, әсіресе, қазба байлықтарды өндіру мен инфрақұрылым құрылысы мәселесіне баса назар аударылып отыр.

Ауғанстанға қатысты геосаяси жағдайдың өзгеруіне қатысты Қытайдың бұл мәселедегі рөлі артып келеді. Қытай басшылығы соңғы кездерде ресми Кабулмен байланысын белсендендіріп, 2014 жылғы халықаралық әскери қосындардың ауған жерінен шығарылуына қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселеріне байланысты ОА мемлекеттерімен де жоғарғы деңгейдегі өзара байланыстарды дамытуда.

Қытайлық компартияның саясатын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал ететін ҚХР жетекші ғылыми-сараптамалық орталықтары сарапшыларының еңбектері мен көзқарастарын талдай келе келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Қытайдық сарапшы топтарының ауған мәселесін қоғамдық-саяси талдау барысында бір жағынан ISAF әскерінің Ауғанстаннан шығарылуына қатысты туындайтын қатерлерге назар аударылса, екінші жағынан АҚШ-тың орталықазия аймағында әскери тұрғыда тұрақтап қалуы ҚХР мүддесіне қауіп төндіретіндігі қарастырылады;

2. Халықаралық коалицияның негізгі әскерінің шығарылып, қауіпсіздікке жауапкершілік ауған әскерілеріне берілу оппозициялық көзқарастағы басбұзарлар әрекетінің артуына, яғни ҚХР ШҰАА қатысты қатерлердің туындауына алып келуі мүмкін. Ал Орталық Азия аймағында НАТО мен АҚШ әскери объектілерінің пайда болуы Қытайдың болашақтағы аймақтық деңгейдегі ықпалының артуын тежейді.

Осыған байланысы жетекші сараптама орталықтары ауған мәселесіндегі ҚХР рөлін арттырудың жолдарын ұсынады. Бірінші кезекте экономикалық ықпалды арттыру, көліктік инфрақұрылым

құрылысын жүргізу, энергетикалық саладағы ірі байланыстарға және де қаржылай көмектер мен несиелер беру мәселесіне көңіл бөлінеді;

3. Кейбір қытайлық сарапшылардың пікірінше, халықаралық коалиция күштерінің қысқартылуы Ауғанстан жерінде орталық билікке бағынбайтын территориялардың пайда болуына алып келеді, ал олар өз кезегінде экстремистік топтарды дайындайтын және ОА елдері мен ҚХР ШҰАА жеріне аттандыруға қажетті таптырмайтын плацдарм ретінде пайдаланылуы мүмкін;

4. Қытайдың ресми билігі қазіргі таңда Ауғанстандағы жағдайды әскери реттестіру үрдісіне қатысудан бас тартып отыр. Ал ҚХР ауған мәселесін реттестіруде ШЫҰ аясында қатысу мүмкіндігіне қатысты Бейжің Ауғанстан жерінен тарайтын қауіп-қатерлермен тиімді күрес жүргізу мақсатында әлемдік қауымдастық пен халықаралық ұйымдар өзара күш біріктіріп, қиындықтарды экономика мен саясат саласындағы кешендік шаралар арқылы шешу қажет деп санайды.

Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты: ерекшеліктері мен сипаты

Жанар ҚАРАЖАНОВА,
ҚР ҰҚК Академиясының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаяси және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіздік жолына түскен бірінші күндерінен-ақ әлемде орын алып отырған жаңа саяси жағдайға икемді сыртқы саясатты жүргізетін, өзара сенім және ықпалдастық бағытын ұстанатын Орталық Азия аумағындағы ең ірі мемлекет ретінде танытты. Осыған орай еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында халықаралық процестердің тең құқықты қатысушысы болып қалыптасты және біз қолайлы сыртқы ахуал құруға қол жеткіздік» деп баға берді [1]. Сондай-ақ Елбасымыз Қазақстанның болашақтағы сыртқы саясаттағы басымдықтары өзгеріссіз қала беретіндігіне тоқталып, олар негізінен Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті

дамытуға бағытталатындығына ерекше назар аударды [2]. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы басымдықтарының қатарын ұлттық қауіпсіздік, егемендік пен территориямыздың тұтастығын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің геосаяси ерекшеліктерін, жер байлығы мен экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану және т.б. толықтырады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты ХХІ ғасырдағы барлық қауіп-қатерлерге төтеп беруге және ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге икемді саясаттардың бірі. Әлемдік қауымдастық елдерімен толық ықпалдастықты асыруының нәтижесінде Қазақстанның болашағы Еуропада да, Батыста да, Азия және Шығыста да көрініс тауып отыр. Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың қайта қалпына келтірілуіне, Батыстың халықаралық лаңкестікпен күрес жүргізуіне, Батыс пен Ислам әлемінің арасындағы сұхбаттастықтың жүзеге асырылуына өзіндік үлес қосқан мемлекет.

Қазақстан әлемнің жетекші елдерімен және әсіресе іргелес жатқан мемлекеттермен екі жақты және көп жақты форматтағы ынтымақтастық қатынастарын нығайту саясатына үлкен назар аударады. Еліміздің әлемнің барша мемлекеттерімен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күндегі дипломатиялық байланыстарды орнатқан шет мемлекеттер санының көптігімен дәлелденеді. Жиырма жылдан сәл-ақ астам уақыт аралығында Қазақстан Республикасы дүниежүзінің 138 мемлекетімен тең дәрежедегі дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатыпты. Әлемнің түрлі елдерінде 71-ге тарта қазақстандық елшіліктер мен консулдық өкілдіктер жұмыс істеп жатыр. Оның 49-ы елшілік, 19-ы консулдық мекемелер, 1-і елшіліктің бөлімшесі, 2-і халықаралық ұйымдардағы өкілдіктер болып табылады.

Шетелдермен белсенді ынтымақтастықтың нәтижесінде мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейде 3 мыңнан астам әртүрлі салалардағы халықаралық шарттарға қол қойылды. Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында Ресей, Орталық Азия елдері, Қытай, АҚШ, Еуропалық Одақ елдерімен саяси және экономикалық ықпалдастықты жан-жақты асыруға үлкен ниет білдіреді. Сонымен қатар Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен қарым-қатынастардың биік деңгейде болуын қалайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында әлемдегі интеграциялық үрдістерге қатысу басты басымдықтардың

қатарында. Қазақстан өз тарапынан ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕҚЫҰ, ЕурАзЭҚ, АӨСПК ұйымдарының шеңберіндегі интеграциялық бастамаларға толық қолдау береді. Мысалы, ҰҚШҰ негізінде өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесі қалыптастырылса, ал ШЫҰ шеңберінде өңірлік қауіпсіздікті нығайту мақсатындағы кең көлемді іс-шаралар жүргізілді. Ал алғашқы кезеңде ұсынылған Еуразия Одағы туралы идея осы заманғы көптеген көкейкесті саяси мәселелердегі ұстанымдарды жақындастыруға алып келгендігі анық. Қазақстанның бүгінгі халықаралық қатынастар жүйесінің белсенді қатысушысы болып табылатындығы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымына (ЕҚЫҰ), Ислам Ынтымақтастығы Ұйымында Сыртқы істер министрлерінің кеңесіндегі (ИЫҰ СІМК) және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымындағы төрағалығымен дәйектеледі.

2010 жылы Қазақстанның бұрынғы посткеңестік елдердің арасында алғашқылардың бірі болып ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануы ерекше оқиға айналды. Аталмыш халықаралық ұйымның жетекшілігі мен қолдау көрсетуінің арқасында Қазақстан Республикасы ұлтаралық және дінаралық қатынастар саласында үлкен жетістіктерге ие болуда. Әлемдік кеңістікте мемлекетіміздің ұлтаралық қатынас саясаты өнеге тұтарлық іс-шара ретінде белгіленді. Республикамыздың 130 этнос пен 40-тан астам конфессия өкілдерінің басын біріктіріп, ұлтаралық, дінаралық келісімді сақтауы әлемнің көптеген тәжірибелі елдері үшін үлгі тұтарлық жағдай. Қазақстанның тәжірибесі, яғни Қазақстан Халқы Ассамблеясы дүниежүзілік деңгейде, БҰҰ және ЕҚЫҰ тарапынан өте жоғары деңгейде бағаланды. Шынында да, біздің этносаяси, саяси, рухани және ұлттық саладағы жүргізілген реформалардың дұрыстығы, ұлтаралық келісімді сақтаудағы және оны дамытудағы тәжірибеміз еліміздің халықаралық беделін көтермелеуге зор үлесін қосты.

Ұлтаралық қатынас, дінаралық келісім саясатымен қатар Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі оның көпвекторлы сыртқы саясат бағытына, ядролық қарусыз ел ретіндегі мәртебесіне байланысты артуда. Қазақстан әлем мемлекеттері арасында бірінші болып Семей ядролық полигонын жауып, ядролық қарудан өз еркімен бас тартуды ұсынған мемлекет. Қазақстан стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту, ядролық қаруларды таратпау, ядролық сынақтарға тыйым салу туралы жалпыға бірдей келісім-шарттарға қол қойып бірікті. Қазақстан әлем мемлекеттерін ядролық қауіпті жоюға шақырып, атом қуатын тек қана бейбіт мақсаттарға, қуат көзі ретінде пайдалануға қатысты ұсыныстарын жасады. Ядролық

қарудан бас тартуымыздың арқасында әлемдік державалардың тарапынан мемлекетіміздің қауіпсіздігіне үлкен кепілдік ала білдік.

Еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты әлемнің барлық мемлекеттерімен достық, өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған. Қ.К. Тоқаевтың айтуы бойынша, көпвекторлық саясат қандай да бір серіктестердің сыртқы саясатына тәуелді болудан, аймақтағы жағдайдың шиеленісуінен, әлемдік нарық конъюктурасының құбылмалы болуынан сақтайтын бағыттардың бірі [3]. Іс жүзінде көпвекторлы саясат қоршаған сыртқы ортаның қолайлы болуына, әсіресе көрші орналасқан мемлекеттермен, ТМД елдерімен, сондай-ақ қазіргі әлемнің жетекші саяси және экономикалық орталықтарымен тұрақты және достық қарым-қатынастарды дамытуға жағдай туғызуға барынша мүмкіндік береді.

Жақында да ғана Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыртқы саясат концепциясының» мазмұнына сай Қазақстанның халықаралық қатынастардағы негізгі даму бағыттары анықталып, олардың қатарына төмендегілер жатқызылды:

- шет мемлекеттердегі мемлекетіміздің ұлттық мүдделерін қорғау;
- бітімгерлік бастамаларды ілгерлету;
- өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- тікелей шетелдік инвестицияларды тарту;
- халықаралық және екіжақты ынтымақтастықты нығайту;
- шетелдік әріптестерге Қазақстан туралы объективті ақпаратты жеткізу.

ҚР сыртқы саясатының басым бағыттары елдің ұлттық стратегиялық мүдделеріне сәйкестендірілген, бірақ әртүрлі экономикалық, саяси және басқа да тұрғыдағы факторлардың әсерінен халықаралық сахнадағы жағдайдың өзгеруіне тәуелді болып келеді. ҚР сыртқы саясатында еліміздің көрші мемлекеттерімен «екі жақты қарым-қатынастарды дамытуға» ерекше назар аударылады. Қазақстан Республикасында аккредитацияланған дипломатиялық корпусының басшыларымен кездесу барысында Елбасымыз Қазақстан Республикасының үлкен басымдылығы «Ресей Федерациясымен одақтастық қарым-қатынастарды нығайтуға», «ҚХР-мен стратегиялық байланыстарды тереңдетуге» берілетіндігін мәлімдеді [4].

Бүгінгі таңда Қазақстан-Ресей екі жақты қарым-қатынастарының жан-жақты және серпінді түрде дамып келе жатқандығы бар-

ша әлемге танымал. Қазақстан Ресей үшін ТМД бойынша негізгі әріптесі ғана болып қоймай, сонымен қатар Ресейдің қазіргі әлемдегі неғұрлым сенімді де әрі тұрақты одақтасы. Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты жетістіктерінің бірі өңірлік интеграцияда, сондай-ақ сауда-экономикалық әріптестікті кеңейту кеңістігінде жатыр. Екі мемлекет қарым-қатынастарының зор әлеуеті Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен дамудың берік негізіне айналуға. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары туралы сөз қозғай отырып, ҚР Сыртқы министрі Е. Қазыханов: «ҚР және РФ тандемі зор Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен дамудың берік факторына айналып отыр» деп баға береді [5]. Ресей Федерациясы мемлекетіміздің халықаралық сахнадағы беделін арттыруға әрі көпвекторлық саясатты жүргізуге тиімді мемлекет. Биылдың өзінде ғана екі мемлекет басшыларының 12 мәрте кездесу ұйымдастырылған. Сауда айналымының көлемі ай сайын артып, мәдени-рухани байланыстардың мазмұны тереңдей түсуде.

Соңғы кездері Қазақстанның Кедендік одақты құру арқылы Ресеймен интеграцияны күшейту саясаты үлкен жетістіктерге ие болып отыр. Көптеген кедендік кедергілерді жою экономиканы дамытуға, жаңа өндірістер мен салалардың пайда болуына сәйкестендірілген тауар мен қызмет түрлерінің артуына септігін тигізеді. Әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан, 2011 жылы екіжақты сауда айналымының көлемі 23,8 млрд. АҚШ долларына жетіп, 2010 жылмен салыстырғанда, 42,3 пайызға артты. Қазақстанның Ресейге экспорты 47,8 пайызға өсіп, 7,5 млрд. долларға жетті. Қазақстанның бүкіл сыртқы саудасының 20 пайызы тек қана Ресейге тиесілі [6].

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы ерекше геосаяси маңызға ие мемлекеттердің бірі – Қытай Халық Республикасы. Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары тарихта бұған дейін болмаған биік шыңына жетуде. Шығыстағы ұлы көршіміз Қытай әлемдегі үстем күштің біріне айналып отырғандығы ешбір күмән туғызбайды. Сондықтан таяу келешекте қарқынды дамыған көршіміздің Қазақстанның экономикалық бағдарламасы үшін рөлі арта түсетіндігі күмән туғызбайды. Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара татулық пен экономикалық-сауда әріптестік екі жаққа да тиімді қарым-қатынастар. Экономикалық өсуінің зор қарқыны Қытайдан ұдайы шикізат, мұнай-газ өнімдерін, құрылыс материалдарын іздеуді талап етеді. Осы орайда ресурстарға аса бай көрші мемлекеттер Ресей мен Қазақстан әрдайым Қытайдың ерекше назарында.

Алғашында Қазақстан–Қытай қарым-қатынастары сауда-экономикалық байланыстармен ғана шектеліп қойса, ал қазір бұл бағыттағы белсенділік ілгерлеуде. Екі жақты қарым-қатынастардың бүгінгі күн тәртібіне аймақ инфрақұрылымын жетілдіретін және энергетика мен өнеркәсіп саласын дамытатын ірі жобалар іске қосылып келеді. Қытай Халық Республикасы елімізді өзіне қажетті энергоқорларды тасымалдауға және оның Қиыр Шығысқа тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік беретін ыңғайлы мемлекет ретінде қарастырады. 2010 жылы Қытайға экспортталған Қазақстан тауарларының құны 17,5 млрд. долларды құраған. Ал, Қытайдан импорттайтын тауарлар 27,6 млрд. доллар болған. Қытай мұнай, уран өнімдеріне ерекше ден қоюда. Қазақстан оған стратегиялық шикізат сатуға мәжбүр. Ал, Қытай негізінен өндіріс тауарлары мен тұтыныс заттарын өткізуде. Қазақстанның тұтыныс нарығын Қытай өнімдері басып алған. Германия мен АҚШ-тан кейінгі инвестиция көлемі жағынан үшінші орында Қытай тұр. Қазақстанның Қытаймен жақсы экономикалық байланысы оның транзиттік қуаттылығын күшейтіп отыр. Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттерінен тартылатын газ қорлары біздің елдің аумағы арқылы Қытайға тасымалдануда. Қытай тауарлары Ресейге, Украина мен Беларуське Қазақстанның транзиттік дәлізі арқылы өтуде. Транзиттік тасымал пайдасы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолының іске қосылуымен тіптен арта түспек. Екі елдің қауіпсіздік мәселелері ШЫҰ, АӨСШК, БҰҰ шеңберінде үнемі талқыланып келеді. Екі ел арасындағы тауар айналымын 2020 жылы 40 млрд. долларға жеткізуді жоспарлауда.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының келесі басымдылықтарының бірі АҚШ-пен стратегиялық әріптестікті тереңдету болып табылады. АҚШ Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін ең алғашқы мемлекеттердің бірі ретінде мойындап, біздің мемлекетке қатысты өз ұстанымын ашық білдірген мемлекет. 1992 жылы мамырда ҚР мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың алғашқы негізі қаланып, екі мемлекет басшылары «жаңа сипаттағы қарым-қатынастардың» орнатылғандығын мәлімдеген [7]. Екі жақты қарым-қатынастардың басты тұстары 2006 жж. және 2010 жж. Қазақстан мен АҚШ арасында қол қойылған Біріккен мәлімдемелерінде көрініс тапқан. Жалпы, АҚШ әскери-саяси, сауда-экономикалық, қаржы-инвестициялық салалардағы ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің әлеуметтік-экономикалық даму тұстары бойынша сыртқы саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Қазақстан Орталық

Азия аймағындағы АҚШ-пен әріптестік деңгейіне көтерілген бірден-бір елге айналғандығының өзі сыртқы саясаттағы үлкен жетістігіміз. Барша әлемдегі экономикалық және саяси көшбасшы мемлекет АҚШ Қазақстан Республикасының Орталық Азия өңіріндегі әрі дүниежүзіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қорғау, ядролық қаруды таратпау мәселелерін шешуге, терроризм мен экстремизмге жол бермеу, энергетикалық балансты сақтау ісіне қосып отырған үлесін терең бағалайды. Қазақстан Республикасындағы жоғарғы технологиялық, инновациялық өндірістерді дамыту процесіне американдық компаниялардың қосқан үлесі де аз емес. АҚШ тарапы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Қазақстанға саяси-экономикалық дамуы тұрғысында өңірдегі жетекші ел ретінде үлкен үміт артады.

Қазақстан сыртқы саясатының Тұжырымдамасында барлық мүдделі елдермен ұзақ мерзімді перспективаға арналған өзара ықпалдастық пен ынтымақтастық бағыт-бағдары белгіленген. Соның ішінде Қазақстанның халықаралық ұйымдармен тиімді байланыстарына арнайы назар аударылды. Атап айтқанда, Қазақстанның бүгінгі халықаралық қатынастар жүйесінің белсенді қатысушысы болып табылатындығын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымына мүшелігімізді ауыз толтырып айтуға тұрарлық жағдай. Соңғы кезде әлемдегі саяси өмірге позитивті ықпал етіп отырған бұл ұйымның халықаралық қауымдастықтағы беделі орасан зор. ЕҚЫҰ еуропалық құрылым болғанымен, ол әлемдік проблемаларды шешуге белсене араласып келеді. Ұйым қауіпсіздік, оның ішінде қару-жараққа бақылау, сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары, қақтығыстан кейінгі реттеу, экономикалық және экологиялық қауіпсіздік, адам құқықтары, сайлауға бақылау сияқты кең ауқымды мәселелермен айналысады. Құрамына 56 мемлекетті біріктіріп отырған ұйым саяси даму мәселелерімен бірге мәдени құндылықтарды және еларалық дәстүрлерді де ықпалдастыруға мүдделі.

2010 жылы Қазақстанның бұрынғы пост кеңестік елдердің ішінде алғашқылардың бірі болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымына төрағалығымыз ұлтаралық және дінаралық қатынастар саласында қол жеткізген үлкен жетістігіміз болып табылады. М. Тәжиннің пікірі бойынша, «Қазақстанның төрағалық етуі арқасында ЕҚЫҰ батыстың Азияда болып жатқан үрдістер туралы хабардарлығын және оларға деген қызығушылығын арттыруға, осы аймақтың елдерімен анағұрлым

тығыз серіктестік қатынастар орнатуға және Ауғанстан шекарасында едәуір айқындықты қамтамасыз етуге керемет мүмкіндікті иемденді» [8]. ЕҚЫҰ-ға Қазақстанның төрағалығы «4 Т» ұраны: Trust, Traditions, Transparency, Tolerans, яғни сенім, дәстүрлер мен ашықтық және төзімділік қағида негізінде өткізілгендігі белгілі. Яғни, бұл Қазақстанның саясатындағы ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтау басты ұстыным болып табылатындығын білдірді. ЕҚЫҰ-ға төрағалық кезінде жинаған тәжірибеміздің негізінде ИЫҰ-ның СІМК төрағалығы Қазақстанның халықаралық мәселеде белсенді қатысушы болуын жетілдіре түсті.

2011 жылғы 28-30 маусымда Астанада өткен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші отырысы әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударған маңызды оқиға ретінде тіркелді. Аталмыш ұйым Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америкада, яғни Жер шарының бес-тен бір бөлігінде орналасқан 1,5 миллиардтан астам халқы бар 57 мемлекеттің ұйытқысы болып отыр. 1995 жылы ҚР Ислам Конференциясы Ұйымының толыққанды мүшелігіне өтуі еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлесін тигізді. Қазақстан ИЫҰ мүше елдерінің 42 мемлекетімен сауда-инвестициялық қатынасын экспорт-импорт, транспорт, туризм және қаржы саласы бойынша дамытуда. Қазір ИЫҰ-ның шеңберіндегі Қазақстанның араб елдерімен тығыз ынтымақтастығының нәтижесінде Алматы–Астана жолын салуға, Астанадағы Парламент Сенатының ғимараты, Салтанат сарайы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғимараты, Кардиологиялық орталық, «Нұр Астана» мешіті сияқты керемет кешендер салынуына қаржылай қорлардың бөлінгендігі белгілі [9].

ИЫҰ мүше-елдердің Астанадағы кездесуі барысында Ислам мен Батыс әлемнің арасындағы сұхбаттастықты кеңейту мәселелерінен бөлек, бірқатар ірі жобаларды іске қосу жөніндегі бастамалар жоспарға енгізілді. Жалпы, Қазақстанның ИЫҰ төрағалығы ауылшаруашылық өнімдерін ислам әлемі елдеріне шығаруды арттыруды, халал өнеркәсібін нығайтуға, ауылды жерлерде жұмыссыздықпен күресу мақсатында шаруашылық қожалықтарын, сондай-ақ исламдық банк жүйесін дамытуға мүмкіндік береді деп үміттенеді көптеген сарапшылар.

Жалпы, 2010-2011 жылдар егеменді Қазақстан Республикасының тарихи маңызды оқиғаларға толы кезеңі ретінде белгіленді. Қазақстанның 2010-2011 жылдардағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымындағы төрағалығын атап өтпей кетуге болмайды. 2011

жылғы Астанада өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысы елімізді біршама биікке жоғарлатты деп айтсақ болады. Астана саммитінің қорытындылары сыртқы саясаттың жаһандық және өңірлік мәселелерін шешудегі Қазақстанның рөлі мен орнын одан әрі жоғарлату ісіне үлкен үлесін қосты.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Қазақстанның ынтымақтастығы да ірі жетістіктермен сипатталуда. Негізгі күш-жігер Қазақстан Республикасының, Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден Одағын құруды аяқтауға шоғырланды. 2010 жылы ҚР-дың ЕурАзЭҚ-тағы төрағалығы барысында Бірыңғай кедендік тариф қолданысқа енгізіліп, Кеден Одағының Кеден кодексі күшіне енді. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап интеграцияның келесі кезеңі басталып, яғни Бірыңғай экономикалық кеңістікті іске қосу шаралары жүзеге асырылуда. Кезінде Елбасымыз: «Еуразияшылдық – бүкіл ХХІ ғасырдың басты бір идеясы. Еуразиялық идеяның Қазақстан бастамасы бойынша іске асырылған үш киті – бұлар ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Бұл біртұтас Еуразиялық идеяның үш түрлі іс жүзіндегі көрінісі» дей келіп, Еуразиялық идеяның біздің еліміздің сыртқы саясатында алатын орынын ерекше атап өткен еді.

Қорытып айтқанда, Қазақстан Республикасы кеңестік кезеңнен кейінгі дәуірде өзінің тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынастар жүйесінде толыққанды қатысушы бола алатындығын толығымен дәлелдеп шықты. Қазақстанның көпвекторлы саясаты түпкілікті жүйеге түсіп, елдің өсіп өркендеуі мен нығаю жолында жұмыс істеп жатыр. Өзінің геосаяси орны мен экономикалық әлеуетіне байланысты Қазақстанға дәл осындай саясатты жүргізу өте қажетті де. Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан Қазақстанды ірі еуразиялық мемлекет ретінде қарастырып, орталықазиялық өңірдің ғана мүмкіндіктерімен шектеп, тар ауқымды географиямен тұйықтау жөн болмайды. Мұндай ұстаным еліміздің әлеуеті мен ұлттық мүдделеріне кереғар келер еді. Қазақстан әлемдік және аймақтық істерге белсенді түрде араласып, өзінің халықаралық беделін арттыруға, қауіпсіздік, егемендікті құрмет тұту, аумақтық тұтастық принциптеріне негізделген төңірегіндегі тұрақтылық пен татукөршілік аймағын қалыптастыруға мүдделі. Ал сыртқы саясат саясат пен халықаралық дамудың үйлесімділігін қамтамасыз ете білу көпвекторлы бағыттың жемісті нәтижелері болып табылады. Қазақстанның сыртқы саясаты келешекте де көршілес елдермен

екіжақты қатынастарды нығайту ісімен геосаяси үйлесімділікте болатындығы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Стратегиясы. / Егемен Қазақстан. – 14 желтоқсан, 2012.
2. Бұл да сонда.
3. Выступление Министра иностранных дел К.К. Токаева на конференции «Стратегия Казахстан-2030 в действии», 11 октября 2005 г., Астана // <http://www.mfa.kz/>
4. По материалам ежегодной встречи Президента Н.А. Назарбаева с главами дипломатического корпуса, аккредитованного в Республике Казахстан. Аккорда, 10 декабря 2008 г. // <http://akorda.mfa.kz/>
5. Егемен Қазақстан. – 16 қараша, 2011.
6. Абдрахманов С. Тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған // Егемен Қазақстан. – 18 наурыз, 2012.
7. Становление внешней политики Казахстана / Под общ. ред. М.С. Ашимбаева. – Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, 2005. – 356 с.
8. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы / Жауап. ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 164 б.
9. Әліпбаева А.Р., Шакеева Б. Қазақстан Республикасының Ислам ынтымақтастығы ұйымы шеңберіндегі төрағалық қызметінің мәні мен жетістіктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы, 2011. № 6(56). – 21 б.

Мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың социомәдени аспектілері

Дамира СИҚЫМБАЕВА,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институтының ғылыми қызметкері

Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар қоғамдық жүйенің маңызды саласы ретінде қазіргі таңдағы жаһандану үрдістерінің аясындағы аса өзекті болып отыр. Бұл мәселе, әсіресе, Қазақстан қоғамында, посткеңістік мемлекеттерде, сонымен қатар, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында ғасырлық тәжірибелері бар еуропа мемлекеттерінде де жиі көтерілетін, қызу пікірталас тудыратын саяси мәселеге айналып отыр.

Кеңес Одағының ресми атеистік идеологияның аясында қалыптасқан мемлекеттерде, соның ішінде, Қазақстан Республикасының дінге, діни ұйымдарға тек біржақты теріс көзқарастан басқа мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеу саласында тәжірибесі болған емес. Алайда, соңғы 20 жыл ішіндегі күрделі ішкі қоғамдық-саяси өзгерістер мен әлемдегі діни жағдайдың үдерістері Қазақстан Республикасының діни ұйымдарға қатысты қарым-қатынасы мен саясатының өзгеруіне алып келді. Осы орайда, Қазақстан үшін мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың мазмұны мен бағытын анықтау діни жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінге байланысты келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында аса маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда, әлемдегі ұлттық мемлекеттердің басым көпшілігінің саяси үдерістерінде бірқатар батыстық, либеральді демократиялық стандарттарды қабылдау орын алып отыр, бұл тек саясатта ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық өмірдің басқа да салаларында көрініс тапты. Діни сенім бостандығы саласында аталмыш стандарттар

әмбебап болып табылып, соған сәйкес болмау демократиялық принциптерге қарсы, діни ұйымдардың негізгі құқықтарын бұзушылық деп есептелінеді. Сол себептен де, көптеген мемлекеттер дін саласындағы саясатын жүргізуде дамыған батыстық елдердегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастар модельдерінің концепцияларына жүгінеді, белгілі бір модельге бағыт алады. Аталмыш тәсілдеме қаншалықты дұрыс болып табылады? Оның өзге қоғамдық-мәдени шарттарда дамыған қоғамдық құрылымда орынды болуы қандай жағдайларға байланысты және оның нәтижелері қандай болмақ?

Адамзат тарихындағы және қазіргі таңдағы әлемдік елдердегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды қарастыратын болсақ, олардың белгілі бір мемлекеттің қоғамдық, тарихи, мәдени және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқанын көруге болады. Батыс Еуропа тарихында мемлекет және шіркеу арасындағы қарым-қатынастар бірізді емес, өте күрделі сипатқа ие. Сонымен қатар, Христиан дінінің үш ірі бағытының бар екенін ескерсек, Еуропа елдерінің өзінде шіркеу мен мемлекет арасындағы байланыстың аталған елдерге ортақ моделі жоқ. Зайырлылық принципін де еуропа елдері әр мемлекеттің ішкі тарихи-мәдени, және қоғамдық-саяси факторларға байланысты түрліше жүзеге асырады. Біріншіден, Христиандық негізгі үш бағыт – Католицизм, Православие және Протестантизм шіркеулерінің әрқайсысының өзіне тән саяси идеологиялары бар. Сонымен қатар, протестантизмдегі түрлі кішігірім бағыттарды алып қарастырсақ, өздері қалыптасқан қоғамдық-саяси ортаға байланысты өзіндік саяси көзқарасы мен сенім жүйесі қалыптасқан. Екіншіден, христиан шіркеулерінің сенім негізінде қалыптасқан құндылықтар жүйесі, өзіндік мораль бар, бұл өз кезегінде шіркеуге мемлекетпен қандай байланыста болу керек жөнінде нұсқау беріп, бағыттап отырады [1].

Дін мен саясат, дін мен мемлекет арасындағы қатынастар өте күрделі болып келеді және белгілі бір мемлекеттің тарихи-қоғамдық ерекшеліктеріне байланысты түрлі реттеушілік механизмдер қалыптасады. Бұл күрделі ерекшеліктер жүйесі қоғамның құрылысына, мемлекеттік билік жүйесіне, негізгі діннің құрылымы мен дүниетанымдық ерекшеліктері және оның қоғамдық салалармен тарихи қатынастарының ерекшеліктерінің нәтижесі болып табылады. Сол себептен де, мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеудің жалпыға ортақ әмбебап жүйесінің болуы мүмкін емес. Сонымен қатар, оларды реттейтін заңнамалық құжаттар да ішкі діни жағдай мен қоғамдық-мәдени шарттарға байланысты әртүрлі

болып келуі мүмкін. Көптеген батыс елдерінде, соның ішінде АҚШ-та, посткеңестік мемлекеттердегі тәрізді діни ұйымдардың қоғамдағы іс-әрекеттерін реттеу жөніндегі ұлттық заңнамалар жоқ. Мемлекеттік-шіркеу аралық немесе діни ұйымдардың қызметтері сол елдердегі тарихи-мәдени негіздер мен механизмдер арқылы қалыптасып, жүзеге асырылып отырады. Енді, осы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында қалыптасқан дәстүрлері бар Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесін қарастырып өтейік.

Еуропа елдерінің тәжірибесі зайырлылық принципі еуропа елдерінде әртүрлі деңгейде жүргізілетіндігін және мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастар модельдерінің алуандылығын көрсетіп отыр. Негізінен, адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенция да, Жоғарғы Сот та қазіргі таңдағы барлық қоғамдарға ортақ мемлекет және шіркеу аралық қатынастарды реттейтін ортақ модельді мәжбүрлемейді. Болгария өзінің конституциясында Православиелік шіркеуге Республикадағы дәстүрлі шіркеу деген статус береді.

Ал Грецияда Конституциясында Православие шіркеуі мемлекеттік дін деп бекітіледі. Ал, прозелетизмге тыйым салынған, яғни, Греция азаматтарын өзге дінге үгіттеу заңмен қудаланады [2].

Польша мәдениеті мен қоғамында Католик шіркеуінің маңызының зор, Католик шіркеуі поляк халқының ұлтты біріктіруші және ұлттық бірегейлікті сақтаушы рухани күш болып табылады. Польшаның тәуелсіздігін алғалы бері қоғамдағы діни сананың нығайғандығы мен негізінен, Католик сенімінің маңыздылығының артқандығы байқауға болады. Польша мемлекеті мен Ватикан арасындағы Конкордат келісімі Католик шіркеуіне көптеген артықшылықтар мен басымдықтар берумен қатар, мемлекеттік бюджеттен шіркеу қажеттіліктеріне зор қаржылық қолдау көрсетілетіні көзделген. Қазіргі таңның өзінде, мемлекет тарапынан Католик шіркеуінің қажеттілігіне жыл сайын 1 миллиард злот төленетіні анықталды [3].

Испаниядағы Католик шіркеуінің рөлі оның тарихи маңыздылығымен анықталады, Католик шіркеуі білім беру саласынан бастап қоғамдық өмірдің барлық маңызды салаларында ерекше орын алады. Сонымен қатар, Католик Шіркеуі барлық испандықтар үшін ресми моральдік құндылықтарды анықтау мен бақылауда монополияға ие. Жалпы, Испания мемлекетінің Конституциясы мемлекетті зайырлы деп анықтамай, конфессионалды емес деп анықтап, діннің қоғамдық өмірдегі қызметі мен ықпалына зор

мүмкіндіктер береді. Католик шіркеуінің қазіргі таңдағы қоғамдық салалардағы жағдайын қысқаша төмендегідей көрсетуге болады:

- мемлекет елдегі бүкіл Католиктік дін қызметкерлеріне жалақы төлейді;
- мемлекет қоғамдық және жеке меншік мектептердегі дін пәндерінің мұғалімдеріне жалақы төлейді, пән «дін» деп аталғанымен де, ол жерде тек католик ілімі ғана оқытылады. Дін пәнінің оқытушыларын Католик шіркеуі өздері қалыптастырған талаптары мен өлшемдеріне сай жұмысқа алып, жұмыстан босата алады;
- мемлекет «Конкордат» келісімі аясында көптеген Католик мектептерін қаржыландырады;
- мемлекет шіркеудің тарихи құрылыстарын қаржыландырады, бұл ұлттық тарихи мұраның маңызды бөлігі ретінде орынды болып табылады [4].

Италия Конституциясында мемлекет пен Католик шіркеуі тәуелсіз екендігі және әрқайсысының өз саласы бар екендігі және барлық деноминациялардың заң алдында тең екендігі жөнінде жазылған. Дегенмен, Католик шіркеуінің өзге діни ұйымдарда жоқ бірқатар артықшылықтары бар. Италиядағы мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастарды өзара келісімдер реттеп отырады. Католик шіркеуі мен мемлекет арасындағы бекітілген Конкордат келісімі, мемлекеттің өзге католиктік емес діни ұйымдармен бекіткен интес деп аталатын аналогиялық келісімдерден салыстырғанда беделді болып келеді. Интес келісіміне қол жеткізбеген діни ұйымдар да бар. Конкордат келісімі Католик шіркеуіне ерекше құзыреттілік береді, мәселен, Италиядағы мемлекеттік мектептер мемлекеттік қаржының негізінде католицизм ілімі бойынша дәрістер ұсынулары тиіс, ал жергілікті дін басылары аталмыш пәнді жүргізуге оқытушыларды тағайындайды. Интес келісімі бар католиктік емес діни ұйымдар мемлекеттік мектептерде өздерінің діни ілімдерін ата-аналарының келісімдері арқылы жүргізе алады, алайда, оқытушыларға берілетін жалақыны өздері төлеуге тиіс. Католик рәсімі бойынша қиылған некелер автоматты түрде азаматтық деңгейдегі неке болып табылады, ал өзге діни дәстүрлер арқылы бекітілген діндердің ондай құзыреті жоқ [5].

Германияда Христиандық қоғамдық мектептер білім беру саласы мен үрдісінің маңызды компоненті болып табылады. Алайда, АҚШ-та «христиандық» деген атаудың мектепке немесе қоғамдық ұйымдарға берілу мүмкін емес, ол өзге конфессиялар мен деноминациялардың құқықтарын шектеу және конституциялық

норманы бұзу деп қарастырылады. Ал Германияда, қоғамдағы бұл христиандық мектептер конституцияға қарсы емес, қайта Конституцияда бекітілген ата-аналардың өз сенімдеріне сәйкес балаларын діни мектептерде білім алу мен діни сенім бостандыққа құқықтарын жүзеге асыру деп есептелінеді.

АҚШ-та мемлекет пен дін және діни ұйымдар арасындағы қатаң бөліну принципі мемлекетке қоғамдық мектептерде діни құлшылық етуге немесе діни білім беруге тыйым салады. Германиядағы мемлекет пен шіркеудің «бөліну» принципі діни сенім бостандығын АҚШ-қа қарағанда кеңірек жүзеге асыру құқығы ретінде қарастырылады. Сондықтан да, Германия Федерациялық Республикасы елдегі басым келетін Христиандық дәстүрге қолдау көрсетіп, позитивті конституциялық құқыған жүзеге асыру ретінде құрметтеп, ата-аналар мен оқушылардың өз сенімдеріне сәйкес діни мектептерін құруға мүмкіндік жасайды.

Германия зерттеушісі Уинфрид Бругтердің пікірінше, Христиан дәстүрінің басым ықпалын құрметтеу және мойындау христианмен байланысы жоқ діни топтарды төмендетуді білдірмейді және дүниетанымдық қақтығысқа алып келмейді [6].

Жалпы, мемлекеттік діни саясаттарға концептуалды талдау жасау арқылы, олардың осал тұстары мен артықшылықтарын көруге болады. Сол арқылы, қазақстандық қоғам үшін ең тиімді тәжірибенің үлгісін қарастыруға болады. Осы тұрғыдан, қазіргі таңдағы қазақстандық қоғамдағы ислам дінінің басым дін болып келу себебіне орай, қазақ ұлтының мәдениеті мен тарихында ерекше орны мен әлемдік деңгейде орын алып отырған исламофобия құбылысының Қазақстандағы таралуының алдын алу мақсатымен бізге Германия тәжірибесін жақынырақ қарастыруға болады.

Жалпы, әлемдік діни және секуляризациялық үрдістердің ықпалы аясында Қазақстан үшін тиімді мемлекеттік-конфессиялық модельдің концепциясы қажет. Аталмыш модельдің қалыптасуы үшін кез-келген қоғамда белгілі бір мәдени, әлеуметтік, саяси және тарихи алғышарттардың жүйесі болады. Осы мәселені Қазақстанның ішкі қоғамдық-мәдени контекстіне сай етіп қарастыру қажет.

Қазіргі таңдағы отандық және ТМД аясындағы мемлекет және дін аралық қатынастарды зерттеу жұмыстары негізінен құқықтық, заңнамалық тұрғыдан қарастырылады. Сонымен қатар, діннің немесе діни ұйымдардың конституциялық мәртебесі мен мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастардың түрлі модельдерінің институционалды ерекшеліктері ғана қарастырылады. Ал осы

модельдердің негізгі ерекшеліктерінің қалыптасуының қоғамдық тарихи-мәдени еспектілері назардан тыс қалып отыр. Біздің пікірімізше, бұл өте маңызды мәселе, себебі жаһандық үдерістердің аясында өзекті болып отырған мәдениетаралық және өркениет аралық құндылықтар мен жүйелер сұхбатын терең зерттеп, оның ықтимал қайшылықтарының алдын алу Қазақстан қоғамындағы инновациялық және модернизациялық үрдіс барысында аса өзекті мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Changing state and church relations". Beatrice Leung, Shan-hing Chan. Hong Kong University Press. 2003. – P. 5-6.
2. Haldun Gülaip. Secularism in Europe, As Refracted through the Prism of the European Court of Human Rights: Comparative Analysis of State-Church Relations and the State Regulation of Religion. Report prepared for the JURISTRAS project funded by the European Commission, DG Research, Priority 7, Citizens and Governance in a Knowledge Based Society. – P. 5.
3. Anka Grzywacz. Religion and Politics in an Emerging Power. Religion and Politics in the New Europe. Washington D.C. – P. 23.
4. Miguel Martinez. Religion and Politics in an Emerging Power. Religion and Politics in the New Europe. Washington D.C. – P. 24-25.
5. Mark L. Movsesian. Crosses and Culture: State-Sponsored Religious Displays in the US and Europe. Oxford Journal of Law and Religion. Volume 1. №2 (2012). – P. 358.
6. Winfried Brugger. On the Relationship between Structural Norms and Constitutional Rights in Church-State-Relations. Religion in the Public Sphere: Comparative Analyses of Germany, Israeli and American and International Law. Heidelberg 2007. – P. 61.

Интеллектуалды инвестиция – қазақстан қоғамын өркендетудің негізі

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
саяси ғылымдарының докторы

Интеллектуалды ұлт құру – еліміздің интеллектуалды әлеуетінің артуының кепілі. Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық-инновациялық дамуының кілті еліміздің рухани түлеуі мен жаңғырылуында.

Интеллектуалдық қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда аталып отырған мәселелер бізге жаңаша міндеттер жүктеуде. Қазақстанға ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды құбылыс қажеттігі осыдан үш жыл билік тарапынан бұрын атала бастады, және ол аяқсыз қалмастан мемлекеттік саясаттың басты векторына айналады деген үміт бар. Сондықтан да жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарға негізделген руханиятты қоғам құру әрбіріміздің міндетіміз.

Интеллектуалдық қоғам қалыптасуының басты ядросы – адам капиталы. Ұлттың интеллектуалдық капиталы мен халықтың менталдық капиталының дамуы еліміздегі азаматтардың аталған мәселелерге жаңа көзқараста «қоғамдық санасының» қалыптасуын күн тәртібіне қойды.

Қазақстандағы интеллектуалдық қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды сақтау, дәріптеу дәстүрге айналуы тиіс.

Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде адам капиталын дамыту басты орында тұруы заңды. Адам – қоғамның басты жемісі.

Елімізде «интеллектуалды азамат» қалыптасуы жолында олардың қоғамдық санасына ықпал етерлік гуманитарлық технологиялардың кешенді зерттелуі, нәтижелері стратегиялық мақсатта орындалуы тиіс. Қазақстандағы ғылым жаңа технологияның дамуына, атап айтқанда, қоғамның ізгілікті-рухани құндылықтары қалыптасуына негіз боларлық жаңа сала – гуманитарлық технологиялар саласының дамуы қордаланған мәселердің жауабы деп қарастырған жөн.

Жаһандық талаптарға сай әлеуметтік-гуманитарлық, қоғамдық-саяси ғылымдардың шоғырлануы нәтижесінде гуманитарлық ғылым мен білімнің осы бағытта дамуы бүгінгі адамзаттың өркениетті құндылықтарды сақтауға, ізгілікті қоғам құруға деген ұмтылысынан.

Интеллектуалды қоғам қалыптастыру еліміздегі білім мен ғылым дамуына бағытталған «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының» әлеуметтік-экономикалық тиімділіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың, «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасының білім беру мен ғылыми әлеуетті арттыруға бағытталған кешенді жобасының орындалуына қажетті гуманитарлық ілім мен құндылықтарға негізделген әдістерді зерттеумен, орындалу құралдарын әзірлеу мен коммуникациялық стратегияларды ұсынумен айқындалып отыр.

Әлемдік экономикалық, саяси-әлеуметтік үдерістердің жылдам дамуы кезеңінде қазақстандық қоғамның рухани құндылықтары мен идеологиялық ұстанымдарын айқындау, өркениеттілік қағидаларына бағыттау өзекті мәселе. Елімізде ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруа бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн тәртібіне қойып отырғанының дәлелі. «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасының басты мақсаты елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру.

Ұлттың интеллектуалды әлеуетін ғылыми әдебиеттерде:

«Қоғамның барлық саласында жинақталған ғылыми, кәсіби, мәдени ақпарат, мамандардың білімі мен біліктілігі, әр азаматтың интеллектуалдық, моральдық және мәдени дамуы және олардың жағымды психикалық, моральдық ерекшеліктері, олардың әлеуметтік-жағымды дәстүрлері, дағдылары, әлеуметтік-жағымды халықтық дәстүрлер, кәсіби дағдылар, білімдарлық, тәрбиелік, отансүйгіштік, азаматтық белсенділік, батылдық, адалдық, әлеуметтік топтарға ұйымдаса білу. Аталған қасиеттердің бәрі ұлттың игілігі әрі байлығы», – деп анықтама беріледі [1].

Қазақстан қоғамында ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыру мәселесі жоғарыда аталған факторлармен етене жақын. Өйткені

көпұлтты да көпдінді елде, егемендігі мен мемлекеттігі қатар қалыптасып отырған Қазақстанда әлемнің алпауыт та алып елдерінің көшіне ілесуде де интеллектуалды ұлт қалыптастыру, интеллектуалды әлеуетті арттыру – стратегиялық міндеттердің қатарында.

Елбасы Н. Назарбаев 2009 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың үш аспектісін атап өткен болатын.

«Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту.

Бізге ұлттық интеллектінің дінін құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы адамдар керек», – дейді Елбасы [2].

Президент ұсынған Жоба негізінде үш аспекті бар. Біріншісі, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпіліс.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру. Ғылым инновациялық экономиканың негізі болуы тиіс.

Жобаның үшінші аспектісі – елімізде инновация жүйесін дамыту.

Жобада аталған білім беру мәселесі – интеллектуалды ұлтқа барудың, өсудің алғашқы да іргелі баспалдағы. Елімізде Елбасы негізін қалап берген интеллектуалдық құндылықтар мен білім беруге бағытталған реформалар бұл бағыттағы әлеуетті серпінді шаралардың бастамасы болып отыр.

Интеллектуалды ұлт қалыптастырудың екінші аспектісі ретінде ғылымды дамыту, ғылыми зерттеулерге жаңа серпін беру. Бұл бағытта мемлекеттік қолдауға ие болған жобалардың қатарында ұлттық зертханалардың құрылуы, қаржыландыру көлемінің ұлғаюы – дәдел.

Қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасының мәні осындай. Мұнсыз біз Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыра алмаймыз.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының үшінші аспектісі – бұл инновация жүйесін дамыту. Елімізде инновациялық даму бағытындағы мемлекеттік шаралардың қатарында инновациялық-индустриалдық даму бағдарламасын атауға болады. Аймақтар мен ірі өндіріс кешендеріндегі жаңа нысандардың пайда болуы, олардың экономикалық секторға жаңа қарқын беруі аталған Жобаның іске асуының айғағы.

Қазақстанда қоғамдық-саяси ғылымдар саласында интеллектуалды ұлт қалыптастыруды кешенді зерттеуге арналған алғашқы жобалардың бірі – «Интеллектуалды ұлттан – интеллектуалды әлеуетке: бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу».

«Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасы аясындағы кешенді бағдарламалардың жүзеге асуын, таяу болашағын айқындау мақсатында жүргізілген жұмыстар бұл бағытта алғашқы зерттеулерден саналады.

Постиндустриалды қоғамда адам капиталының дамуы басты орында тұрғаны рас. Бұл жайында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқыған дәрісінде адам капиталының сапасы артуына талаптың күшеюі әлемдік посткризистік дамудың бесінші тренді ретінде атап өткені дәлел.

Қазақстан жағдайында адам капиталы сапасының артуы болашаққа интеллектуалды серпіліс жасаудың алғышарттарына қадам басу қажеттігін айқындайды. Бұл орайда, елімізде Елбасының бастамасымен «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық кешенді бағдарламасының қабылдануын ерекше атаған дұрыс. Қазақстанда еліміздегі ұлт әлеуетін оятуда, дамытуда интеллектуалды революция қажеттігі баса айтылған тарихи құжат интеллектуалды ұлт қалыптасуының іргетасы саналады. Бұл орайда, қазақстандықтардың саяси-мәдени білімінің, интеллектуалды өресінің, туған елге деген сүйіспеншілігінің артуы интеллектуалды ұлт қалыптасуына негіз болмақ.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлт, ел болуында адам капиталы сапасының артуы ұлттық интеллектуалды белсенуі, шоғырлануынан бастау алмақ. Қазақстанның интеллектуалды әлеуетінің артуында, интеллектуалды ұлт қалыптасуында ақпараттық-коммуникативтік процестерді талдау, таяу болашағын айқындау, тиімді жүзеге асыру механизмі ретінде бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу қажеттігі күн тәртібіне қойылды.

Ұлттық деңгейде аталмыш салада кешенді зерттеулердің жүргізілуі Қазақстанда интеллектуалды ұлт қалыптасуына негіз, бұқаралық ойдың дамуына ықпал етері кәміл. Интеллектуалды әлеуетті арттырудың тиімді механизмдері қарастырылған сараптамалық, ақпараттық, факторлық талдаулар келесі бөлімде қарастырылады, және де бұл бағыттағы зерттеулердің қоғамның рухани-танымдық, ағартушылық тұрғысында дамуына ықпалы ерен.

Қазақстанда интеллектуалды ұлт қалыптасуының тарихи кезеңдері, ақпараттық, сараптамалық, талдамалық негізде зерттеліп, жүйеленіп, бұқараға тиімді ықпал етудің ақпараттық-коммуникативтік технологиялары әзірленуін елдің интеллектуалды әлеуеті артуының кепілі ретінде қарастыру қажет.

Ұлттың интеллектуалды капиталы қалыптасуының ғылыми, әлеуметтік, мәдени, интеллектуалды, моральдық, танымдық негіздерін зерттеу, талдау нәтижелері, сондай-ақ елімізде интеллектуалды ұлт қалыптасуына бағытталған Ұлттық жобаның жүзеге асуына бағытталған бұқараға тиімді ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологиялары келесі тарауда сөз болады.

Халықтың интеллектуалды-менталды капиталы қалыптасуында ғылыми жетістіктер мен мәдени-рухани құндылықтар, ұлтжандылық, отансүйгіштік сананы айқындайтын факторлар айқындалып, елдік жағымды имидж қалыптастырудың коммуникативтік стратегиясы әзірленеді; интеллектуалды ұлт қалыптасуының моральдық, мәдени, интеллектуалды талаптары ақпараттық-насихаттық тұрғыда қолдау табады, мәдени ақпараттық орта қалыптастырудың тиімді механизмдері айқындалады.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасының даярлық (2008-2009 жж.), реформалық (2010-2011 жж.) кезеңдері орындалуында ақпараттық-коммуникативтік процестер ғылыми талданып, қорытындыланып, сондай-ақ жобаның таяу болашақтағы имплементация (2012-2013 жж.), мониторинг (2014-2014 жж.), кеңею (2018-2020 жж.) кезеңдерінің жүзеге асуының ақпараттық мәдениет, ақпараттық теңдік, ақпараттық пәрменділік, коммуникативтік үндеудің жүйелілігі, ықпалдылығы, нәтижелілігі айқындалды.

Еліміздің интеллектуалды әлеуетінің артуына негіз боларлық ғылыми тұжырымдар әзірлеуде; интеллектуалды ұлт қалыптасуында ақпараттық-коммуникативтік процестерді зерттеуде; ақпараттық қоғам жағдайында, бәсекеге қабілетті ел ретінде, модернизациялық өзгерістер кезеңінде Қазақстандағы интеллектуалды әлеуеттің артуын нығайтуда; ұлттың интеллектуалды әлеуеті – ғылым приоритеті ретінде негізделген ғылыми саясатты тиімді жүзеге асыруда; интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасу, дамудың маңызы мен қажеттігін айқындайтын ақпараттық саясатты БАҚ арқылы насихаттауда; қазақстандықтардың интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасудың маңыздылығын, қажеттігін тұлғалық санадан бұқаралық санаға дейін артуына ықпал етерлік ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың қолданылуында; интеллекту-

алды ұлт қалыптасуының таяу болашағын айқындау факторларын атап өтуге болады.

Ұлттың интеллектуалдық капиталы қалыптасуының ғылыми, әлеуметтік, мәдени, интеллектуалдық, моральдық, танымдық негіздерін зерттеу, талдау мақсатында жинақталған мәліметтер базасы бойынша жүйелік, салыстырмалы сараптаулар жүргізу, сондай-ақ халықтың интеллектуалды-менталдық капиталы қалыптасуында ғылыми жетістіктер мен мәдени-рухани құндылықтарды, ұлтжандылық, отансүйгіштік сананы айқындайтын факторларды анықтау мақсатында қазақстандық БАҚ материалдарына саяси-дискурстық, контент-талдаулар жүргізілді.

Тіркеу категориялары тек қана мағыналық жүктемені білдіретінін ескеру қажет. Сондықтан оларды мағыналық категориялар деп өте жиі атайды, яғни, бұл категориялардың астарында белгілі мағыналар бар деуге болады. Басқаша айтқанда, бұл мағыналардың астарынан мәтінде айтылатын қандай да бір нысанды немесе осы нысанға қатысты қандай да бір қасиетті байқай білу керек. Кей жағдайларда бұл нысан бір сөздің көмегімен, ал келесі жағдайларда – бірнеше сөздердің бірігуі аясында, яғни нақты тұжырымдар арқылы сипатталады.

Құжат мазмұнында тек бір ғана мағыналық элемент түрлі сөздік формада айтылуы мүмкін болғандықтан, мәтіндегі осынау ой білдірудің барлық мағыналық категориялары болуы мүмкін формаларын іздестіру керек.

Біздің зерттеуімізде, аталған мағыналық жүктемелер «интеллектуалды ұлт», «интеллектуалды әлеует» ұғымдарының БАҚ (қандай БАҚ-та) материалдарында қаншалықты жиі жарияланатыны, оның ақпараттық-коммуникативтік ықпалы мен бұқаралық / қоғамдық пікір қалыптастыру факторлары айқындалды.

Сондықтан зерттеудің екінші кезеңінде таңдалып алынған категориялардың индикаторлары іздестіріледі. Бұлар аталған мағыналық категорияны бейнелеуші элементтерден тұрады. Мәселен, «интеллектуалды ұлт» мағыналық категориясы «ұлттық интеллект», «эрудициялы адамдар», «білім беру», «білім алу», «серпіліс», «терең ақыл», «ғылым», «интеллектуалды элита» сияқты сөздермен немесе «отанға деген махаббат», «Қазақстанның дамуы», «елдің өркендеуі» сияқты сөз тіркестерімен сипатталуы мүмкін, сол үшін де бұл сөздер мен тіркестер индикатор саналады. Зерттеудің қорытынды кезеңінде ерекшеленген индикаторларды есепке ала отырып, тіркеуге алынған категориялардың пайдалану жиілігі санала бастайды.

Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Бағдарламалық мақаласында таяу болашақтың міндеттері ретінде атап көрсеткен әлеуметтік жаңғыртылудың жаһандық трендтері, әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарының тиімді моделін қалыптастыру, қазақстандық өмір сапасы стандарты, әлеуметтік үдерістерді тиімді басқару мәселелеріне тақырыптық мониторинг жүргізілді.

Гуманитарлық құндылықтарға негізделген интеллектуалды әлеуетті арттыруға бағытталған іргелі және қолданбалы зерттеулердің отандық және шетелдік тәжірибесі көрсеткендей, мынадай міндеттер басымдықта болып отыр:

- интеллектуалды қоғам дамуының ерекшеліктері мен даму үрдістерін айқындау;
- интеллектуалды қоғамға модернизаиялну үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік әрекеттердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау;
- қазақстандық қоғамның отансүйгіштік санасы қалыптасуында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін айқындау;
- «Интеллектуалды ұлт – 2020» Мемлекеттік жобасын жүзеге асыру механизмдерін жетілдіруге бағытталған кепілдемелер әзірлеу.

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру бағытындағы зерттеулерін инновациялық және бәсекеге қабілеттілігі елімізде адам капиталы дамуының негізі ретінде танылуымен; Қазақстандағы «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасының тиімді жүзеге асуының кепілі ретінде бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал етудің инновациялық технологиялардың әзірленуімен; еліміздің индустриалды-инновациялық дамудың басты приоритеті ретінде танылған интеллектуалды ұлт қалыптасуы басты тренд ретінде айқындалуымен; еліміздің әлеуетінің тың арнада, жаңа бағытта жүзеге асуын болжайтын ақпараттық саясаттың әзірленуімен; Қазақстандағы интеллектуалды ұлт қалыптасуы процесінде, тиімді жүзеге асыру кезеңінде олқы тұстары мен приоритетті бағыттарын белгілейтін кепілдемелерге негізделген қолданбалы зерттеулермен айқындалады.

Қазақстанда адам капиталы стратегиялық ресурс болып табылады. Азаматтардың интеллектуалды капиталы қалыптасуының базалық қондырығысы – білім мен ғылым. Интеллектісі жоғары азамат заманауи инфрақұрылымды дамыта, тиімді мемлекеттік аппаратты құра, қолайлы бизнес климатты қамтамасыз ете алады.

Сондықтан елімізде саяси ерік пен қоғамдық санасы қалыптасқан әлеуметтік тұлғаны жетілдіруге бағытталған «Елдің интеллектуалды әлеуеті» мемлекеттік бағдарламасы аясында ғылыми зерттеулердің жүргізілуі – болашаққа салынған интеллектуалды капитал деп қарастырған жөн.

Интеллектуалды қоғам құрудың іргетасы ретінде екі факторды атап өту қажет. Ол білім мен ғылым. Білім мен ғылымды дамыту, өркендету – білім қоғамының басты міндеттері.

Бүгінде ақпараттық қоғам «білім қоғамы» деп аталуда. Ақпараттық революцияның ізін ала ақпараттық қоғамның дүниеге келуі, оның келесі кезеңі – білім қоғамының жаңа қарқында дамуы тек әлемдік және ұлттық экономиканы емес, сондай-ақ адамдар өмірін түбегейлі өзгертті. Адамдардың өмірлік құндылықтарын өзгертті. Сонымен қатар «білім қоғамы» халықаралық ұйымдар, ғылыми және ағарту қауымдастығы, іскери орта мен білімді адамдардың ортасын өзгертті.

Жаңа экономикалық және қоғамдық ұғымдар, түсініктер мен ғылыми қондырғыларды айқындау үшін ақпараттық қоғам мен білім қоғамы проблемаларына арналған Жаһандық саммиттер өтіп тұрады. Солардың қатарында Женева және Тунис саммиттерін атауға болады.

Бұл саммиттерді өткізер алдын бірнеше даярлық конференцияларын өткізу дәстүрге айналып отыр. Мәселен, ЮНЕСКО конференциялары Майнц (2002), Париж (2003) қалаларында, ЮНИДО конференциясы Будапешт (2003) және т.б. қалаларда өтіп отырды.

Адамзаттың даму тарихында білім қоғамы эволюциясының сапалы түрде ерекшеленетін бірнеше кезеңдерін байқауға болады. Оның ерекшеленетін ең басты кезеңдеріне аграрлық алды және аграрлық қоғам. Бұл кезеңдер бірнеше ондаған ғасырларға ұласты. Бұл дәуір адамзаттың ауылшаруашалығы саласына қажет алғашқы технологияларды ойластырған, өндіріске енгізген кезі еді.

Адамзаттың алғашқы бу машинасын ойлап табуы, механикалық көлік түрлерін шығаруы, электр қуатының ашылуы индустриалдық қоғамға апараған жаңалықтар болды. Бұл дәуір екі жүз жылдан астам уақытты қамтыды. Техникалық революция жылдары энергияның жаңа түрлерін игерумен, бағдарламалық материалдарды әзірлеумен, қарқыны жылдам көліктерді жасаумен, ғарышқа сапар шегумен ерекшеленді. Дегенмен индустриалдық қоғамды дағдарыс оты шарппи бастаған болатын.

Оның басты себебі де аса қуатты техника мен технологияның дамуы жердегі энергиялық және табиғи қауат көздеріне тәуелділігі

болатын. Сондай-ақ бұл қорлардың сарқылу қаупі де дағдарыс дабырын одан әрі ұлғайта түсті.

XX ғасырдың соңында адамзат табиғи отын мен пайдалы қазбалардың, экологиялық қорлардың шектеулі екендігін түйсіне бастады. Сондықтан тағы да бірнеше онжылдық көлемінде даму қарқынының осылайша жалғасуы дағдарысқа әкелуі мүмкін. Жаһандық білім мен ғылыми жетістіктерге мұқтаж әлем дамуының жаңа жолын іздестіру қажеттігі туды. Енді адам дамуының жаңа – келесі кезеңі өмірге келді. Ол ақпарат қоғамының пайда болуымен қатар келген, оның жетілген түрі – білім қоғамы еді. Дегенмен бұл кезең өткен ғасырдың ортасында бастау алғаны белгілі. Ол алғашқы компьютердің пайда болуы еді. Ал компьютер дәуірі қарқынмен дамыса да жаһандық ақпараттық желі, телекоммуникация құралдары мен Интернет пайда болғанша ол білім қоғамы бола алмады.

Білім мен ақпарат қоғамының басты ерекшеліктері неде?

Адамзат XV-ғасырда кітап басып шығару өнерін игерді. Бұл білімді сақтау, тарату мен оны беру саласындағы самғау еді. Алты ғасыр бойына телефон байланысы, радио және телевизия пайда болса да қол жеткен табыстар деңгейі сол қалпында қалды. Замануи ақпараттық революция мынадай факторлармен айқындалады:

- ақпарат өңдеудің сандық құралдарының пайда болуы; элеткрониканың қарқынды дамуы;
- адамның ғарышты игеруі, байланыстың спутниктік құралдары пайда болуы;
- ақпараттық желілік технология мен Интернеттің дүниеге келуі.

Бұл адам баласының жердің кез-келген түкпіріне өте аз шығынмен, аса қарқынды жылдамдықпен өте ауқымды ақпаратты жинақтауға, беруге мүмкіндік берді. Мәселен, секундына 45 Гбит ақпаратты бір шақырым желіде тасымалдау құны 0,01 цент. Осыдан 15 жыл бұрын бұл 10 мың есе қымбатқа түсетін еді. Дәл бүгінде мәліметтер жеткізу жылдамдығының өлшемі секундына 186 гигабитті құрап отыр. Мұндай жылдамдық күніне 100 мың Blu-ray дискілік ақпаратты тасымалдай алады. Ақпарат құндылығы оның жылдамдығымен өлшенетін дәуірде технологиялық құндылықтар басым түсетіні анық.

ЮНИДО саммиті мәліметтері бойынша, жыл сайын әлемде ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың дамуы соңғы он жылда орта есеппен 6-8%-ға, Қытай, Вьетнам, Польша сияқты елдерде 25-27%-ға артып отыр. Әлемнің түрлі аймақтарындағы нарықтың үлесі әр қалай болуы сол аймақтардағы экономикалық

дамуға тікелей қатысты. Ол мынадай: АҚШ әлемдік нарықты 34%, Еуропа – 29%, Жапония – 12%, әлемнің қалған елдері – 25%.

Білім – қоғамдық дамудың маңызды факторына айналды. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымдарына енетін елдер, дамыған елдер экономиканың ұзақ мерзімді дамуының негізі ақпараттық қоғам жағдайында жаһандық білім базасын қолдау мен кеңейтуге бағыттады.

Бүгінде бұл мемлекеттер білімге негізделген экономиканы дамытуда, жаңа бағыттар мен қызметтерді қамтитын, жаңа білімді пайдаланатын миллиондаған жұмыс орындарын ашуда.

Бүкіләлемдік даму банкінің мәліметтері бойынша, осы ұйымға енетін елдерде соңғы он бес жыл көлемінде білімге негізделген қызмет 3%-ға артқан. Бұл 2,3%-дан артпай келген экономика дамуының үлесін арттырып, басты көрсеткіш болып отыр. Бұл көрсеткіштер Германияда 51%-дан 60%-ға, Ұлыбританияда 45%-дан 51%-ға, Финляндияда 34%-дан 42%-ға артып отыр.

Жаһандану үдерісі осынау үрдістер қарқынын арттырып отыр. Ұлттық экономиканың басымдықтары енді табиғи қорлар мен жұмыс күшімен емес жыл санап бәсекеге қабілеттігі артып отырған білім мен ғылыми инновациялармен өлшенеді.

Қоғамдағы прогресс бүгінде, ең алдымен, білімді алу, жинау үдерісімен айқындалады. Жоғарыда аталған ұйым елдерінде материалдық емес активтерге капитал салымының көлемі, атап айтқанда кәсіби мамандар даярлау, ғылыми зерттеулер, патенттік және лицензиялық қолдау, есептеу жүйелеріне арналған бағдарламалармен қамту, маркетинг саласы негізгі қорларға капитал салымына тең, кейде асып түсіп жатады.

Өкініштісі, дамушы елдер мен өтпелі экономика кезеңіндегі елдер қатарында әлі де болса ТМД елдері қалып отыр. Бұл елдер ақпараттық қоғамның барлық артықшылықтары мен әлеуетін пайдалана алмауда.

Білімді шоғырландыру мен пайдалануда, ғылым мен білім беру ісін инвестициялауда әлемнің түрлі елдеріндегі тұрақты даму мен өмір сүру деңгейі арасында айырмашылықтар көп. Бүкіләлемдік даму банкінің мәліметтері бойынша, әлемдік ғылымды инвестициялаудың 85%-ы осы ұйым елдерінің еншісінде. Ал 11%-ы Үндістан, Қытай және де Шығыс Азияның өнеркәсіпті дамыған елдерінің, қалған 4%-ы басқа дамушы елдердің үлесінде.

Сондықтан экономикасы озық елдер ғылыми зерттеулер мен сапалы мамандар даярлау ғылым мен білім беру саласын одан әрі дамытып, жаңа байлық көзіне айналдыратын қауымға айналуда.

Бұл орайда әлемде ақпараттық теңсіздік мәселесі де елеулі орында. Білім мен ақпаратты өндіруші күш ретінде пайдалануда дамыған елдер мен аса ірі трансұлттық корпорациялар бүкіл әлемде, жеке-леген елдерде, солардың арасында табыс көздерінің теңсіздігі арта түсуде. Мәселен, өткен ғасырда соңында ең бай және ең кедей елдер арасындағы табыс айырмашылығы 44:1-ге тең болса, қазір 72:1-ге жетті.

Сондықтан экономикасы озық елдер ғылыми зерттеулер мен сапалы мамандар даярлау ғылым мен білім беру саласын одан әрі дамытып, жаңа байлық көзіне айналдыратын қауымға айналуда.

Қазақстан Президенті Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзін «Қазақстан білім қоғамы жолында» деп атады. Елбасы атап отырған білім қоғамы адамзатқа үлкен жауапкершілік жүктегені рас.

Дамушы елдердің қатарынан оқ бойы озып келе жатқан Қазақстан жағдайында білім қоғамының басты құндылықтарын мемлекеттік саясаттың басты векторы ретінде қарастырылуы – үлкен қадам, оң шешім.

Елбасы сөйлеген сөзінде: «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз», – деп еліміздің даму жолын бағдарлайды [3].

Шын мәнінде, ақпараттық төңкерістің ізін ала ақпараттық қоғамның дүниеге келуі, оның келесі кезеңі – білім қоғамының жаңа қарқында дамуы тек әлемдік және ұлттық экономиканы емес, сондай-ақ адамдар өмірін түбегейлі өзгертті. Адамдардың өмірлік құндылықтарын өзгертті. Сонымен қатар «білім қоғамы» халықаралық ұйымдар, ғылыми және ағарту қауымдастығы, іскери орта мен білімді адамдардың ортасын өзгертті.

Қазақстанда білім қоғамы жолында академиялық ортаның қосар үлесі ерекше. Елімізде академиялық білім берудің озық дәстүрі қалыптасты. Жаңашылдық пен жаңалыққа ұмтылған университеттік ізденістердің, зерттеулердің білім қоғамына апаратын көпір деп санауға болады.

Жоғары оқу орындарының көшбасшысы саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлем университеттерінің SQ рейтингісінде лайықты орынға иеленуі білім қоғамының елімізде нығаюына, нық қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымдарына енетін елдерге енетін дамыған елдер экономиканың ұзақ мерзімді дамуының негізі ақпараттық қоғам жағдайында жаһандық білім базасын қолдау

мен кеңейтуге бағытталды. Жаһандану осы үрдістер қарқынын арттырып отыр. Ұлттық экономиканың басымдықтары енді табиғи қорлар мен жұмыс күшімен емес жыл санап бәсекеге қабілеттігі артып отырған білім мен ғылыми инновациялармен өлшенеді.

Ойымызға дәлел: «Инновациялар негізіндегі индустрияландыру біздің қоғамымыздың жаңа құнды бағдарына айналды. Қоғамдағы прогресс бүгінде, ең алдымен, білімді алу, жинау үдерісімен айқындалады», – дейді Елбасы жастарға арналған дәрісінде.

Білімді шоғырландыру мен пайдалануда, ғылым мен білім беру ісін инвестициялауда әлемнің түрлі елдеріндегі тұрақты даму мен өмір сүру деңгейі арасында айырмашылықтар көп.

Сондықтан экономикасы озық елдер ғылыми зерттеулер мен сапалы мамандар даярлау, ғылым мен білім беру саласын одан әрі дамытып, жаңа байлық көзіне айналдыратын қауымға айналуға.

Қазақстанның алдына қойған стратегиялық мақсаттарының бірі де бірегейі осы білім мен ғылым саласын дамыту. Қордаланған мәселенің түйінді жауаптарын Елбасының жастарға, болашақтың тұтқасын ұстайтын жас буын өкілдеріне арнаған дәрісіндегі міндеттерден табуға болады және оларды орындау – бізге сын.

Интеллектуалды құндылық ретінде білім мен ғылым дамуына басымдық берілуі оның мәдени мәні мен мазмұнын байыта түседі. Ақпарат пен білім қоғамында мәдени құндылықтар жаңа сипатқа ие болды. Мәдени кеңістік жыл санап әлем елдерінің шекарасын, дәстүрін, тарихын, саясатын, экономикасын өзгертті. Мәдени құндылықтардың шекарадан өтіп, жалпыадамзаттық игілікке айналғаны жаңа ғасырдың – ақпарат ғасырының жемісі ретінде қарастыру керек.

Ғылыми әдебиеттерде мәдени кеңістік диалогиялық тұрғыдан қарастырылады. Яғни, мәдени кеңістік түрлі мәдениеттердің бірлесе өмір сүруі емес, сондай-ақ олардың диалогиялық әрекеттесу мүмкіндіктері қарастырылады.

Мәселен, ресейлік ғалым В. Назаров Ресейдің мәдени кеңістігі қалыптасуына моңғолдардың ықпалы болғанын айтады. Еуразиялық мәдени кеңістікке енетін, дегенмен де ешбір доминант, яғни бір мәдениеттің бірін жұтып жібермейтіндей мәдениеттің диалогиялық плюрализмінің көрінісі болғандығын дәлелдейді [4, 12].

Сондай-ақ мәдениеттер қақтығысы мәдени кеңістікті коммуникативті кеңістік ретінде тануға көмек берді. Коммуникация хронологиялық деңгейде, мағыналық элементтерімен топологиялық сипатта да орын алатыны рас. Мәдени кеңістік ерек-

ше коммуникативтік универсум. Коммуникация жергілікті мәдениет арқылы сол мәдени диалог арқылы, ерекше коммуникациялық алаң арқылы орындалады. Мәдениеттер диалогы мәдени алмасулар емес, сондай-ақ олардың дамуы, бірін-бірі байытуы [5].

Бүгінде мәдениеттер арасындағы диалог өзгеше «өлшемдермен», басқаша коммуникативті-семиотикалық жағдайларда жаһандық коммуникативтік алаң тұрғысында дамып келеді. Мәдени диалогтың мұндай формасы олардың мағыналық сәйкестенуі емес, мәдени диалогты қажет ететін мәдени салаларда өзге мәдениеттің мағыналық және белгілік символдарын өз тілдеріне енгізіп, сіңіріп алуы ретінде танылуда. Мәдени шекара ретінде қарастырылатын жеке-леген мәдениеттердің араласу аймағы интеграциялық механизмдер арқылы жүзеге асады.

Сонымен, мәдени кеңістіктің болуы «уақыт»: өткен, бүгін, болашақ шеңберінде, яғни түрлі уақыт аралығында мифологиялық, виртуалды, тарихи, рухани, тұлғалық т.б. түрде орын алатыны рас. Мәдениет уақыттың түрлі өлшемдері аясында өмір сүре отырып, осы кеңістіктің еншісіне айналады. Сонымен, бүгінде мәдениет шекарасы кеңістік тұрғысынан да, уақыт өлшемінен де шектеусіз.

Қазақ елінің интеллектуалды әлеуетін арттыруда рухани құндылықтарға арқау болатын фактор – мәдени үндестік. Қазақ мәдениеттану ғылымында диалог, үндестік мәселесі өзекті тақырып, өткір пікір алмасу объектісіне айналып отыр. Көпұлтты да көпдінді зайырлы мемлекет ретінде Қазақстанда мәдени диалог мәселесі бұқаралық коммуникативтік кеңістіктегі көп қозғалатын тақырып.

Мәдениеттанушы ғалым А. Құлсариева: «Диалог мәдениетінің үлгісін бүгіндері саяси жоба ғана болудан қалып, нақты өмірдің шындығына айналып үлгерген Еуропалық Одақ көрсетіп отыр дей аламыз. Өйткені бүгінгі таңда аймақтық типтегі жаңа қауымдастыққа нөкә болған біртұтас еуропалық өркениеттің іргетасы қаланды.

Ендеше, азаматтық сана-сезімнің естиярлығы, пісіп-жетілген сатысында тұрған, тамырын тарихтың терең қойнауынан тартқан тағылымы мол жұрттардың тәжірибесіне қарап өсу біздің өскелең қазақ өркениетінің болашақ гүлденуінің, әлемнің озық дамыған елдерімен терезесі теңдес болып, үзеңгі тиістіруінің бір кепілі», – деген ойын білдіреді [6].

Біздің ел мемлекеттігін құрып отырған, қазақ халқының мәңгілік отанына айналған еуразиялық кеңістікте қазақ мәдениеті мен өркениетінің орын ерекше. Атқарар жүгі, көтерер салмағы да басым.

Бейбітшілік пен келісім – Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстанның әлемдік бренді. Астана – мәдениеттер мен діндердің тоғысатын жерұйығы. Бұл – Қазақстанды әлемге танытқан саясат.

Әлем қақтығыстар мен апаттардан, қатер мен дағдарыстан арылған жоқ. Жаһандық үндеулер адамзатты бейбіт өмірге, рухани келісімге шақыруда. Жаһанданудың әкелген қауіп-қатері әлемдік дағдарыстардың орын алуы, қайталануы. Әлем дағдарыстың шегіне жете қоймады. Дегенмен Қазақстан өз азаматтарына әлеуметтік кепілдік беретін әлеуметтік жаңғырту, еңбек қоғамын құратын жолды бағдарлады. Елбасы еуразиялық идеясын теория жүзінде емес, экономикалық, қаржылық, саяси, мәдени, ғылыми-білім беру салаларында пәрменді құрылымдарды жасай білді. Сондықтан да еуразиялық аймақ жаһандық дағдарыстың алдын алу үшін шешуші геоясаси орталыққа айналды.

Еуразиялық идеясы жаңа мәнге, жаңа мағынаға ие болды. Ол әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзектілігін танытты. Еуразиялық ұғымы Еуропа мен Азияның мәдени диалогы идеясын, суперэтникалық қауымды, идеялық-саяси қозғалыстардың үндесуін, еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің интеграциясын білдірді.

Еуразиялық көпқырлы ұғымға айналды. Сондықтан Еуразияны мекендеген тұрғындардың мәдениеттері өзара қарым-қатынасы дамуының калоритті мозайкасын құрды. Еуразиялық идеялық-саяси қозғалыстардың эволюциясын танытты.

Осынау өркениетті қадамның түп-төркіні неде? Өзегі қайда? Бұл адамдар арасындағы келісім мен сенімде. Түрлі тарихи кезеңді, түрлі мәдениетті, түрлі дінді ұстанған ұлттар мен этностардың достығында, сенімді бірлігінде. Сондықтан еуразиялық идеясы уақыт өте қуаты артып, әлеуетті күшке айналууда. Десек те бұл идея төңірегінде пікірталас таусылған емес. Қазақстанда еуразиялық идеясы ішкі және сыртқы саясатта да маңызды. Көпэтносты, көпдінді елде басты ұлт – қазақ ұлты. Қазақстанды құрап отырған ұлт – қазақ ұлтының мекені – Еуразия. Еуразиялық атамекен бір күнде құрылған жоқ. Мыңдаған жылдар бойы еуразиялық тағдырлар тоғысқан, еуразиялық мәдени және рухани байланыстардың іргесі қаланды. Бұл – болашаққа апаратын жол, өркениетке қаланатын баспалдақ.

Қазақ философтарының күн тәртібіне шығарып отырған мәселесі еуразиялық біртұтастықта ұлттық идея қалай құралмақ деген сұраққа жауап іздеу. Ол идея өзара ұштасқан, салтанат құрған. Қазақстанда еуразиялық идеясы ұлттық идеяның негізі. Ұлттық идея біз үшін әлеуметтік-саяси өлшемдердің бірлігі. Еуразиялық

идея мемлекетаралық ынтымақтастық пен интеграцияны қамтамсыз етуге бағытталған. Ұлттық идея және еуразиялық идея этникалық тұрғыда емес, этносаралық тұрғыда қарастырылады. Біздегі ұлттық идея Қазақстан ұлттарының мемлекет құрушы ұлт – қазақ ұлтымен бірлесуі тұрғысынан қалыптасты. Бұл еуразиялық диалог алаңында барлық ұлттар қатыса алатын, құқықтары тең келетін мультимәдениетті стратагема [7].

Бүгінгі күнде жаһандық әлемнің қауіп-қатерлеріне, үндеулеріне тек бірлесе, бірігіп қарсы тұруға болады. Бізбен бірге кім көрші болды, кім тағдырлас болды солар сенімді серіктес болады. Еуразиялық идеясының мәні жаңа қырынан танылууда. Еуразиялық идеясы адамзаттың бірігуі, достасуының символы. Түрлі нәсілдер мен халықтар арасындағы достық қарым-қатынас жаһандық өркениетке жақындататын қадам.

Елбасы Қазақстанды Еуропа деп танитындар да, Азияның барысы деп санайтындар да, жаңатүріктік модель деп атайтындар да қателеспейді дейді. Біз өз тарихымыз, өз болашығымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз ешкімге ұқсамайды. Ол түрлі өркениеттердің жетістіктерін бойына сіңірген даму жолы.

Еуразиялық идеясы Еуразия халықтарының мыңдаған жылдар бойғы рухани-танымдық бірлігі мен мәдени-тарихи қарым-қатынасынан туған. Еуразиялық ынтымақтастық құндылықтардың, адамзат санасы мен психологиясының дағдарысынан туындаған жаһандық күйзелістер әлемінде үлкен сабақ.

Әлем таяуда тағы бір сілкінді. Араға 11 жыл салып 11 қыркүйектің салқыны әлемді дүрліктірді. Ислам әлемінің, мұсылман дінінің рухани құндылығын таптаған бейнероликті жария ету адамзат өркениетіне лақтырған тастай болды. Мұхаммед пайғамбар туралы түсірілген фильм әлем елдерінің мұсылман қауымына жарияланған ақпараттық-психологиялық соғыспен тең. «Мұхаммед, мұсылмандар пайғамбары» фильмі мен «Исламның күнәсіздігі» ролигі ислам дінін ұстанғандарды масқаралайды. Дегенмен ғаламдық желі арқылы тез тарап кеткен бейнероликті Египет, Ливия елдерінде көрсетуге тыйым салынса да, халық наразылығы артқаны мәдени құндылықтарға, діни сенімдерге деген адамзаттың игі істеріне жағылған кара күйеге айналды. Ызалы топ Бенгазида, Каирде наразылықтарын танытты. Әлем тағы бір толқуға, дінаралық қақтығысқа тап болды [8].

Ақпарат заманында сенсациялық жазбалар лап еткен өрттей лезде тарап үлгеретінін ескерсек, YouTube бейнехостингі қожайыны Google компаниясы бұл роликтің египеттіктер мен ливиялықтарға

қолжетімді болуына жол бермеуі – жауапты қадам. Дегенмен фильмді желіден біржола алып тастауға келіспеген компания бұл қадам өз саясаттарына қарама-қайшы келмейді деп мәлімдейді. Бұл сөз бостандығы мен пікір айту бостандығын қорғайтын компания саясаты деген Google-дықтардың ақталуын қалай түсінуге болады?

Ең жоғары сана – адамзат өмір сүрген әлем бүгінде өте әлсіз, қорғансыз. Ұлт араздығын, діни қақтығыстарды тудыратын кез-келген ақпараттық өнімнің бұқаралық медиа құралдары, ғаламдық желі арқылы таралуына шектеу қою – адамзат алдында тұрған басты міндет. Мәдени диалогтардың, өркениет ошақтарын құруға қаншалықты көп күш-жігер, төзім мен сенім, уақыт пен кеңістік қажет болса, осының барлығын, керісінше күйрете салу соншалықты оңай, тез әрі жылдам. Біртұтас әлемде осы міндетті ұмытпау маңызды. Әлемге танылған еуразиялық идеясы да, еуразиялық кеңістік платформасы да болашақта осы ұстанымдарға берік болуы тиіс.

Сонымен, бүгінгі қазақ қоғамында: білім, ғылым, мәдениет ұштағаны интеллектуалды капиталды құрайтын басты факторлар деп атауға болады. Батыс Еуропадан Қиыр Шығысқа, Солтүстік мұзды мұхиттан Орта Азияға дейінгі аралықта орналасқан Еуразия жер кіндігі, өркениеттер ошағы, мәдениеттер тоғысқан мекені ретінде қазақ елін – Жерұйығын рухани мәйек, жасыл желек, алтын орда деп тану қажет. Бұл өткенге, тарихқа оралу емес, керісінше, сол өткен мен өшкенді жаңа мазмұнда, жаңа түрде, заманауи үлгіде жаңғырту, жаңалау.

Бүгінгі интеллектуалды елге бой түзеген ұлттық көштің тура, дәл, серпінді серпілісін танытатын құндылықтар өлшемімен өмір сүру, соған қарап бой түзеу, бесікті тербеу – қазақ қоғамына қажет Жібек Жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Левашев В.К. Интеллектуальный потенциал общества: социологическое измерение и прогнозирование / Мониторинг общественного мнения. № 3 (87), 2008. – 17 с.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан. – 14 қазан, 2009.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан білім қоғамы жолында // Егемен Қазақстан. – 6 қыркүйек, 2012.

4. Назаров В.К. Общациональная идея как фактор интеграции культурного пространства России: евразийская версия // Культурное пространство Восточной Сибири и Монголии: Материалы международной научно-практической конференции. – Улан-Удэ: Издательско-полиграфический комплекс ВСГАКИ, 2002. – 503 с.
5. Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: «Искусство-СПБ», 2000. – 704 с.
6. Құлсариева А.Т. «Қазақстандық даму үлгісінің философиялық-мәдениеттанымдық парадигмасы (Қазақ елі – Жерұйық)» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары есебі, 2012. – 22 б.
7. Нысанбаев А., Колчигин С., Соловьева Г. Евразийство в XXI веке // <http://neonomad.kz>
8. <http://www.rosbalt.ru>

Қоғаммен байланыс саласындағы баспасөз қызметі және баспасөз хатшысының міндеттері

Жумағали ЕСЕНБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
журналистика факультетінің докторанты

Баспасөз қызметі – PR қызметіне жатады. Баспасөз қызметінің атқарымдары сан қырлы. Баспасөз қызметінің мақсаты – ұйымның жетістіктері, ұйымның көзқарасында осы ортаға қажетті мінез-құлықпен қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы әлеуметтік, саяси, психологиялық орта құру, ұйымның бет-бейнесін қалыптастыру, дағдарысты жеңу. БАҚ-ғы мәліметтерді қадағалау, брифингтер мен баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру, баспасөз хабарларын дайындау, талдамалы мақалалар әзірлеу, БАҚ-пен байланыс орнату, жағымды имидж қалыптастыру, қызығушылықтарды алға тарта отырып, PR науқандарына қатысу, теле-радио сюжеттер әзірлеу болып саналады.

Баспасөз қызметін ұйымдастыруды зерттеуші С.В. Белковскийдің зерделеуінше, баспасөз қызметі фирманың, ұйымның қызметі туралы ақпарат тарату мақсатында жұмыс істейтін, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынас құралы ретінде қарастырады [1, 7]. Ал, PR-ғы баспасөз қызметін институттар ретінде жіктеген зерттеуші ғалым А.Ф. Невоструеваның пайымдауынша, баспасөз қызметтері мемлекеттік ақпараттық және коммуникациялық саясатта, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінде, коммерциялық құрылымда және қоғамдық ұйымдарда негізгі рөл атқарады [2, 4].

Баспасөз қызметі қайда және қашан құрылғандығын айта кеткеніміз жөн. Бұл қызметтің даму тарихы әр мемлекетте алу-

ан түрлі. Көптеген ғалымдар баспасөз қызметі Ұлыбританияда қалыптасты деген пікірлер білдіреді. Алайда баспасөз қызметі Германия мемлекетінде ең алғаш пайда болды деген тың деректерді ұсынамыз.

Германия. Баспасөзді өз жағына қарату қажеттілігі бұқара ақпарат құралдарының дамуының бастапқы кезеңінде пайда болды. Ең алғаш бұл қажеттілікті саясаткерлер мен басшылар түсінді. Сондай-ақ, 1816 жылы Прусс королі Август фон Хандерберг кезінде Әдеби бюро бар болатын. Оның міндетіне басылымдық мақалалар үлгілерін жасау және соларға қатысты пікірлерді жазу кірді. Баспасөзге Пруссия мемлекетінің қызығушылығы белсенді және өте жоғары болды. Негізінен бұл мекеме баспасөзді басқару және оның хабарламалары билік пікірімен келісті болуына арналды. 1893 жылы неміс фирмасы «Крупп»-та баспасөз орталығы пайда болды. Аталмыш баспасөз орталығы сол кезеңде кеңінен танымал еді. Оның қызметі фирманың гүлденуіне қолдау көрсету болып табылды. Баспасөз орталығы, ақпараттық себептердің пайда болуына байланысты шығармашылық әдістерді қолдана отырып, фирма жетістіктеріне бүкіл әлемдік қоғамның назарын аудару болып саналды.

АҚШ. XIX ғасырды, АҚШ-та баспа агенттіктер кезеңімен байланысты «паблисити дәуірі» (паблисити-тауарды бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау арқылы оған деген сұранымды ынталандыру қызметі) деп қабылдауға болады. Ірі қалалардың пайда болуы, тұрғындардың қалалануы (урбанизациялануы), сауаттылықтың өсуі баспасөз аудиториясының оқырмандарын көбейтті. Қоғаммен байланыс бойынша баспасөз қызметінің немесе бөлімдерінің қызметі әр салада қажетті болып табылды. XIX ғасырдың 30-шы жылдары ең бірінші кәсіби баспасөз хатшысы (оны кейбір тарихшылар солай деп атайды), бұрынғы тілші, АҚШ-тың президенті Э. Джексонның көмекшісі болған – А. Кендалл өзін кеңінен танытты. Ол президенттің сөздерін жазды, көп жағдайда оның кеңесшісі болды, тіпті шынайы саясатқа өз әсерін тигізді. А. Кендалл өз бастығына ірі корпорациямен ақпараттық жанжалды жеңіп шығуға көмектесті және Э. Джексонның имиджнің нығаюын қамтамасыз етті.

Ұлыбритания. Британдық басшылық бірінші Дүниежүзілік соғыс кезеңінде қоғаммен байланыс жұмысын белсендендіре бастады. 1918 жылы корольдің тұсында баспасөз хатшысының орны тағайындалды. Кейінірек министрліктерде баспа жұмысының өкілдері пайда болса, ал 1933 жылы Британияның пошта қызметі

тұсында PR бөлімі пайда болады. Алғашқы жылдары баспасөз қызметі бойынша жұмыс жасады, яғни ақпараттық қызмет атқарды.

Ресей. 1985-1991 жылдары КСРО-да билік жүйесінің өзара қарым-қатынасының ауысуы кезінде бұқаралық ақпарат құралдарына цензура болды. Ресейде PR қызметі шетелден көшіріліп алынды. PR жобалар және ақпараттық науқандарды КСРО Сыртқы Істер Министрлігінде баспасөз орталығы, ТАСС және АПН мемлекеттік ақпараттық агенттіктері, мемлекеттік теле және радиолар атқарды.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың басында журналисттермен жұмыс бөлімшелері көптеген мемлекеттік ведомстваларда, қарулы күштерде пайда болады [3, 5-8].

Қазақстан. Қазақстан Компартиясы ОК-нің баспасөз орталығын ұйымдастыру туралы шешім 1990 жылы 7-тамызда қабылданды. Баспасөз-мәслихаттары мен брифингтер өткізу орындары, Алматы қаласындағы «Достық» мейманханасы болды. Баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру айына бір рет, қалған уақыттары қажеттіліктерге байланысты қарастырылды. Баспасөз хатшысының жетекшісі және төрт кеңесшіден тұратын жаңа құрылымдық бөлімшенің штаты бекітілді. 1990 жылдың 12 қыркүйегінде ең алғаш рет саяси биліктің баспасөз хатшысы тағайындалды. Бұл қызметті Е.Ш. Шаймерденов атқарды [4, 7].

Бүгінгі күнде баспасөз қызметі барлық билік құрылымдарында, қаржылық-өндірістік топтарда, банктерде, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда, партияларда, қоғамдық қозғалыстарда, ойын-сауық орталықтарында, спорт клубтарында, тіпті бұқаралық ақпарат құралдары үшін де қолданылады. Баспасөз қызметінің құрамы, мекеменің немесе ұйымның қызығушылығы мен мүмкіншілігіне байланысты төмендегідей әртүрлі болуы мүмкін:

- баспасөз қызметінің жетекшісі;
- баспасөз орталығының жетекшісі;
- баспасөз қызметінің қызметкері;
- баспасөз орталығының қызметкері;
- ақпараттық жұмыспен тікелей байланысты мамандар;
- PR бөлімінің жетекшісі;
- PR бөлімінің қызметкері;
- баспасөз хатшысы;
- PR маманы.

Баспасөз қызметінің атқарымдарын атқарушы маманды – «баспасөз хатшысы» деп атаймыз. Баспасөз хатшысы – («press-

secretary» ағылшын сөзі) жеке тұлғаның немесе кез келген органның баспа және қоғаммен байланыс жөніндегі арнайы өкілі [5, 318].

Ресейлік зерттеуші П.А. Полоницкийдің пікірінше, баспасөз қызметіне немесе баспасөз хатшысының біліктілік қабілетіне қойылатын талаптардың мәнісі мынада: ашықтылық, ақпаратты жаңартып отыру жиілігі және артықшылығы, легитимділік және журналисттерді аккредитациялау ережелерінің адалдылығы, жеделділік және БАҚ редакциясының сұраныстарына толық жауап, журналисттермен қақтығыстарға деген жиілік, БАҚ-тың жоспар және келешегі жөнінде ақпараттандыруындағы жеделділік [6, 3]. Көпшілік баспасөз хатшысының қызметін, күрделілік дәрежесі бойынша екінші орында деп санайды. Себебі, ол – ұйымның «дауысы» және «имидж жасаушысы». Бұл ұйым аппаратының қорғаушысы, жетекшіге түсініктеме беретін маман болып табылады.

Баспасөз хатшысының қызметтік міндеттеріне және мамандығына қойылатын талаптар

Баспасөз хатшысы қызметінің мағынасы әртүрлі бағытталған қызығушылықтар тіркесін білдіреді. Ол екі қарама-қарсы коммуникативті ортада «өзіндік» мағынасын ашуы тиіс: «занды» (официальный) және «журналистік» болып бөлінеді. Көп немесе аз динамикада дамып жатқан ұйым билік органдарының өкілеттілігін айтпағанда, қызығушылық тудыратын тақырыптар бойынша БАҚ мониторингтарын жүргізетін, бір жағынан парламент қызметінің аясында ақпараттық кеңістік тудыра алатындай мықты маманды қажет етеді.

Стивен Хесс «Үкімет пен басылымның арасындағы байланыс» атты кітабында: «БАҚ-пен байланыс бойынша өкілдерге шыдамдылық, қайырымдылық, есте сақтау қабілетінің мықты болуы, сыпайылық, стресс шарттарында тұрақтылық, адам психологиясын түсіне білу, болжай білу қабілеті және процедуралық бөлшектерді құрай алатын қабілеттері болуы қажет» деп жазады. Сол сияқты айғақтарды тез еске сақтау қабілетінің өте жоғары болуы өте маңызды. Занды өкіл әртүрлі жағдайларда әрекет ете алуы керек, бір уақытта бірнеше тапсырманы орындап үлгеруі шарт, оған әрдайым кедергі келтіріп отырса да тез жұмыс жасай алатын, тілшілерге деген қарым-қатынасы олардан қалыс қалмау және ешкімді алаламау болып табылады. Одан басқа, ресми өкіл, жоғары дәрежелі әдеп адамы болуы тиіс. Сол сияқты баспасөз хатшысы өзіне және басқа қызметкерге сенім артуы қажет. Баспасөз хатшысының тиімді жұмысы үшін оған баспаның сенім артқаны дәл

солай маңызды. Жеке қасиеттердің ішінде көбінесе басқаны баурап алу, әртүрлі деңгейдегі адамдармен сәтті тіл таба білу маңызға ие, қайырымдылық, жеке ұйымдастырушылығы, әзілқойлық, барлық осы секілді қасиеттер, сәтті жұмыс істеу үшін баспасөз хатшысына қажет қасиет саналады. Ұзақ уақытқа созылатын стресске шыдай алатын, жұмыстан кейбір кездері жайырақ шығуға және қалыпқа түспеген жұмыс күніне төзе алатын қасиеті болуы керек. Сондықтан, адамның жеке қалауы мен мамандығы сәйкес келгені өте дұрыс. Баспасөз хатшысының ұйымдастырушылық таланты және алдыға қойылған тапсырмалар орындалуы үшін жаңа дем беріп, өзіне бағынатын қызметкерлерді қуаттандыратын қабілетке ие болуы шарт. Бұл үшін баспасөз хатшысының өзі өз жұмысының құралдарын жақсы көруі және білуі міндетті. PR мамандығының қай саламен айналысатындығына қарамастан, баспасөз хатшысы сәтті жұмысы үшін сала бойынша келесі қасиеттерге бейім болуы шарт:

- Сала қызметін білу. Ол әрқашан ақпарат аясында болуы керек. Құрылымды білу, арнайы ұйым, соңғы үрдіс, процесстерді түсіну жетістікті саланың кілті.
- Коммуникативтік білім. Бұқара ақпарат құралдарының жұмыс процессін түсіну, әлеуметтік және басқа да базалық білімнің болуы аса маңызды. Сонымен қатар маңызды рөл атқаратын қасиет журналистік қасиет (мәтін сөздерін, мақала, баспасөз-релиз, баспасөз-киттерді жаза білу және т.б).
- Техникалық білім. Негізгі бағдарламалармен жоғары білімді пайдаланушының деңгейінде компьютермен жұмыс жасай білу. Жұмыста ғаламторды пайдалана алу.
- Әртүрлі білімге бай болу. Әлемде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерден хабардар болу, мемлекетте не болып жатқандығын білуге тиіс.
- Бюрократиялық білім. Бюрократиялық аппараттың қалай жұмыс жасайтындығын түсінбей тұрып аппаратты өзіне жұмыс жасату мүмкін емес.
- Басқарушылық дағды. Қажетті дағдыларын болмай тұрып ұйымда жоғары деңгейге көтеріліп, басқаларға өз сөзінді орындата білу мүмкін емес.
- Адамдардың тілін тауып, өзара тез қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті.
- Сенім. Жиі ұшырасып тұратын жағдайда жетекші немесе қызмет бабымен мамандас адам оңаша ақпаратты сеніп бөліседі. Ол адамдардың сенімінен шығуға болмайды. [7, 110-113].

Зерттеуші ғалымдар Б.Б. Безменов, Д.А. Скибицкий – баспасөз қызметі мен баспасөз хатшысының бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасын төмендегідей жіктейді:

Бұқаралық ақпарат құралдарымен баспасөз қызметінің қарым-қатынас механизмі халықпен тығыз байланыстырушы болып табылады, себебі, БАҚ арқылы қажетті ақпарат таратылады және кері байланыс орнатылады. Осыған байланысты қоғамдық пікірдің жағдайы туралы және жергілікті билік ұйымдарына деген шынайы бағалар туралы ақпарат пайда болады. БАҚ-пен нақты бір ұйым арасындағы тығыз, өзара қарым-қатынас негізінде сенім, ашықтылық, сыйластық болуы қажет. Баспасөз қызметінің мамандары журналистикада, редакция жұмысында, басылым өндірісі саласында, радио және теледидар жұмысында білікті болуы қажет. Олар баспасөз беттеріне жарияланатын мәліметтерді дайындай білулері қажет.

Баспасөз хатшысы:

- Баспасөз хатшысы әрдайым БАҚ-пен байланыс орнату үшін ашық және қол жетімді болуы тиіс.
 - БАҚ ұйымдарында өткізіліп жатқан мерекелік іс-шаралар жөніндегі ақпараттар жайында хабардар болуы тиіс.
 - Баспасөз қызметінің құрамын қалыптастыру және оның жұмысын ұйымдастыруы тиіс.
 - Фирмалық сувенирлі өнім, стиль жасауға атсалысу (бланктар, визиткалар, плакаттар, сувенирлік күнтізбелер, буклеттер, брошюролар және т.б).
 - БАҚ-та басылып шыққан барлық материалдарды бақылау (мониторинг) және оны зерттеп, оқып үйрену және мұрағатта сақтау.
 - БАҚ мәліметтер базасын қалыптастыру және БАҚ нарығында болып жатқан өзгерістерді бақылау.
 - Журналисттер ұйымының аймақтық бөлімімен серіктес болу.
 - Қоғамдық ұйымдардың баспасөз қызметтерімен бірге жұмыс істеу және сәйкесінше әртүрлі бағыттағы науқандар өткізу.
 - Баспасөз хабарламаларын жазу.
 - Баспасөз хатшысы жетекшіге тікелей кіре алуы керек. Заң шығаратын билік органының жасап жатқан істері, оның мықты және әлсіз жақтары туралы толықтай ақпарат білуге құқылы.
 - Баспасөз хатшысы заң шығаратын билік ұйымының басқа аппарат бөлімшелерінен шапшаң түрде ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін кез-келген қажетті ақпаратты алуға міндетті [8, 21].
- Өкінішке орай, бұл жұмысты іздеушілер де, осы жұмысты берушілер де баспасөз хатшысының қызметін жақсы түсінбейді

және баспасөз хатшысына өзінің қызмет барысындағы міндеттерін орындауға қажетті білімі жетіспейді. Әлі күнге дейін кейбір жетекшілер қоғаммен байланысты қалыптастыруды жеке айрықша күзірет деп санаса, кейбір адамдар қоғамның назарын даулы сұрақтарға аудару деп санайды. Расында баспасөз қызметі мен баспасөз хатшыларының атқарымдары ұйымдар мен мекемелер үшін ауадай қажет. Олай болса, баспасөз қызметі мен баспасөз хатшысы атқарымдарын зерттеу аса маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Белковский С.В. Организация работы пресс-службы. Уч.-метод. комплекс по курсу «Организация работы пресс-службы». – Н. Новгород: Изд-во Нижегородского университета, 2005. – С. 7.
2. Невоструева А.Ф. Институтиализация пресс-служб в системе связей с общественностью. Автореферат. – Екатеринбург, 2009. – С. 4.
3. Татаринова Г.Н. Современная пресс-служба. – Омск, 2007. – С. 5-8.
4. Е. Шаймерденулы. Из истории первых пресс-служб Казахстана. «Актуальные проблемы функционирования пресс-служб и PR-структур государственных и коммерческих организации Казахстана». Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2001. – С. 7.
5. Козыбаев С.К., Нода Л.П., Рожков А.В. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. Серия «Отечественная журналистика». – Алматы: Экономика, 2006. – 318 с.
6. Полоницкий П.А.. Пресс-службы и гласность. – Москва: «Юридический Мир», 2006. – С. 3.
7. Бакунина Н.Н. Пресс-служба в законодательных органах власти субъектов Российской Федерации. – Тюмень: Вектор Бук, 2008. – С. 110-113.
8. Безменов Б.Б., Д.А. Скибицкий. Организация пресс-службы исполнительных органов власти. Методические пособие. – Волгоград: ВолГУ, 2002. – С. 2.

Орталық Азия: экономикалық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері

Дәрия МҰХАМЕДЖАНОВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
жетекші ғылыми қызметкері,
экономика ғылымдарының кандидаты

Заманауи геосаясат пен геоэкономикада Орталық Азия (ОА) көп жағдайда экономика-географиялық аймақ, саяси немесе өркениеттік кеңістік ретінде ғана қарастырылып, ешқашан біртұтас экономикалық жүйе түрінде танылмайды.

Аймақтық және аймақтық емес экономикалық субъектілер ОА стратегиялық маңызды:

- әлемдік табиғи ресурстарға бай;
- құрлықтық транзиттік-көліктік мүмкіндіктерге ие;
- аймақтық деңгейде кешендік қауіпсіздікті ұсынатын кеңістік ретінде қарастырады.


ОА елдерінің экономикалық ынтымақтастығының негізгі қиындықтары:

- біріншіден, ОА елдерінің экономикалық мүдделерінің үйлестірілмегендігінен және аймақты біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде оның дамуы мен қиындықтарын көре білудегі бірауыздылықтың болмауы;
- екіншіден, ТМД және ЕурАзЭҚ форматында ОА аймақтық экономикалық жүйе ретіндегі тұжырымдамасының болмауы;
- үшіншіден, ОА елдерімен ынтымақтастыққа барудағы сыртқы акторлардың түрлі стратегиялық мүдделері мен ұстанымдарының болуымен негізделеді.

Геоэкономика кеңістігіндегі ОА

ОА жаһандануға қатысу үрдісі бірінші кезекте сыртқы сауда географиясының өзгеруіне ықпал етті.

ОА елдерінің сыртқы саудалық басымдықтары соңғы жиырма жылда ТМД елдері шеңберіндегі ынтымақтастықтан әлемнің барлық дамушы және дамыған елдерімен қатынас бағытында ұлғайды. Дамушы елдердің ОА экспортындағы үлесі 1995-2010 жж. аралығында 3 есе, дамыған елдердің үлесі – 1,3 артса, өтпелі кезеңдік экономикасы бар елдер 3 есеге кеміді (1-сурет).



1-сурет. ОА елдері экспортының құрылымы, 1995-2010 жж., млн. АҚШ долл.
Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011 // <http://unctad.org>

Осы кезеңдегі ОА импортындағы дамушы елдердің үлесі 3 есе артса, дамыған елдердің үлесі шамалы кеміді (2%), ал өтпелі кезеңдік экономикалы елдердің үлесі 2 есе азайды.

Сыртқыэкономикалық серіктестер. ОА елдерінің сыртқы саудасындағы географиялық құрылым қазіргі таңда шамамен мынадай кескінді: Қытай – 26,1%; ЕО – 26%; АҚШ – 2,7%, ТМД – 23% оның ішінде: Ресей – 13%, ОА – 5% (2-сурет).

Инвестициялық ағымдар. Ал инвестициялық ағымдарға келер болсақ, оның дамыған елдерден азайып, дамушы және өтпелі экономикалы елдерге ауысуын есепке ала отырып, алдағы уақытта да ЕО пен АҚШ-тан инвестицияның кеміп, Ресей және Қытаймен инвестициялық ынтымақтастық артатындығын күтуге болады.

Осылайша, экономикалық ықпал саласында аймақ қазіргі таңда Ресей мен Қытайдың экономикалық басымдығы зонасында қалып отыр.



2-сурет. ОА елдерінің сыртқы саудасының географиялық құрылымы, 2010 ж., %

Дерек көзі: EU Bilateral trade and trade with the world. // ec.europa.eu/trade/creating-opportunities/bilateral-relations/regions/central-asia

Еуразияның экономикалық кеңістігіндегі ОА

ОА елдерінің аймақтану үрдісіне қатысуы негізінен екі жобада жүзеге асуда және де Ресей мен Қытай ОА елдері үшін экономикалық тартылыстың орталығы болып отырған бұл жобалар: ШЫҰ және ТМД мен ЕурАзЭҚ форматындағы поскеңестік кеңістіктегі интеграциялық жобалар.

ЕО мен Қытайдың ОА ықпалы. Қытайдың Орталық Азия елдеріне ықпалы көп жағдайда ШЫҰ арқылы, яғни Қытай мен ОА елдерінің ұйымдағы ынтымақтастығы мен аймақтану үрдісіндегі қатынастары арқылы жүргізіліп отыр.

ҚХР ОА елдеріне экономикалық ықпалының артуы ЕО аталынған аймаққа ықпалының төмендеуімен сәйкес, және де ЕО Орталық Азия елдерінің тауарайналымы ғана емес, сонымен қатар әлемдік ЖІӨ, әлемдік тауарайналым, әлемдік инвестиция ағымындағы үлесінің төмендеуімен қатар жүріп отыр.

Әлемдік ЖІӨ-дегі ШЫҰ мен Қытайдың үлесі 2000-2010 жж. аралығында – 5,2 пайыздан 11,6%-ға және 3,6-дан 9,3%-ға өсті. Әлемдік тауарайналымында – 4,9-дан 12,3%-ға және 3,7-дан 9,9%-ға ұлғайды. ЕО әлемдік ЖІӨ үлесі азайып, 33,7-ден 27,3%-ға, ал әлемдік тауарайналымдағы үлесі – 37,4-тен 33,9%-ға кеміді. Жаһандық инвестициялық ағымның да бағыты өзгерді. 2005-2010 жж. аралығында ЕО тарапынан келетін тікелей шетелдік инвестицияның қысқаруы 35% болса, дәл осы уақыттағы Азиядан тартылған инвестиция көлемі екі есе артқан. 2007-2010 жж. ОА

тауарайналымындағы ЕО үлесі – 3,3%, экспортта – 4,7%, импортта – 4% кеміді.

Орталық Азия ШЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ жобаларындағы аймақтық жүйе. Бұл ынтымақтастық үлгілерінің ортақ сипаты ОА қатысты бұртұтас аймақтық жүйе ретінде дамыту тұжырымдамасының болмауы мен жалпыаймақтық және де ОА мәселелерін шешуге деген түрлі ұстанымдардың болуы.

Қазіргі таңда аймақтануға қатысты жүйелік ұстанымдарды тек ЕурАзЭҚ құру мақсаттары мен принциптері ғана танытады. ЕурАзЭҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгертулерді өзара келісе отырып, Қауымдастық мүшелерінің қарқынды дамуын қамтамасыз ету. Бұл халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында олардың экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануға негізделуі тиіс.

Сонымен қатар ЕурАзЭҚ кеңістігі ТМД және ШЫҰ салыстырғанда ОА елдері үшін біршама сәйкестікке ие. Яғни, қазіргі таңда ОА елдері үшін аймақтану және экономикалық интеграцияланудың ең тиімді форматы ЕурАзЭҚ, ал Беларусь, Қазақстан және Ресейдің Кедендік одақ аясындағы ынтымақтастығының аймақ елдері есебінен ұлғайту мүмкіндігі бұл бағыттың болашағын танытады.

ОА және ЕурАзЭҚ

Біздің пікірімізше, ЕурАзЭҚ экономикалық кеңістігіндегі негізгі мәселе – оның бөлшектенуі. ЕурАзЭҚ ішінде аймақтық интеграция болашағы үшін түрлі ықпал ететін әрқилы экономикалық әлеует бар екі экономикалық кеңістік пайда болды: Ресей мен Беларусь елдері Одағының кеңістігі және Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан) құрған кеңістік, бұлар ЕурАзЭҚ кеңістігіндегі «еуропалық» және «азиялық» бөлшектер. «Азиялық бөлшектің» ыдырауының салдарлары ЕурАзЭҚ экономикалық қауіпсіздігіне ықпалы қажетті деңгейде сараланбаған.

Бөлшектену мәселесінің шиеленісуіне ОА елдеріндегі тұрғындар өмірінің көрсеткіші мен адами даму индексі (АДИ) бойынша әлеуметтік әртүрлілік ықпал етеді. Қазақстан Республикасында аймақ бойынша ең жоғарғы АДИ және тұрғындарға шаққандағы ең жоғарғы ЖІӨ көрсеткіші, бұл Тәжікстан мен Қырғызстан көрсеткішінен 10 есе артық болып отыр (3-сурет).



* АДИ – оң бағыт

3-сурет. Жан басына ЖІӨ, тұрғындар саны және АДИ, ОА елдері бойынша, 2011 ж.

Дерек көзі: 2011 жылғы Адами даму туралы баяндама. Тұрақты даму және мүмкіндіктер теңдігі: Баршаға арналған жарқын болашақ // <http://hdr.undp.org>; Кавказ и Центральная Азия. Доклад МВФ. 2012.


ОА аймағының әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша бұдан ары дифференциациялануы көптеген елдер үшін кедейшілік мәселесінің қиындауы, денсаулық сақтау мен білім беру сапасының төмендеуі, еңбек нарығындағы мәселелердің артуына алып келеді. Бұл Еуразиялық экономикалық кеңістік үшін реттелмеген миграциялық ағымдар және сонымен қатысты экстремизм, есірткі саудасы, қоғамның криминалдануы, жұқпалы ауру қатерлері және тағы басқалар.

Қазақстан және ОА елдері


Қазақстанның ОА елдерінің экономикалық интеграциясы үрдісіне ықпал етуі төмендегі факторлармен негізделеді:

1) Қазақстан ОА ең ірі және тиімді экономикаға ие. 2011 ж. Қазақстанның жалпы аймақтық ЖІӨ үлесі 68,5% (ОА тұрғындары санының 26%). Аймақтық жалпы тауарайналымның басым бөлігі Қазақстанға тиесілі (67%) (4-сурет);

2) Қазақстан ОА елдері үшін негізгі аймақ ішіндегі саудасеріктесі. Орталық Азия елдерінің аймақтың ішкі тауарайналымындағы үлесі Түркменстандық 46%-дан Тәжікстандық 62,5%-ға дейінгі мөлшерде (5-сурет);



4-сурет. ОА елдерінің тауарайналымы, 2000-2011 жж., млн. АҚШ долл.

Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011. <http://unctad.org>

5-сурет. Аймақтың ішкі тауарайналымындағы ОА елдерінің үлесі, 2010 ж., % көрсеткіш.

Дерек көзі: EU Bilateral trade and trade with the world. <http://ec.europa.eu/trade/creating-opportunities/bilateral-relations/regions/central-asia>


3) Қазақстан алыс шет мемлекеттердің ОА елдері ішіндегі ең ірі сауда серіктесі. 2010 жылы Қытайдың ОА елдерімен тауарайналымының 67,9%, ЕО тауарайналымының 88% және АҚШ-тың Орталықазия елдерімен тауарайналымының 85% Қазақстан Республикасының үлесіне тиесілі.

4) Қазақстан Ресейдің ОА ең негізгі сауда серіктесі, ҚР Ресейдің аймақ елдерімен тауарайналымының 55% қамтып отыр.

5) Қазақстанға аймақтық инвестициялық ағымдардың басым бөлігі шоғырланған, бұл аймаққа тартылған ШТИ-дың 71% (2011 ж.), және ОА шығатын барлық инвестициялар (4,5 млрд. долл. 2011 ж.).

Осылайша, ҚР экономикалық саясаты:

– біріншіден, ОА аймағындағы сыртқыэкономикалық ынтымақтастықтың сипатын және оның халықаралық бағытын қалыптастырады. Әлемдік нарықтар үшін ОА – табиғи ресурстардың болуымен әлемдік экономика үшін маңызды аймақ. Аймақтан экспортталатын негізгі тауар топтамасын мұнай (ОА тауарайналымының 49%), ҚР аймақтық экспорттағы үлесі – 99,1%, маңыздылығы бойынша екінші орында газ өнімдері (9,3%); радиоактивті материалдар (4%); металлдар (мыс, темір, алтын – 7,4%), темір рудасы, мақта, бидай және т.б. (6-сурет);




* Тауар тобының коды: 41- бидай және дәнді дақылдар; 57- жемістер балғын немесе көптірілген; 263 – мақта; 281- Темір рудасы және концентраттар; 322 – лигнит (қоңыр көмір) және торф; 333 – шикі және битумдалған мұнай; 334 – ауыр және битумдалған мұнай; 343 – табиғи және сұйытылған газ; 525 – радиоактивті және бірге жүретін материалдар; 651- тоқыма тауарлар; 671 – темір, ферроқорытпа және т.б.; 673 – шыңдалмаған болат өнімдері; 682 – мыс; 971 – алтын.

6-сурет. Негізгі тауар топтары кескіні бойынша ОА елдерінің экспорты, 2010 ж., млн долл.

Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011. <http://unctad.org>

– екіншіден, ОА елдерінің интеграциялануының нақты деңгейін нақтылайды және аймақтық экономикалық интеграцияның болашағын

айқындайды. Аймақтық экономиканың өзара тәуелділігі деңгейі мен ОА экономикалық кеңістігінің аймақ елдері үшін маңыздылығын өндіру ашықтығы көрсеткіші (ӨАК) танытады. Орталық Азияда аймақ экономикасына барынша аз интеграцияланған ел – Қазақстан, оның ӨАК аймақтық орташа көрсеткіштен екі еседей төмен (7-сурет).



* ӨАК – оң бағыт

7-сурет. ОА елдері өндіру ашықтығы көрсеткіші. 2010 ж.

Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011. <http://unctad.org>

Осылайша, қазіргі жағдайда өзінің интеграциялық бастамаларына қарамастан Қазақстан аймақ елдері арасында нақты интеграциялық үрдіске барынша аз тартылған. Әрине, бұған қарамастан ОА нарығы Қазақстанның КО, ЕурАзЭҚ мен ТМД форматындағы сыртқы сауда саясатында маңызды рөлге ие.

Қазақстан мен ОА елдері үшін жалпы ортақ бағдарлама қажет:

- 1) аймақтың мамандандырылған бағытын (мұнайгазхимиялық жанармай-энергетикалық, агроөндірістік, су көздерін пайдалану және экология, еңбек нарығы және т.б.) қалыптастыратын маңызды аймақтық нарықтар мен секторларды дамыту;
- 2) бұл нарықтарды дамыту үшін маңызды ірілендірілген инновациялық жобаларды енгізу (жаңа технологиялар мен жаңа материалдар негізінде, әсіресе, жергілікті ресурстық әлеуетті қолдану арқылы);
- 3) аймақтық және аймақтық емес субъектілер үшін аймақтағы маңызды стратегиялық мүдделерді үйлестіру.

Бүгінгі күннің өзінде-ақ ШЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ және КО форматындағы ұжымдық талқылауды қажет ететін мәселелер қатарына миграциялық және инвестициялық ағымдарды реттеу, және де экспортталатын әлемдік маңызы бар тауарларға қатысты аймақтық экспорттық саясатты қалыптастыру мәселелері тұруы мүмкін. Егер де әлемдік тауарайналымдағы ОА үлесі 0,5% болса, мысалы, әлемдік радиоактивті және іліспе материалдарды экспорттаудағы ОА үлесі – 18,7%, мақта экспортында – 12%, қара және түсті металлдар бойынша – 5%, мұнай мен газ – 3% және басқа да 10-15 тауарлар экспорты бойынша түрлі үлеске ие.

Орталық Азия және Ауғанстан

ОА елдері мен Ауғанстанның тауарайналымы шамамен 1,3 млрд. АҚШ долларынан астам. Өзара сауданың негізгі бөлігі ОА елдерінің экспортына тиесілі (тауарайналымның 96,7%). ОА жалпы тауарайналымындағы Ауғанстанның үлесі шамамен 1,1% қамтиды.


Ауғанстан үшін ОА нарығының маңыздылығы ел экономикасының энергетикалық ресурстарды қажет етуімен және оны тасымалдау мәселелерімен байланысты. Ауғанстандағы экономиканы реформалау үрдісінің аяқталмауы мен елдегі саяси тұрақсыздық өзара тиімді сауда байланыстарын дамытудың негізгі кедергісі болып отыр.

Ауғанстанның сыртқы саудасының географиялық құрылымы Оңтүстік Азия елдері – Пәкістан мен Үндістанға (ел тауарайналымының 23,3% және 6,4%, сәйкесінше), және АҚШ (27,9%) пен ЕО27 (12,2%) бағытталған. Ауғанстанның ТМД аумағындағы маңызды серіктестері қатарына Ресей (7%) және ОА елдері (14%) кіреді (8-сурет).

Ауғанстанның сыртқы саудасының тауарлық құрылымы импорттық негізге сай құрылады. Импорт елдің тауарайналымының 93% құрайды. Ауғанстанның сыртқы сауда қатынастары экспорттың азайып, орнына импорттық тауарлардың өсуі негізінде қалыптасып отыр (9-сурет).


Ауғанстан экспортындағы тауар топтамасы кескінінде негізінен азық-түлік тауарлары мен ауылшаруашылығы шикізаттары басым – ол 57,6%, өндірістік тауарлар экспорттың 34,6% қамтыса, минералдық шикізаттар мен жанармай-энергетикалық тауарлар мүлдем экспортталмайды. Ауғанстандық экспорттың 26,8% – Пәкістанға, 25,4% – Үндістанға, 15,3 пайызы – АҚШ-қа, 11,9% – ЕО27, 3,5% – Ресей Федерациясына, 2,3% – Иранға бағытталады. Ауғанстан тауарларын

2010 жылдың есебі бойынша Орталық Азияда ең көп тұтынатын ел – Тәжікстан болған (Ауғанстан экспортының 7,1%).



8-сурет. Ауғанстан сыртқы саудасының географиялық құрылымы, 2010г, %.

Дерек көзі: EU Bilateral trade and trade with the world // ec.europa.eu/trade/creating-opportunities/bilateral-relations




9-сурет. 1980-2010 жж. Ауғанстанның экспорты мен импортының қарқыны, млн. долл.

Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011. <http://unctad.org>

Ал Ауғанстанның импорт құрылымында негізінен өндірістік тауарлар басым – ол 32% құрайды. Азық-түлік пен ауылшаруашылық тауарлар – 17%, минералды шикізаттар мен жанармай-энергетикалық тауарлар – 1,2%. Ауғанстанға ең көп тауар жеткізушілердің қатарында: АҚШ (28,7%), Пәкістан (23%), ЕО27 (12%), Ресей (7,2%), Үндістан (5,2%) бар. Ал ОА елдер ішінен – Өзбекстан (9%), Түркменстан (2,9%), және Қазақстан (2,6%) қосылған.

Оңтүстік Азия тауарайналымында Ауғанстан үлесі 1,0% (10-сурет), экспортында – 0,1%.




10-сурет. Оңтүстік Азия тауарайналымы аймақ елдері кескінінде, 2010 ж., %.

Дерек көзі: Asia-Pacific Trade and Investment Report 2011 // <http://www.unescap.org>

Оңтүстік Азия аймақтық саудасы Ауғанстанның сыртқы саудасымен салыстырғанда мүлдем басқа қарқынға ие, бұл әсіресе экспортқа қатысты. Мысалы, Оңтүстік Азияның әлемдік экспорттағы үлесі өсім көрсетсе, Ауғанстанның үлесі керісінше азайып отыр. 2010 жылы Ауғанстан үлесі әлемдік импорт пен экспортта 1980 жылғы көрсеткішке де жете алмады (11,12-сурет).

Ауғанстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі. 1980 ж. Ауғанстанның ЖІӨ адам басына шаққандағы көрсеткіші Оңтүстік Азия аймағы бойынша айтарлықтай төмен болатын және де бұл алшақтық уақыт өткен сайын ұлғаюда (13-сурет).


Сонымен қатар жалпы Оңтүстік Азияның ЖІӨ-дегі Ауғанстанның ЖІӨ үлесі төмендесе (1990 жылы 0,71 %-дан 2010 жылғы 0,65 %-ға, Оңтүстік Азияның жалпы тұрғын халқы санындағы Ауғанстан халқының саны өсім көрсетіп отыр (1990 жылғы 1,09 %-дан 2010 жылғы 1,84 %-ға дейін).




* ОА – оң бағыт

11-сурет. ОА мен Ауғанстанның әлемдік экспорттағы үлесі, 1980-2010 жж., %.

Дерек көзі: Asia-Pacific Trade and Investment Report 2011 //http://www.unescap.org



12-сурет. ОА мен Ауғанстанның әлемдік импорттағы үлесі, 1980-2010 жж., %.



13-сурет. Оңтүстік Азия мен Ауғанстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші, 1980-2009 жж., АҚШ долл.

Дерек көзі: UNCTAD Handbook of statistics, 2011. http://unctad.org

ШТИ негізгі бөлігі Оңтүстік Азия аймағында Үндістанға тоғысқан, оның аймақтық ШТИ тарту және шығару үлесі сәйкесінше 84% және 97%. Ауғанстанның аймақтық ШТИ тартудағы үлесі 0,4%. Ауғанстандағы тұрақсыз экономика мен саяси жағдай елдің инвестиция тартымдылықтың төмен болуы мен Қазақстан және Орталық Азия елдерінен ШТИ ауқымды ағымының болмауына себеп. Сонымен қатар инвестициялық ынтымақтастықтың төмендеуі Ауғанстанның қаржы институттарының дамымауы да әсер етеді.

Ауғанстан мен ОА елдерінің аймақтық ынтымақтастығы. Орталық Азия елдері арасында және ОА мен Оңтүстік Азия елдері арасындағы экономикалық тартымдылық қалыптасады:

- халықаралық деңгейде ШЫҰ форматында (аймақтық ынтымақтастықты дамытуда Ауғанстанға ШЫҰ жанынан бақылаушы дәрегейінің берілуі маңызды қадам болды) және халықаралық шаралар аясында (Ыстамбул үрдісі, Токио және Кабул конференциялары аясындағы Ауғанстан бойынша аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа қатысты конференциялар және т.б.);

- аймақтық деңгейде ТМД және ЕурАзЭҚ аясында солтүстік көлік дәліздерін қалыптастыру мәселелері барысында (қазіргі таңда Ауғанстанға тауарлар Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстанның ортақ шекаралары арқылы жетеді) және Азияның орталық және оңтүстік бөліктерін байланыстыруға қатысты басқа да халықаралық энергетикалық жобаларға қатысу деңгейінде;

- екіжақты байланыстар деңгейінде ОА елдері мен Ауғанстанның энергетикалық саладағы аймақтық ынтымақтастықтың салалық жобалары аясында, азық-түлік нарығы, табиғи шикізат ресурстары нарығы, білім беру саласы және т.б. байланыстар арқылы дамуды.

Қазіргі таңда ОА барлық елдері Ауғанстанмен экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты екіжақты байланыс форматында тереңдету мен кеңейту шараларына күш салуда. Қазақстан өз тарапынан темір жол көлігі, пайдалы қазба байлықтарды өндіру, ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайларды басқару, телекоммуникациялар мен энергетика, Ауғанстандағы инфрақұрылымда дамыту секілді салалардағы нақты жобаларды жүзеге асыруға дайын. Қырғызстан Ауғанстанға ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау мүмкіндігін қарастырып отыр. Түркменстан мен Ауғанстан қызмет көрсету, электроэнергетика, көлік байланысы, ауыл шаруашылығы, Ауғанстанның әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын дамыту, елдердің халықаралық сауда байланыстарын жасқарту секілді салалар бойынша ынтымақтастыққа қол жеткізді. Өзбекстан Ауған елімен халықаралық транзит, көлік бағыттары, темір жол көлігі және т.б. салалар бойынша ынтымақтастық келісіміне келді.

* * *

Осылайша, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістер соңғы кездерде геосаясат, геоэкономика және аймақтық қауіпсіздік мәселесіндегі маңыздылығы артып отырған Орталық Азия аймағынсыз дамуы және кеңеюі мүмкін емес.

ОА елдеріндегі экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мәселелері: экономикалық өзараықаралық байланыс пен институттардың болмауы, аймақтың халықаралық бағытының шикізаттық сипатта болуы, экономикалық кеңістіктің әртүрлі болуы, әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер, аймақ елдері арасындағы тауарайналымдағы аймақ ішкілік сауда көрсеткішінің төмендеуі.

Қазақстан үшін ОА экономикалық кеңістігінің ыдырауының жалғасуы аймақтық шикізат ресурстары мен азық-түлік нарығындағы экономикалық байланыстардың жойылуымен, КО шекарасы аймағында экономикалық қауіпсіздік қатерлерінің алғышарттарының пайда болуы, аймақтық дәрежедегі көшбасшы статусынан айырылу, және де «еуразия идеясын» жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылуы білдіреді.

Қазақстан аймақтың халықаралық бағытының шикізаттық болуын өзгертуге, аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін теңестіруге және аймақтық интеграциялық үдерістердің жандануына ықпал ете алады.

ОА елдеріне аймақты біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде дамыту үшін ортақ тұжырымдама қажет. Бұл тұжырымдаманың негізінде баршаға ортақ бағдарламаларды қабылдауға болады: аймақтың халықаралық бағытын қалыптастыратын аймақтық маңызды нарықтар мен секторларды дамыту; бұл нарықтарды дамытуға қажетті ірі инвестициялық жобаларды тарту; маңызды стратегиялық мүдделерді өзара үйлестіру.

Аймақты дамыту тұжырымдамасы және оның әлемдік экономикаға араласуы ортақ қиындықтарды шешуде ұжымдық принциптеріне сүйену мен ОА қатысты жаһандық стратегияларды ұжымдық түрде бағамдау мәселесіне негізделуі тиіс. Ұжымдық тұжырымдама негізінде келесідей құрытындылар мен ұсыныстар болуы мүмкін:

1. АҚШ пен Қытай секілді сыртқы акторлар ОА біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде сақталуы мен дамуына мүдделі емес, бірақ аймаққа қатысты өздерінің қалыптасқан мақсаттары мен жоспарлары бар. Ал ОА елдері болса аймақтық деңгейде сыртқы және ішкі мүдделерді үйлестіруді қамтамасыз ету қажет.

2. ОА әлемдік экономикалық маңыздылығы аймақта табиғи ресурстардың болуымен байланысты, яғни аймақ елдері қажет жағдайда аймақты дамыту мәселесінде ұжымдық «ресурстық дипломатия» әдістерін қолдануға мүмкіндігі бар.

3. Аймақтың коммуникациялық мүмкіндіктері айрықша. Сыртқы серіктестердің ресурстарға сұранысы тиісті инфрақұрылымды қалыптастыруды қажет етеді, сондықтан да аймақтық көліктік-коммуникациялық кешенді «байланыс торабы» ретінде қалыптастыруға инвестиция тарту және келешекте халықаралық жұптасымалы мен әлемдік сауданың маңызды бөлігі ретінде дамыту ОА да мүддесіне сәйкес келеді.

4. Батыстың экономикалық емес әдістермен ықпал ету, ланкестікке қарсы соғыс, есірткі тасымалымен күрес және т.б. басты ұстанымдарын есепке ала отырып, ОА елдері аймақтық ұйымдарда бұл мәселелер бойынша біртекті ұстаным қабылдауы тиіс. Олай болмаған жағдайда Батыс елдерінің ОА экономикалық саясатына араласу мүмкіндігін беретін алғышарттар пайда болады.

5. ОА әлеуметтік-экономикалық дамуы аймақтың сыртқы серіктестерінің стратегиялық маңызды мақсаттарының қатарына енбейді. ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін теңестіру мәселесі тек қана ЕрАзЭҚ секілді интеграциялық құрылымдар негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Тағы бір назарға алатын жағдай, біртекті экономикалық ЕрАзЭҚ кеңістігін қалыптастыру мүше елдердің түрлі экономикалық әлеуеті жағдайында интеграциялық үрдістерді дамытудың маңызды факторы.

6. Интеграцияланған орталықазиялық энергетикалық нарық құру «болашақ энергетикасы» саласында халықаралық жобаларды жүзеге асыруға қажетті инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. ОА энергетикалық ынтымақтастық тұжырымдамасы аясында қауіпсіздік пен экология тұрғысынан алғандағы ОА, Еуропаны және Азияны болашақта энергиямен қамтамасыз ету мәселесіне ортақ көзқарас болуы қажет.

7. Аймақты біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде дамыту мәселесі аймақтық экономикалық қауіпсіздік пен тұрақты дамытудың мүдделері интеграциялық құрылымдар аясындағы шаралар мен мүмкіндіктерді жұмылдыруды талап етеді.

8. ОА экономикалық қауіпсіздігі ауған мәселесінен жеке қарастырылмайды және бұл мәселені шешу Ресей мен Қытай қатысатын аймақтық интеграциялық құрылымдардағы ОА елдерінің біртекті ұстанымын қажет етеді. ОА елдерінің экономикалық саясатты Ауғанстанға қатысты үйлестіру қажеттілігі аймақ елдерінің ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін өз бетінше шеше алмауында және де аймақтық серіктестіктің стратегиялық деңгейіне көтерілумен байланысты.

Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарын басқарудағы маркетингтің ролі

Еркін БЕЙСЕКЕЙ,
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің докторанты

Қонақ үй шаруашылығы қазіргі таңда әлеуметтік сфераның маңызды элементтерінің бірі болып табылады, өйткені ол қазақстандық және шетелдік азаматтарды тұратын орынмен, тамақтандырумен басқа да қосымша қызмет түрлерімен қамтамасыз етеді. Қонақ үй бизнесі кәсіпорындары жолаушылар тасымалы көлігі, қоғамдық тамақтандыру, мәдениет және рекреация ұйымдарымен қатар туризмнің материалдық-техникалық базасының негізін құрайды. Қонақ үй бизнесі кәсіпорындары жағдайының қазіргі заманғы туристік қызметтер нарығының талаптарына сәйкес келмеуі бүтіндей алғанда ел экономикасына кері әсер етеді. Сондықтан қонақ үй кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты міндеттерді шешу олардың шаруашылық қызметін басқарудың жаңа әдістерін әзірлеуді, маркетингтік құралдарды неғұрлым тиімді қолдануды қажет етеді [1].

Жалпы алғанда қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындарын тиімді ұйымдастыру және басқару соңғы жылдары аса өзекті болып отыр, соған байланысты отандық бірқатар ғылыми зерттеулер осы тақырыпты қозғаған. Қонақ үй бизнесінің әрекет етуінің теориялық және қолданбалы негіздері Р.А. Раева, Г.Н. Юльчиева, О.Ж. Устенкова, М.Р. Смыковалардың еңбектерінде зерттелген.

Сөйтсе де әлемдік экономиканың жаһандану үрдістерінің қарқынды дамуы, ел экономикасындағы өзгерістер бұрынғы жүргізілген зерттеулердің өзгермелі жағдайларда тиімді болмай бермейтінін көрсетіп отыр. Осы жағдайлар қонақ үй бизнесі

кәсіпорындарын басқаруды ары қарай жетілдіруді, соның ішінде қонақ үй шаруашылығының жұмысындағы маркетингтік қызметті басқару мәселесі аса өзекті болып табылады.

Мақаланың мақсаты қонақ үй бизнесін басқарудағы маркетингтің ролі мен орнын анықтау болып табылады.

Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарын басқарудағы маркетингтің орнын анықтау үшін қонақ үй қызметтерінің ерекшеліктерін қарастыру керек, өйткені ол маркетингтік қызметтің спецификасына ықпал етеді. Атап айтқанда, қызмет көрсетудегі адам факторының маңыздылығы, сұраныстың мерзімдік тербелістері, тұрақты шығындар деңгейінің жоғары, ал өзгермелі шығындар деңгейінің төмен болуы, материалдық нәтиженің болмауы, сақтау мен жинақтаудың мүмкін болмауы, көрсетілетін қызмет пен қонақ үйдің бір-бірінен бөлінбейтіндігі, негізгі қызметке қоса қосымша қызмет көрсетудің қажеттігі, сапаны қамтамасыз ету үшін арнайы күш-жігердің қажеттілігі [2].

Әсіресе соңғы ерекшелікке толығырақ тоқтала кеткен жөн, өйткені ол қонақ үй кәсіпорынының маркетингтік саясатын қызмет көрсету сапасының максималды тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағыттауды талап етеді. Осы мақсатта қонақ үй кәсіпорындарында маркетинг бөлімі тек дәстүрлі маркетингпен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар барлық қызметкерлердің клиентке бағдарланған қарым-қатынасын дамытуды мақсат ететін ішкі корпоративтік маркетингпен де айналысады.

Төмендегі 1-суретте қонақ үй қызметін тұтынушы маркетингтің біріктіруші функциясы арқылы бақылау функциясын атқаратын маркетингтік басқару көрсетілген.




1-сурет. Қонақ үй бизнесі кәсіпорынын маркетингтік басқару

Кәсіпорындарда негізгі басқару объектілері ретінде Ф. Котлер маркетинг, өндіріс, қаржы және адам ресурстарын бөліп көрсетеді. Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарында өндіріс қызмет көрсетумен ауыстырылады [3].

Қонақ үй бизнесі кәсіпорыны үшін дәл осы маркетингтік басқару негізгі сипатқа ие болуы керек. Бірақ маркетингтік мұндай рөлі кәсіпорынның әрбір қызметкері түпкі тұтынушымен тікелей қарым-қатынасқа түспесе де, кәсіпорынның нарықтағы жетістігі өзінің түпкі тұтынушыға деген қарым-қатынасына байланысты екендігін толық түсінетін маркетингтік ұйымдық мәдениет кезінде ғана мүмкін болады. Қонақ бизнесі кәсіпорындары үшін маркетинг жүйесін келесі суреттегідей ұсынуға болады.

Маркетингтің мақсаты бүтіндей кәсіпорынның мақсатына қол жеткізу құралы болып табылады [4]. Қонақ үй бизнесі кәсіпорынының бүкіл қызметі басты үш қағида негізінде құралады:

- тұтынушыға бағдарлану;
- мақсатқа бағдарлану;
- жүйелі жолды ұстану.



2-сурет. Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарының маркетингтік жүйесі

Қонақ үй бизнесі кәсіпорынын басқарудағы маркетингтің міндеттері әр кезеңде әртүрлі болып келеді (кесте 1).

1-кесте. Қонақ үй бизнесі кәсіпорынын басқарудағы маркетингтің міндеттері

Қонақ үй бизнесін жобалау (нарықты алғаш рет зерттеу)	Басқарушылық шешім қабылдау (нарықты жүйелі түрден зерттеу)
- жұмыс жоспарланып отырған нарықтың ағымдағы жағдайын анықтау; - мақсатты тұтынушыларға талдау жүргізу; - бәсекелестерді бағалау; - нарықтың даму әлеуетін анықтау.	- қонақ үй қызметі нарығының сипаттамаларын зерттеу (жабдықтаушылар, тұтынушылар, бәсекелестер және т.б.); - кәсіпорынның нарықтық әлеуетін және үлесін бағалау; - өткізу арналарын, сатуды талдау; - іскерлік белсенділік тенденциясын зерттеу; - қаржылық-экономикалық жағдайды бағалау. - мақсатты нарықты ағымдық бақылау; - нарықтың қызметке қаныққандық дәрежесін анықтау, жаңа қызметтер енгізу; - нарықтың ұзақ мерзімдік даму тенденциясын болжау; - бәсекелестер қызметін зерттеу; - тұтынушылардың қызметке қанағаттанғандық дәрежесін талдау.

Қонақ үй бизнесі кәсіпорынындағы маркетингтің рөлі сонымен қатар оның басқару нысанына да байланысты. Мысалы қонақ үйлік консорциумға бірігетін болса, онда консорциум қонақ үйді халықаралық нарықта жылжыту міндеттемелерін өз мойнына алып, ірі корпоранттармен келісім-шарт жасасып өзінің мүшелерінің ғаламдық резервтеу жүйесіндегі мүддесін қорғайды. Егер қонақ үй қауымдастықтың құрамына кіретін болса, қонақ үй танымал ат пен тартымды имиджге ие болады. Қауымдастық өз стандарттарының сақталуын қатаң түрде бақылайды, бірақ қонақ үйді басқаруға араласпайды, егер қонақ үй корпоративтік нормаларды бұзатын болса, онда қауымдастықтың оны өз қатарынан шығаруға құқығы бар. Қонақ үй кәсіпорыны франчайзинг қағидасы негізінде құрылған желі немесе топқа кіретін болса, онда франчайзердің сауда маркасын қолдану және өз желісіндегі маркетинг және өткізу жүйесіне қатысу құқығына ие болады. Бірақ қонақ үй бизнесі кәсіпорынындағы басқару нысаны қандай болмасын қонақ үй қызметі маркетингі үрдісіндегі басты фигура адам – қонақ үй қызметін әлеуетті тұтынушы болып табылады.

Қонақ үй бизнесі кәсіпорынын басқарудағы маркетингі, оның рөлін, орнын қарастыра келе оған келесідей анықтама беруге болады: маркетинг – нақты тұтынушылардың қазіргі және әлеуетті сұранысына жауап беретін қызметтерді қалыптастыру, көрсету және өткізуді қамтамасыз ететін қағидалар, мақсаттар және функциялардың біртұтас жүйесімен сипатталатын кәсіпорынның басқарушылық қызметінің бүтін тұжырымдамасы.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа бірігуі іскерлік белсенділіктің соның ішінде шетелдік әріптестермен артуымен, жоғары деңгейлі экономикалық, саяси, мәдени, спорттық және басқа да шараларды жүргізумен сипатталатын болады. Соның салдарынан қонақ үйлік қызметке деген қажеттілік жоғарылайды, яғни қонақ үй шаруашылығындағы маркетингтік қызметтің өзектілігі де артады. Отандық қонақ үй бизнесі кәсіпорындарының қызметінің тиімділігін жоғарылату үшін маркетингке бағдарлануға көп көңіл аудару керек, ол үшін келесілер жүзеге асырылуы керек:

- функционалдық міндеттері нақты құрылымдалған маркетинг бөлімін (қызметін) құру;
- маркетингке бағдарлану талаптарына сәйкес қонақ үй басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі басқарушылардың өзара әрекеттесу философиясын қайта қарастырып өзгерту;
- нарықты шекарасы, мұқтаждықтар, қажеттіліктер, сұраныс тұтынушылық құндылықтар және қызмет сапасы тұрғысынан мұқият зерттеу;
- қонақ үй қызметін көрсету және өткізуді басқару тұжырымдамасын таңдау.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Юльчиева Г.Н. Организация гостиничного хозяйства в условиях глобализации экономики. – Алматы: Классика, 2004. – 458 с.
2. Устенова О.Ж., Смыкова. Основы гостиничного хозяйства. – Алматы: Экономика, 2012. – 257 с.
3. Ф. Котлер, К.Л. Келлер. Маркетинг менеджмент. 12-е изд. – СПб: Питер, 2007. – 816 с.
4. Маркетинг / под ред. А.Н. Романова. – М.: ЮНИТИ, 2010.

Қазақстандағы жүйелі экономикалық реформаның жүзеге асуы: жаңғырту стратегиясы (2000-2007 жылдар)

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,

Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

Түпкілікті әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру жалпыұлттық даму басымдылықтарының негізі болып табылды [1, 6]. Қазақстан дербес мемлекет ретінде экономикалық даму үрдістерінің мол тәжірибесін жинақтай ХХІ ғасырға қадам басты. 1990 жылдардың басында ел экономикасын реттеуде заманауи уақыт талабына сай жұмыстар қолға алынды және дәл осы жылдар Қазақстан үшін тарихтың жаңа беттерін айқындаған жылдар болды [2]. Ел алдында тәуелсіздік тұғырын қондыру жолы – әкімшілік-әміршілдік жоспарлы экономиканы нарыққа көшіруді жүзеге асыру, заманауи демократиялы және азаматтық қоғамның негізін орнату міндеті тұрды. Әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қайта құру және жаңаша қоғамдық жүйені қалыптастыру, әлемдік үдерістерге сүйенетін шаруашылықты жүргізудің жаңа сапалық үлгісін жасау қажет болды. Яғни, аралас экономиканы құрады және оның даму үлгісі түрлі елдерде әртүрлі: ұлттар мен ұлыстардың қауымдаса алуына, меншік түрлеріне, нарық пен мемлекеттік реттеулерге орай ерекшеленеді. Ол көптеген факторларға байланысты: материалдық-техникалық база деңгейі мен сипатына, қоғамдық құрылымның қалыптасуының тарихи және геосаяси жағдайына, елдің ұлттық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне, әлеуметтік-саяси күштердің әсеріне және с.с. Қазақстандағы аралас экономиканың қалыптасуы дәстүрлі

шаруашылықтың әлсіреуіне, бағаның құнсыздануына және т.б. үдерістерге жеткізген экономикалық күйзеліс жағдайында бастау алды. Нарықтық талаптарға сай экономиканың ұлттық құрылымын құру үшін Қазақстанға түрлі бағыттар мен қоғам және шаруашылықтың барлық деңгейі бойынша басымдылықтарды анықтауы қажет болды. Аралас экономиканың қазақстандық үлгісінің императивтеріне жататындар: мемлекет пен нарықты, экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын реинтеграциялау; меншік қатынастарын рекомбинациялау; экономиканың әлеуметтік бейімделуі; экономиканы интернацияландыру [3].

Қысқа мерзім ішінде ашық нарықтық экономика мен демократиялық даму үлгісін таңдау арқылы қоғамды және экономиканы реформалау міндеттері тиянақталып, өзіне тән айқын сипаты бар жаңа мемлекеттілік құрылым жасалды. Әсіресе реформалардың әлеуметтік бағыт ұстанғаны маңызға ие болды. Кәсіптік еркіндік, жаңа салық, бюджет, банк жүйелері, жеке жеке кәсіпорындар, шаруа, фермер қожалықтары дүниеге келіп жаңа экономикалық қатынастардың негізі қаланды, яғни нарық тетіктері жасалынды. Тарихи дамудың заманауи кезеңінің іс-қимылдары арқылы нәтижелі қарымды қадамдарға ұмтылыс жасалды.

Мемлекеттің жаһандық халықаралық жүйедегі өзінің орнын анықтау, ұлттық мүддені қорғау, сыртқы саяси стратегияны айқындау, әлем мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату, жетекші халықаралық ұйымдарды келіссөздерге тарту сияқты кезек күттірмейтін жұмыстар жүзеге асырылды. Ел мұраты – демократиялық даму және экономикалық тәуелсіздікке жету жолы болғандықтан, анық та айқын мақсат қойылды. Дүние біртұтас болғанмен бір-біріне тәуелді құбылыстардың болуына байланысты әлемдегі қайшылықтар үрдістерімен қатар, өзгерістер де көп екені мәлім. Тарихи кезеңдердегі қоғам дамуының бұрынғыдай таптық сипаттан қордаланған қиыншылықтан шығып, мүлдем өзгеше әлеуметтік-экономикалық, саяси, экологиялық мәселелерді шешу бағытына қарай бұрылуы және оларды жүзеге асырудың тетіктерін табу нәтижесі – Қазақстанның жаңа тарих бетінің оқиғасына айналды. Басты мақсаттардың бірі – бәсекеге негізделген әлеуметтік жетістіктер дамуына бейімделген экономикаға жету, меншіктің түрлі нысандарын дамыту болғандықтан да, оның нәтижесі Қазақстанның өркениетті ел қатарына қосылуына негіз болды.

Қазақстан Республикасының түпкі мақсаты – адамзат өркениетінің жоғарғы дәрежесіне жетуге талпыныстар жасау болды. Осылай-

ша Қазақстанда «Ырыс-ынтымаққа жолығады, дәулет – бірлікпен толығады» қағидасының аясында жаһандық ауқымда ойлауға баулу мақсатындағы іс-қимылдар жүргізілді [4].

Қазақстандағы аралас экономика қалыптасуының 1999-2003 жылдарды қамтыған кезеңі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тұрақтылығымен сипатталады. Экономиканы макроэкономикалық тұрақтандыру және нарықтық реформаның ырғақты жүргізілуі, сыртқы экономикалық факторлардың қолайлы жолға қойылуына сәйкес, Қазақстан 1990-жылдар мен 2000-шы жылдың басы аралығында нарықтық экономиканың негізін жасай алды. Халықаралық қаржы орталықтары Қазақстанды нарықтық экономикалы ел ретінде мойындады. Бірақ ел экономикасына әлемдік және 1998-1999 жылдардағы Ресейдегі қаржы дағдарысы әсерін бермей қоймады: республиканың сыртқа шығаратын тауарлар бағасына, қазақстандық өнімге сыртқы сұраныстың қысқаруы салдарынан 1999 жылы елдің ІЖӨ төмендеді, ал 2002 жылы ұлттық валюта девальвацияға ұшырады. Республиканың экономикасы әлемдік тауар-шикізат нарқының бағасының құбылысына және басқа мемлекеттердің экономикалық жағдайына тікелей байланыстылығы көрініс берді. Сондықтан да өндіруші кәсіпорындарды дамыту, отандық таур өндірушілер мен шағын бизнеске қолдау көрсету, экономиканың шаруашылық кешенінің шикізатқа негізделген бағыттарының құрылымдық реформаларын жетілдіру белсенді түрде қолға алынды. Бұл мәселелерді шешуде институтционалды қайта құрулар жетілдірілді, экономикалық үрдістердің нормативтік-құқықтық базалары кеңейтілді, экономиканың маңызды саласы дамуына ықпал етілетін бағдарламалық құжаттар қабылданды, шаруашылықты дамыған нарық стандартына жақындатуға арналған шаралар жасалынды. Әсіресе экономика саласының әлеуметтік бағытында құрылымдық қайта құрулар жүргізілді:

- жекешелендіру үрдістерін және мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру;
- отандық тауар өндірушілерді қолдау және импорт ауыстыруды дамыту өндеуші кәсіпорын мекемелерін қалпына келтіру жұмыстарын бастауға мүмкіндік берді;
- отандық банк секторын одан әрі нығайту және тұрғындар қаржысын инвестициялық үрдістерге қосуға (екінші деңгейлі банктердегі салымдарды кепілдендіру қорын құруға, сақтандыру нарқында реформа жүргізуге) бағытталған қаржы саласының реформасын жетілдіру;

- елді әлемдік нарықтың баға конъюнктурасының жағымсыз өзгерістеріне тәуелділігін кемітуге әсер беретін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын қалыптастыру туралы шешім қабылдау;

- инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді несиелеу тәжірибесін кеңейту мақсатында даму Банкінің құру;

- отандық өндірушілерге қолдау мен экономиканың көркеюіне бағытталған, салық жүйесін қалыптастыратын жаңа Салық кодексінің қабылдануы және т.б.

Қазақстандық экономиканың қалыптасуының төртінші кезеңі (2000 ж. – заманауи кезеңге дейін) «үдемелі дамумен» сипатталады. Бұл кезеңді анықтайтын әлеуметтік бағыттағы даму: меншік қатынастарының әлеуметтік бағытталуы басымдылықтары, табыстарды үлестіру, әріптестік және бәсекелестік, адамның жан-жақты дамуы, экономиканы гуманизациялау, ұлттың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Экономикалық басымдықтар қатарына әлемдік еңбек бөлінісінде Қазақстанның рөлінің көтерілуі, индустриалды-инновациялық даму, корпоративтендірудің, кәсіпкерліктің, мемлекеттік-жеке нарықтың дамуы, қызмет көрсету салалары басымдылығы негізінде қоғамдық өндірістің прогрессивті құрылымының қалыптасуы, экономикалық тәуелсіздік пен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі жатады [5].

Нарық жүйесінің тетігі анықталып, іске қосылды. Нарық жағдайында заманауи дамуды сипаттайтын сұраныс пен ұсыныс бағаны реттейтін жағдай қалыптасты, тауарлар легі қозғалысы, бәсеке және инвестиция легі анықталды. ХХІ ғасырдың басында елдегі ахуал, экономикалық өсудің жоғары қарқыны мен оның бәсекеге қабілеттілігі – ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетпен әлемдік экономикаға ықпалдасқан жағдайында ғана мүмкін екені айқындалды. Сол сияқты индустриалды-инновациялық даму қолға алына бастады, іс жүзінде ел экономикасына барынша тиімді де үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу, индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу негізге алынды. Алға қойған барлық міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралы – Даму институттары құрылды. Сонымен қатар іскерлік пен инвестициялық ахуалды нығайту – ел экономикасының басты даму көзі ретінде қарастырылды. «Экономика – дамудың басты басымдығы, ал экономикалық өсім оның жоғары қарқынына барынша қол жеткізу» қағидасына орай, жаһандық ауқымдағы ірі үрдістер мен өзгерістердің де дамылсыз үдерістеріне аса зор мән беру қажеттілікке айналды. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының басында жаһандық экономикалық

алаңның ойыншыларының орналасуы жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын айта кету керек. Мәселен, ІЖӨ ұлғайту бойынша екінші орын алып келген Қытай, әлемдегі өнеркәсіп заттарын ірі сыртқа шығарушыға (экспортеріне) айналды. 2010 жылы әлем экспортының 12 пайызы осы елдің еншісінде болды. Ал АҚШ мемлекеттік қарыздары белшесінен келген елге айнала бастады, Барак Обаманың билік басына келуімен бұл қарыз мөлшері 8,95-тен 15,5 триллион АҚШ долларына өсті. Ол 2010 жылғы 27 қаңтардағы өзінің Конгрестегі сөзінде былайша мәлімдеген еді: «.. үкімет басында бұдан бір жыл бұрын мен екі оттың ортасында тұрдым, ол: қаржы жүйесінің жойылу қаупі жағдайындағы ел экономикасының кейінге қарай тұңғыққа кетуі, ал мемлекеттің терең қарыз шырмауында қалуы. Бірақ экономикалық қиыншылықтар жалғасын табуда, әрбір оныншы америкалық жұмыс таба алмай жүр. Көптеген кәсіпорындар жабылды. Тұрғын үй құны түсіп кетті. Әсіресе кіші қалалар мен селолар қатты қиыншылыққа ұшырады. ...Қазір қаржы жүйесін құтқаруға бағытталған бағдарламалар жасалып, оны бақылауға алғандықтан да нарық жағдайы тұрақталып келеді» [6].

Шетел инвесторларының қарыздық өтеу міндеттері 4,75 триллион АҚШ долларын құрады. Бұл АҚШ қауіпсіздігі үшін үлкен алаңдататын жағдай еді. Еуропа Одағында да рецессия мәселелері туындады [7].

Жаңа ХХІ ғасыр басындағы Қазақстанда қабылданған жаңа шешімдер нәтижелері ашық нарықтық экономика даму үлгісінің тандалуының дұрыстығын айқындады. Қазақстанның тұрақты даму жолындағы жоспарланған өзекті мәселе – әлеуметтік мемлекет құру. Қазақстан жаңа мыңжылдықтың дағдарысы жағдайында «алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидасы бойынша алға жылжыды. Көп адамдар Қазақстанды әу баста экономикалық ырықтандыру бағытын тандап, терең саяси реформаларды кейінге қалдырғаны үшін сынға алса да, алайда уақыт бұл бағыттың әділдігін көрсетіп отырғандығына американ конгресмені Крис Кэннон сараптама жасай келе, ойын былайша қорытындылайды: «... Әрине, қателіктер де олқылықтар да болды, алайда Қазақстанның қарқынмен алға жылжып келе жатқандығын мойындауымыз қажет. ... Мен осындай сынға қарамастан, елді экономикалық жағынан мықты мемлекеттердің қатарына алып шыққан, ал қазір одан да ауқымды саяси реформаларға кірісіп кеткен, қазақстандық табыстың сәулетшісі Президент Н. Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын» [8]. Қоғамдық пікір және әлеуметтік-экономикалық

жүйе өзгерді, ең басты міндеттер іске асырылды: елде тауар тапшылығы жойылды, кәсіпкерлік аяғына нық тұрды, қаржы-банк жүйесі құрылды, экономиканың барлық салаларында құрылымдық реформалар жүргізілді. Мемлекет пайызсыз несиелер бөліп, арнайы ауылға арналған заңдар қабылданды. Банк жүйесіндегі депозиттердің көлемі 2001 жылдың тамызына дейін 393 миллиард теңгені, банктердің экономикаға несиелік салымы 397 миллиард теңгені немесе АҚШ долларымен 2,5 миллиардтан астам соманы құрады, жеке тұлғалардың республика банктеріндегі депозиттері 150 миллиард теңгеден артты, яғни АҚШ долларымен бір миллиардтан астам [9].

Әлемдік қаржы институттарының әсерімен 2000 жылдың басынан ипотекалық қозғалыс Қазақстанға да келді. Соның көрінісі – 2000 жылы «Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ құрылды. Бұл ұйымның негізгі міндеті – ипотекалық несие беруші екінші деңгейлі банктерді қайта қаржыландыру, берілген ипотекалық несиені секьюритизациялануы жолымен дамыту болып табылды. Компания жұмысының оң бағыт алу нәтижесінде Қазақстанда ипотекалық несиелендірудің қарқыны тез өсті. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар жоғарғы қарқын ала бастады. Қазақстан Республикасы Стратегиялық басымдылықтарды дұрыс қою арқылы еңбекақы деңгейі жөнінен 2000 жылы ТМД елдері арасында бірінші орында болды және алғашқы болып жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды. Энергия ресурсының әлеуеті дамып, 32 миллион тонна мұнай өндірі, халықаралық өлшемдерге сай Ақтау порты жаңғыртылды, көпірлер, жолдар, әуежайлар жаңаланды. Ең басты инвестиция – адам әлеуеті дамуына жұмсалған инвестициялар болды. Экономикалық өсім 1999 жылы 2,7 пайыздан 2000 жылы 9,8 пайызға ұлғайды. Осы жылдардан бастап елдің экономикалық дамуы жоғарлай түсті. 2001 жылы ішкі жалпы өнімнің өсуі 13%, 2002 жылы 9,5%-ды құрады [10].

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және әлемдік қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі ретінде, өз егемендігін заң жүзінде және іс жүзінде дүние жүзіне тегіс мойындатты. Қазақстан ТМД-да бірінші болып Еуропа Одағы (2000 жылдың аяғында) және АҚШ (2002 жылдың наурыз айында) тарапынан нарықтық экономикалы ел ретінде танылды. Дегенмен ХХІ ғасыр басында елде атқарылмаған істер мен тәуелсіздікке төнер қауіп те бар еді: әлемдік экономикалық дағдарыстардың бірінен кейін бірі туындауы, елдің оңтүстік шекарасындағы тұрақсыздық, қанды қақтығыстар аймағының кеңейе түсуі, лаңкестіктің өсуі,

есірткіге салыну мен жұқпалы дерттердің (СПИД-тің және т.б.) етек жаюы, көптеген елдерде қылмыстың құрықталу мүмкіндігінің баяулауы сияқты қатерлер. Сыртқы экономикалық ортаның үнемі қолайлы жағдайының сақталмайтындығы, әлемдік экономика мен шикізат тауарлары бағасы ахуалының циклдық тұрақсыздығының байқалуы, елде сауданың оң айырымының төмендей бастағаны ескеріліп, тосын жағдайлардан қауіпсіздендіру шараларын жасау қажеттігі туындауына байланысты, бұл мәселелер ҚР Парламенті мәжілістерінде тиянақты қарастырылды. Үкімет пен Ұлттық банк ел экономикасының орта мерзімді макроэкономикалық саясатын айқындай отырып, бағамдық, фискалдық және индустриалдық саясаттарды қоса алғанда, ақша-несие саясатының сәйкестігін қамтамасыз ету қағидасын жасады. Бұған түрткі болған, жоспарлау деңгейі сапасының төмендігінен қабылданған шешімдердің экономикалық сипатының әлсіреушілігі, бюджет үрдісі қимылдарының қанағаттанғысыз әсері болды. Ең алдымен бюджет қаражатын үнемдеуді бюджет шығындарымен байланыстыра жұмыс істей бастаған кәсіпорындарға қарсы тәртіп орнату, экономиканың нақты секторында қосымша жүйелілік өзгерістер жасау қажет болды. Республика қалаларындағы сауда базарларындағы бәсекенің шектелу салдарынан баға құны жоғарлады, ал тауар түрі аз болды және оның сапасы төмендеді. Сондықтан да жекешелендірілген базарларға бақылауды күшейту, коммуналдық базарлар құру жұмыстары қолға алынды.

Бюджет саласындағы қызметкерлердің табыс деңгейінің өндіріс саласындағыларға қарағанда төмендеу үрдісінің белең алуына байланысты, әсіресе төменгі және орта білікті қызметкерлер үшін жалақы деңгейін арттыруға, тағайындалатын зейнетақылардың мөлшеріне қатысты әділдік орнатуда өзекті мәселелер туындады. Осы бағытта жеткен жетістіктерді нығайту үшін Қазақстандағы экономикалық реформаның әлеуметтік бағытындағы тосқауылдарды жою, адами факторларды жетілдіру күн тәртібіне қойылды, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына: «шенеуніктердің біліксіздігі мен өзімшілдігін, жауапсыздығы және олардың халықтың мұқтажына енжарлығын түбегейлі еңсеру, билік пен бизнестің өзара астасып кетуінен арылу қажеттігін» ашық жария етті [11]. Жауапкершілікті арттыруда 2001 жылдың 19 қаңтарында мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін айқындау және дамыту бағытында Алматы қаласында компьютерлік тестілеудің өңірлік Орталығы ашылды [12]. Қоғам үшін, әсіресе өндіруші саладағы ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысында

толық мөлдірліктің болуына қол жеткізу міндеттері тұрды. 2001 жылдың 27 ақпанында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еліміздің таяудағы 5 жылға арнаған экономикалық қауіпсіздігінің Стратегиясы туралы» Жарлығы жарияланды [13].

2001 жылдың 8 ақпанында Алматы қаласында БҰҰ-ның Орталық Азияның экономикасына арналған арнаулы бағдарламасын басқару органы – СПЕКА Өңірлік Консультативтік комитетінің 1-сессиясының өтуі отандық экономиканың дамуы тарихындағы айтулы оқиғаға айналды. Сонымен қатар 2002 жылдың 26 қаңтарында өткізілген Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумының 31-отырысында Қазақстанның сыртқы саясаттағы басым бағыттардың бірі ретінде ДСҰ-на мүшелікке өту туралы мәселе қозғалды [14].

Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік саласын ұлттық ерекшеліктеріне қарай орайластыра дамыту, нарықтық радикализмнің белең алуына жол бермеу қажеттігі, кедейшілік деңгейін төмендету және орта таптың басым түсуін қамтамасыз ету басымдылығы қолға алынды. Сонымен қатар экономикалық даму ерекшеліктеріне байланысты көші-қон мен кенттену үрдістерін реттеу, ауыз су мәселесін шешу, көгалдандыру жұмыстары, жол салу мен стратегиялық инфрақұрылымдар дамуының сапалық сипат алуы, өңірлер байлығын коммерциялық жағынан одан әрі игеру және т.б. қажет болды. Жаңаша жұмыс істеу, өнім сапасын жақсарту міндеттері айқындалды. Егемендіктің алғашқы он жылдығында басты басымдылық – халықтың экономикалық, саяси, идеологиялық, діни құқы еркіндігі берілді. Әлемдегі көптеген дамыған мемлекеттер тәжірибелерін, заманауи ұлттық экономикамыздың басым және кемшіл тұстарын талдау нәтижесінде, 2001 жылдың 4 желтоқсанында «Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясын жүзеге асыру бойынша одан әрі жасалынатын шаралары туралы» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарғысымен «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары», яғни жаңа ғасырдың екінші он жылдық стратегиясы бекітілді. Мемлекеттің даму бағытында тағы да таңдау жасау, жаңа дәуірдегі жаһандану, ғылыми-техникалық, әлемдік реттіліктің қайта құрылуы заманындағы оның рөлі мен орны айқындалуы тиіс болды. Әлемдік дамудан шет қалмау үшін алдағы мерзімге дұрыс шешімдер тауып қабылдау қажеттігі туындаған экономиканың өтпелі кезеңінде екі жол тұрды:

Біріншісі, экономикада қалыптасқан үрдістерді қалпына қалдыру, оны үнемі интеграциядан тыс әрі әлемдік нарықтың сырттан бақылау жасалатын шегіне айналдыру.

Екіншісі, заманауи әрі ұтымды технологиялардың негізінде өзінің ғылыми-техникалық әлеуетін жедел қалпына келтіру мен дамыту, өндіріс пен инвестициялардың өсімі. Таңдалған екінші жол – экономиканың ұзақ мерзімді серпінді өркендеу әлеуетіне ие. Ол бойынша бәсекеге қабілетті және тиімді қазақстандық үлгісін қалыптастыру арқылы еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтай отырып, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту міндеттерін шешуге мүмкіндік туғызу – Үкімет жауапкершілігіне жүктелді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша 2001-2010 жылдар аралығына қойылатын негізгі мақсаттар айқындалды:

- жекелеген секторларда орнықты әрі бәсекелесе алатындай экономиканы қалыптастыруды жалғастыру;
- ішкі жалпы өнімнің көлемін, кем дегенде екі есе көбейту;
- экономиканың аса маңызды салаларында ұлттық капиталдың үлесін арттыруға қол жеткізу;

- халықтың әл-ауқатын анағұрлым арттыру [9, 10]. Сонымен қатар басты іс-қимыл бағыттары да белгіленді: өндірісті ұйымдастыру, еңбек өнімділігін көтеру, жаңа технологияларды енгізу, жұмыс пен өнім сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті болуға үйрену және сыртқы нарыққа шығу мен оларды шешу. Реформалардың заңнамалық негіздері жасалды және нақты іс-қимылдар қолға алына бастады. Экономикалық дамуға кедергі келтіретін келеңсіздіктер де ескерусіз қалған жоқ, ол жөнінде Мемлекет басшысы тарапынан маңызды ескерпе жасалынды: «... Егер біздің бизнес элитамыз, мемлекеттік аппарат, сайып келгенде, бүгінгі таңда билік басындағылардың топтың немесе өзінің жеке басының мүддесін емес, халық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға, мемлекеттің қазынасы мен жеке қалтасын шатастырып алмауға тиіс екенін түсінбесе, онда біз тіршілігіміздің сырқатқа ұшыраған тұстарын емдеу үшін, халықтың сау күштеріне өріс ашу үшін мемлекет тарапынан мәжбүрлеуге де баратын боламыз. Біздің мемлекеттің бүкіл бақылау – инспекциялық жүйесін, соның ішінде қаржы бақылау жүйесін елеулі өзгертуімізге тура келеді». Жаупкершілікпен жасалынатын шаралар легіне: мұнай және тағы басқа табиғи қазбаларды ысыраптан сақтау, озық білім, жаңа зауыттар мен технологияларға жол ашу қамтылды. Мемлекеттің әрбір тұрғынының жеке бастарын, отбасын, қарттығын қамтамасыз ете алатындай заңды жағдайлар туғызу, білікті мамандарды қолдау жұмыстары қолға алына бастады. Өндіріс құрылымын өзгертуде мұнай-газ, тау-кен кешені және ауыл шаруашылығына басымдықтар берілумен қатар, елді дамытудың

онжылдық стратегиялық жоспарында баяндалған төрт нақты міндет қойылды және ол үшін Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдеріне жауапкершілік жүктелді:

Біріншіден, басты назарды шикізатты неғұрлым терең өңдеуге, қосымша құнды көтеруге аудару. Мұнай химиясын, прокат, металл бұйымдары өндірісін, тамақ өнеркәсібін дамыту. Экспорт кешендерін қамтудың, зауыттарды жаңалаудың жекелеген бағдарламаларын әзірлеу.

Екіншіден, бір мезгілде инфрақұрылым мен тиісті салаларды – көлікті, коммуникацияларды, қаржы секторын, геологиялық барлауды, құбыр, тыңайтқыш, құрылыс материалдары, машиналар, жабдықтар өндірісін дамыту.

Үшіншіден, әлеуметтік қорғау жүйесінің, өндірістік емес саланың реформасын аяқтау.

Төртіншіден, таяудағы жылдары Қазақстанның негізгі экономикалық серіктестері ретінде Ресей және Орта Азия мемлекеттерімен ықпалдастық қатынастарын алға жылжыту. ЕурАзЭҚ-ның барлық мүшелерімен ел саясаты және заңнамасын үйлестіруге қарай қадам жасау.

2001-2003 жылдар аралығында Қазақстанның жоғары экономикалық өсу фазасында болуы, құрылымдық реформаның ұзақмерзімді және қысқа мерзімді даму стратегиясы аясында қайта құрулар мен өзгерістердің жемісті жүргізілуін көрсетті. 2003 жылғы 24 қаңтарда өткен Дүниежүзілік экономикалық форумда Мемлекет басшысы Қазақстан дамуының жеті басымдығын айқындай келе (ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылықтан кейін), экономикалық өсімге ерекше тоқталды. Қазақстан жеке сектор мен шетел инвестициясына сүйене ашық либералды экономика құрылысын жариялады. Қазақстан экономиканың шикізаттық саласын ғана емес, дүниежүзілік азық-түлік нарқына енуді жоспарға алды. Мәселен, 2002 жылдың жиналған астығынан 8 млн. тонна астық экспортқа шығарылды. Жерге жеке меншікті енгізу, мемлекеттің белсенді қаржылай қолдауы және үлкен жер ауқымы елдің аса зор әлеуетін білдіреді. Дегенмен басты мақсат – жаңа өңдеу салаларын құру арқылы түпкілікті жаңа экономиканы қалыптастыру болды. Экономикалық өсім арқылы төртінші, Стратегиялық басымдылықты жүзеге асыру тұрды, ол денсаулық, білім беру және азаматтардың әл-ауқатын көтеру мәселелерін шешу еді. Бесінші басымдылық – энергетикалық ресурстар, экономиканы әртараптандыруға мұнай-газ саласының табыстарын алуға, қайта бөлу арқылы келешек ұрпаққа

қор жинау да қолға алынды. Алтыншы басымдылық – көлік және байланыс, жетінші ұзақмерзімді басымдылық – кәсіби Үкіметке қол жеткізу [15].

Дүниежүзілік экономиканың жаһандануы және оның аймақтық сипат алуы, ел дамуының маңызды факторына айналды. Шикізат қорына бай, жері ұлан-байтақ, стратегиялық тұрғыдан транзиттік әлеуеті мықты, ашық әрі нарықтық экономиканы қалыптастырған Қазақстан геосаяси және геоэкономикалық үрдістерден тыс тұра алмайтындықтан, соған сай жекелеген стратегиялық міндеттерді шешу керек болды. Басқаша айтқанда қуатты және бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру қарқыны мен динамикасын арттыру деңгейіне тікелей байланысты екендігі нақты айқындалған еді.

Сондай-ақ Халықаралық экономикалық байланыстарды дамыту мақсатын көздеген шаралар жоспарланып өткізілді. Мәселен, 2001 жылдың 5-ші қаңтарында Орталық Азия экономикалық қауымдастығы мемлекеттері басшыларының тұңғыш саммиті Алматы қаласында өткізілсе, 8-ші қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шаңырақ-10» – Бірінші Халықаралық сауда жәрмеңкесін өткізу туралы» Қаулысы (№15) шығарылды [16]. Жаһандық дағдарыс және оның әсерінен болған дүниежүзілік тауарлы өндірістің ықшамдалуы Қазақстанға өз әсерін тигізді. Себебі дағдарыс банктік жүйені ғана емес, экономиканың нақты секторларын да қамтыды [17]. Осыған орай 2001 жылы – халықтың басым бөлігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мен алдағы бес жылдың экономикалық қауіпсіздігі қарастырылды [18]. Сол сияқты Қазақстан Республикасы ұлттық ақпараттық инфрақұрылымдарын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Астана қаласының 2005 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуы да қолға алынды [19]. Мұның өзектілігі де бар еді. Қазақстанда 2000-шы жылдың басында тұрғындар арасында жұмыссыздар саны өсіп, оның халықтың экономикалық белсенді бөлігінің (еңбекке қабілетті 8,4 млн. адамның) 13,5 пайызын құрауы, келешекте кедейшіліктің өсуіне жол ашатындығы белгілі болды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мұндай жағдайдан шығу шараларын қарастырып, «2000-2002 жж. арналған Кедейшілік және жұмыссыздықпен күрестің» Мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бағдарлама аясында 2002 жылдың соңына дейін 400 мың жаңа жұмыс орны ашылып, жұмыссыздар санын 9 пайызға түсіру жоспарланды немесе бір отбасында ең болмағанда бір адамды жұмыспен қамту мақсаты көзделді. Сонымен қатар республика аймақтарының ерекшелігі де ескерілді.

Алдағы ауқымды іс-қимылдар үшін қоғамның барлық топтарының қауымдасуы, оның ішінде билік пен халық арасын жақындастыру мәселесі де тыс қалдырылған жоқ. 2001 жылдың алғашқы жартысында ел экономикасындағы жалпы ішкі өнімнің өсуі 2000 жылмен салыстырғанда 14 пайыздан асты.

Тоқтап қалған өндіріс орындары қалпына келтіріліп, кейбірі жаңадан құрылды, инфрақұрылым белсенді қалыптастырылып, ауыл еңсесі көтеріле бастады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі жарты жылда 5 пайыздан артты. Мемлекет бөлген пайызсыз несиелер егіс науқанын ойдағыдай өткізуге, егінді жинап алуға жақсы дайындалуға септігін тигізді. Ауыл-селоның жанар-жағармайға қатысты мұқтаждықтары, техника әзірлеудің оңтайлы шешілуі арнайы қабылданған Заңдар, Үкімет пен әкімдердің белсенді жұмысының нәтижелері, импорт алмастыру саясаты өзінің жемісін бере бастады. Отандық тауар өндірушілер 2001 жылға экономиканың шикізат секторымен 220 миллион долларлық шарт жасасты, бұл 2000 жылдағыдан 2,2 есе артық. Бірінші жарты жылдықта жасалынған шарттардың 54 пайызы орындалды, бұл ұқсатушы өндірістің өркен жаюына түрткі болды: машина жасау өндірісінің ауқымы 40 пайызға, тоқыма және тігін өнеркәсібінің көлемі 20 пайызға өсті. Іс жүзінде Қазақстанның ірі кәсіпорындарының барлығы, орташа кәсіпорындарының басым бөлігі қалпына келтірілді. Стратегиялық маңызы бар, орталық өңірді Ақтау портымен байланыстыратын «Дөң-Қызыл Октябрь кеніші» темір жолы құрылысының жұмысы басталды. Экономикалық және әлеуметтік-саяси тыныс-тіршілікке серпін берген Астана қаласы – әкімшілік орталығына айналып, облыс орталықтары Көкшетау, Талдықорған қалаларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

«Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының ортамерзімдік жоспарын жасаудың Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы №647 Қаулысы аясында Үкіметтің индикативтік жоспары әлеуметтік-экономикалық дамудың ортамерзімдік және ағымдағы (жылдық) міндеттерін шешуге бағытталды. Орта мерзімдік индикативті жоспар бес жылға дейінгі мерзімге жасалынды. Жылдық индикативті жоспар ортамерзімді индикативтік жоспарды жүзеге асыру бойынша жасалынған жеке-жеке бөліктер қамтылған әлеуметтік-экономикалық жылдық бағдарлама болып табылды. Ортамерзімдік жоспарлау ел экономикасының ішкі және сыртқы факторларға байланысты жақын аралықтағы үш жылдық қарқынын анықтайды

және «Қазақстан-2030» Стратегиясында қойылған мақсатқа жетуге бағытталды.

2003 жылдың 15 тамызында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарғысымен (№ 1165) 2003-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметі Бағдарламасы бекіді. Бұл Бағдарламада «Қазақстан-2030» Стратегиясы мен Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру бойынша жасалынатын жұмыстардың негізгі бағыттары кеңейтілді және толықтырылды. Стратегияны кезеңімен жүзеге асыру индикативтік жоспарлауға бейімделді. Бағдарлама мақсаты – қаржы жүйесіндегі, әлеуметтік саладағы, тұрғындардың күнкөріс деңгейі, жұмыспен қамтылуы, қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды пайдалану тиімділігі, ғылым мен техниканың дамуы, олардың жетістіктерін енгізу сияқты экономиканың нақты секторындағы салалардағы болжам жасалынған көрсеткіштерді қамтамасыз етуге бағытталды.

2003 жылы экономика іргесін негіздейтін төрт өзекті тұтқалы бағыттар бойынша даму және жетілдіру бағдарламалары мен оған қажетті қаражат та жинақталды, ол: аграрлық азық-түлік; индустриялық-инновациялық; инфрақұрылымды және энергетикаы дамыту; әлеуметтік даму бағдарламалары [20]. Экономиканың шикізаттық бағыттағы басымдылығын кеміту мақсатында 2003 жылдан бастап экономиканы әртараптандыруға, жоғары қосымша құнмен тауар өндірісін және қызметін арттыру, жоғары технологиялық қызмет экономикасының негіздерін құруға арналған елдің индустриалды-инновациялық Стратегиясы қолға алына бастады, оны жүзеге асыру үшін дамудың мемлекеттік институттары құрылды:

- Қазақстан даму Банкі тікелей банктік несиелеумен ірі жобаларды (5 млн. доллардан аса) қаржыландырумен айналысады.

- Қазақстанның Инвестициялық қоры экономиканың шикізат емес секторында бәсекеге қабілетті өндірісті құру бойынша қайта құрылатын және іс-әрекеттегі кәсіпорындардың жарғылық капиталдарына қатысу жолымен, жеке секторлар бастамаларына қаржылық қолдау көрсету мақсатында құрылды.

- Ұлттық инновациялық қор – инновациялық жобалар мен ҒЗТҚЖ-ды (НИОКР) қаржыландыруға мамандандырылған, венчурлық қорлар құрады. Оның құрамына Қазақстандағы технопарктерді құру идеологиясын анықтайтын Инжиниринг және технология трансферті Орталығы кіреді.

2006 жылдың басында ҰИҚ 84 млрд. теңгені құрайтын 54 жоба жүзеге асырыла бастады. Жалпы қорлануы 700 млн. долларға жуық көлемдегі отандық және шетелдік венчурлық қорлар жүйесі құрылды. Технологиялық ақпарат тарата алатын және инновациялық серіктестік іздестіруді жүзеге асыратын технология трансфертінің Қазақстандық желісі жұмысқа қосылды.

- Шетелдік несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы рөлі, шетелде жүзеге асырылатын шикізат емес экспорт пен инвестицияны сақтандырудан тұрады.

- Маркетингтік және аналитикалық зерттеу Орталығы келешегі бар өндірістерге маркетингтік және аналитикалық зерттеу жүргізу және кластерлік бастамаларды жүзеге асыруды қолға алды.

- Шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры төменгі пайыздық ставкамен шағын және орта бизнестерге жеңілдетілген несиелер бөлуге мамандандырылған [21]. Олардың мембюджет есебінен қорлануы 2006 жылдың басында 1 млрд. долларды құрап, олар арқылы қаржыландырылған 101 жобаның 70-і жұмысқа қосылды. 200 мыңнан аса жұмыс орны құрылды. Мұның барлығы жаңғыртылған өндірістер еді.

Ашық либералды экономика және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға бетбұрыс.

Қазақстан 2000-шы жылдан бастап көптеген интеграциялық үрдістердің белсенді мүшесі және бастамашысы болды. Қазақстан ұсынған Еуразиялық интеграция идеясы негізінде Еуразиялық экономикалық қауымдастық және Кеден одағы құрылды. Қазақстанның бастамасы: ортақ кедендік тарифтер, ортақ кедендік шекара, БСҰ-на кіру бойынша бірлескен іс-қимыл. Қазақстан жеке сектор мен шетел инвестициясына сүйене ашық либералды экономика құрылысын жариялады. Қазақстан экономиканың шикізаттық саласын ғана емес, дүниежүзілік азық-түлік нарқына енуді жоспарға алды. Мәселен, 2002 жылдың жиналған астығынан 8 млн. тонна астық экспортқа шығарылған. Жерге жеке меншікті енгізу, мемлекеттің белсенді қаржылай қолдауы және үлкен жер ауқымы елдің аса зор әлеуетін білдіреді. Басты мақсат – жаңа өндеу салаларын құру арқылы түпкілікті жаңа экономиканы қалыптастыру болды. Индустриалды Қазақстанның даму картасына жыл сайын жаңа өндіріс орындары, жаңа инфрақұрылым жобалары пайда болды, автокөлік жолдары мен халықаралық көлік коридорлары салынды және орнына келтірілді. Көлік инфрақұрылымының дамуы

қазақстандықтар алдына бәсекеге қабілеттілікті көтеруде қосымша мүмкіншіліктер (білім алу, медициналық қызмет, бизнес саласында және т.б.) ашты.

2001 жыл – автокөлік жолы жылы болып белгіленді. Жалпы Қазақстан жолының 30%-ын қамтитын 32 мың шақырым жол салынды және жөндеуден (766 млрд. теңге жұмсалды) өтті. Жаңа ұрпақтың жолдары пайда бола бастады. Зор ауқымды «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» Трансеуразиялық магистралы құрылысы (құны 3,4 млрд. доллар) басталды. Темір жолдың біртұтас ұлттық желілерін құруға негізделген маңызды теміржол желілері іске қосылды. Сондықтан да әуе тасымалдау әртараптандырылды. Барлық облыс орталықтарының, Каспий теңіз порты аэропорттары қайта жарақталды [22].

2003 жыл Индустриалды-инновациялық стратегияны іске асырудың алғашқы жылы болды. Алматы-Астана және Астана-Бұрабай автомобиль жолдары пайдалануға берілді. Қызылорда облысында Сырдария үстімен өтетін көпірдің, Алматы әуежайында жолаушылар терминалы, ұзындығы 402 шақырымдық аса маңызды «Алтынсарин-Хромтау» темір жолының түйісуі аяқталды. Қазақстан Республикасы жеке меншік пен еркін бәсекеге негізделген нарықтық экономика жолында мақсатты бағыт алды. Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мамандандырылған нысандар құрылды. «Ақтау Теңіз аймағы»; «Астана – жаңа қала», «Ақпараттық технологиялар паркі» Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) қызмет етеді. Қарағанды облысы мен Астанада индустриалды аймақтар құрылды. Бұл жерлерде жоғары технологиялық өндіріс құрылыстары жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, заманауи кезеңде АЭА аумағында «Ақпараттық технологиялар паркінде» 21 компания жұмыс істейді. Мұндағы өндірілген өнімнің жалпы мөлшері 928 млн. теңгені құрайды. Әлемдік дамуда Қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі – кластерлік жүйеге көшу. Кластер аумақтық өзара байланыс және комплементарлы кәсіпорындар жүйесін ұйымдастыру (өнім шығарушылар мен сатып алушылар) ретінде қарастырылады, ол өзінің айналасына кәсіпорындар мен аймақтар, ұлттық экономика бәсекелестігін жетілдіру мақсатында жергілікті орындар мен органдарды байланыстырады.

2004 жылғы (қаңтар-маусым) индустриалды даму статистикасы өнеркәсіп өндірісінің 2003 жылдың осы мерзімдерімен салыстырғанда 9,4 пайызға өсім берсе, өндеуші өнеркәсіп 7,9 пайызға өсті: оның ішінде химия өнеркәсібі – 23,8 пайызға (2003

ж. қаңтар-желтоқсанында – 16,3 пайыз); машина жасау – 30,2 пайыз (2003 ж. – 20,7 пайыз); резина және пластмасс заттары – 40,6 пайыз (2003 ж. – 30,9 пайыз); басқа да металл емес минералды өнімдер – 24,9 пайыз (2003 ж. – 27,3 пайыз); жиһаз өндірісі – 1,6 есе өсті. Машина және құрал-жабдықтар экспорты өсімі – 45 пайызды құрады [23].

Қазақстан өзінің нысаналы дамуын «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімдік Стратегиясына сәйкес жалғастырып, 2004 жылдың басында бүкіл дүниежүзілік Банктің сыныптамасы бойынша орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына кірді. Мәселен, 2004 жылдың наурыз айының басында «Дейли телеграф» басылымы «Оксфорд аналитика» британ компаниясының экономикалық талдауында Қазақстан транзитті экономикасы бар мемлекеттердің арасында қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде аталып, алдағы уақытта да даму тұғырын сақтай алатындығына болжам жасалады. Бұл кезеңде елде даму институттары құрылып, олар өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақты ықпал ете бастады. Даму банкі жарты миллиардтан астам сомаға 20 инвестициялық жобаға несие бөлді. Сонымен қатар инновациялық қор алғашқы ғарыштық жер серігінің жасалуын қаржыландыруды қолға алды. Қоғам үшін, әсіресе өндіруші саладағы ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысында толық мөлдірліктің болуына қол жеткізу міндеттері тұрды. 2003 жылы бес мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын өндіретін зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау жұмыстары жүргізілді. 2003 жылы республикада тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті. Машина жасауда бұл көрсеткіш 20 пайыздан артты [24].

Ел дамуының 2001-2006 жылдарды қамтыған кезеңі шикізаттық емес секторлар, әсіресе өңдеуші өнеркәсіп есебінен экономикалық өсімімен ерекшеленді. Мәселен, осы жылдары машина жасау өндірісі көлемінің өсімі 600% құрады. Ұлттық қорда 2000 жылы құрылған активтер көлемі 12 млрд. доллардан асты. Мемлекеттің бюджеті мұнай-газ ресурстарынан түсетін түсімге қатыссыз, жаппай экономиканың шикізат емес секторы есебінен қалыптасты. Үш жылдық ауылды түлету бағдарламасы нәтижесінде ауылдық жерлер жүйелілік сипатта қайта өзгертілді және бұл сала дамудың

жаңа сапалы деңгейіне шығарылды. Астықты сыртқа шығару жөнінен Қазақстан дүниежүзілік көшбасшыға айналды, әлемнің 40-тан астам еліне шығарылады. Шағын және орта бизнестің үлесінің ІЖӨ-гі көлемі 30% асты. Кәсіпкерліктің дамуымен жаңа жұмыс орындары құрылып, жұмыссыздықтың төмендеуіне себеп болды. Тұрғындардың жан басына шаққанда тікелей шетел инвестициясының көлемі жөнінен Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші орын алып, Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінің алдына шықты. Дүниежүзілік банк бағасы бойынша Қазақстан инвестиция үшін неғұрлым тартымды әлемдегі жиырма ел қатарына енді. Мұндай тәжірибелер ТМД-ның басқа елдерінде қолданыла бастады [25].

2003-2006 жылдары инфрақұрылым саласында 116 жаңа жоба мен өндірісті жөндеуден өткізу үшін 2136,1 млн. АҚШ доллары бөлінді. Преференция қолданылып жүзеге асырылатын жалпы инвестициялық жобалар көлемі 243 келісімшарт бойынша 2,4 млрд. долл. құрады. 2004 жылы преференция арқылы ұсынылған инвестиция легінің негізі экономиканың өңдеуші секторын дамытуға бағытталды (46,7%). Жасалынған келісімшарттың ішіндегі ең маңызды жобалары: «Астық өңдеу мен желімдеу, азықтық ашытқы, биоприсадка (этанол), «көмір қышқыл газ» өндірісі бойынша Биохим өндіріс кешені, СҚО («Биохим Компаниясы» АҚ, (белгіленген активтегі инвестиция көлемі – 71,4 млн. АҚШ долл.); «Лисаков шыны зауыды» АҚ – 35,3 млн. АҚШ долл.; Шымкент қаласындағы Мақта талшықтарын өңдеу бойынша Қазақстанның Қытаймен бірігіп ұйымдастырылған мекемесі (ЖШС «INADA TEXTIL» белгіленген активтегі инвестиция көлемі – 11,4 млн. АҚШ долл.) [1, 11].

Машина жасау, құрылыс заттарын өндіру, химия және мұнай-химия өнеркәсібі, ақпараттық технология, металлургия, аэрокосмос салаларындағы біріккен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша Трансұлттық корпорациялардың ірі шетелдік және қазақстандық компаниялармен ынтымақтастық белсенділігін арттыру жолға қойылды. Мәселен, Франция, Италия, Германия, АҚШ, Швейцария, Англия, Индия, Корея, Сингапур, көрші Ресей аймақтарында – Урал, Сібір, Татарстанға барып тұсаукесер рәсімдері өткізілді, оған жалпы 300-ден аса шетелдік компаниялар қатынасты. Іс-қимылдағы жалпы ұлттық корпорациясы (200-дей) Қазақстан экономикасы сұранысына ие өнімді шығарудың әлемдік көшбасшыларымен, 60-тан астам ірі компаниялармен кездесулер өткізілді. Трансұлттық Корпорациялардың Қазақстандағы бизнесті

дамыту туралы шешімдерінің басты факторлары: ҚР-ғы жалпы экономикалық және саяси тұрақтылық, елдің негізгі реформаларды жүргізу бойынша ТМД төңірегінде даму және көшбасшылық ретіндегі жағымды жасалынған болжамдар, даму мемлекеттік институттарының болуы, инвестициялық преференциялар, әлеуетті нарық көздері: Қазақстан, Батыс Қытай, Ресей және Орталық Азия елдері туралы ақпараттар [1, 9].

1991-2006 жылдар аралығында экономиканы дамыту деңгейі бойынша Қазақстан реформалардың көшбасшы болып танылып, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасында бірінші болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін және инвестициялық топтың жоғары рейтингтік бағаларын алып нәтижелерге жетті. Өте ауқымды үш жылдық мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қолға алынды. 2005-2007 жылдары тек осы бағдарлама бойынша 12,0 миллион шаршы метр тұрғын үй іске қосылып, 1 миллионнан астам тұрғын пәтермен қамтамасыз (жеке меншіктердің өз қаржысына салып жатқан үйлерді есептегенде) етілді. Даму деңгейін 2010 жылға дейінгі жоспарларға сәйкестендіру, экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыру арқылы ғана мүмкін еді. Ол үшін экономика- ны барынша ырықтандыру және оның ашықтығына қол жеткізу, инфрақұрылымды жасау, белді салаларды дамытуға жеке меншік секторды тарту күн тәртібіне қойылғандықтан да 2005 жылы ел экономикасын дамытудың негізгі бағыттары белгіленді:

- экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту мен әміршілдікті жою;

- Қазақстан экономикасының ашықтығын күшейту;

- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;

- Ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;

- Инфрақұрылымдарды дамыту. Басты басымдылық ауылдық жерді дамытуға берілді. Әрбір ауылды жақсы жолмен, байланыс, газ, дәрігерлік көмек орталығы, кітапхана және клубпен қамту. Бұл мақсатқа 2005 жылдың өзінде 70 млрд. теңгеден аса қаржы бөлінді, тек бір «Ауыз су» бағдарламасына 2005-2015 жылдар аралығында 115 млрд. теңгемен қаржыландыру қарастырылды [26].

Үкімет тарапынан ырықтандыру мен табиғи монополиялар салаларын: телекоммуникацияларды, электр энергетикасы мен темір жолдарды қайта құрылымдау бағытындағы жұмыстар жандандырылды. Ұлттық экономиканы әлемдік экономикаға интеграция-

лау қажеттілігі артты. Экономикалық дамудың басымдылықтарын айқындауда жеткен жетістіктерге үнемі талдау жүргізілді. 2005 жылдары экономиканың әртараптандыруына қол жеткізу аясында елдегі шикізаттық әлеуетті тиімді пайдалану негізінде экономикалық өсімді қамтамасыз ету, екінші жағынан өндіруші секторларды, жалпы жоғарғы технологиялық өндірістің дамуына ықпал ету негізінде экономиканы сапалы қайта құру саясаты қолға алына бастады.

Қазақстан экономикасы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, реформаларды жүргізу мен тиісті заңнамаларды жасауға қол жетті. 2005 жылдың басында Қазақстанда нақты жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика қалыптасты. Қазақстан мемлекеттілігі орнықты. Экономикалық көрсеткіш – Қазақстандағы өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі 2004 жылдың қорытындысы бойынша 40,7 млрд. АҚШ долларын құрады, 2003 жылмен салыстырғандағы өсімі 9,4 пайыз деңгейінде. Бұл көрсеткіш бойынша ҚР Орталық және Шығыс Еуропаның барлық елдерінің алдында болды. Егер 1995 жылы жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім жеті жүз доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол екі мың жеті жүз долларға жетті. Экономикалық өсудің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болғандықтан, көмірсутегі шикізатын өндіру көлемі 1985 жылмен салыстырғанда 2005 жылдың басында 225 пайыз ұлғайды. Экономикаға 30 миллиард АҚШ долларындай тікелей шетел инвестициясы тартылды. 2000 жылдың 1 қаңтарында нақты іс-қимылдағы республиканың мұнай-газ секторындағы бірлескен кәсіпорындар саны 1004, ИП – 861, барлығы 1865 болса, тиісінше 2001 жылдың 1 қаңтарында 1189 және 117, барлығы 2366 құрады. 2004 жылдың 31 наурызында БАҚ «Ембімұнайгаз» және БАҚ «Өзенмұнайгаздың» бірігуі негізінде «Кенді іздестіру» «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы құрылды, ол АҚ «ХК «ҚазМұнай Газдың» еншілес ұйымы. Негізгі қызмет түрлері мұнай және газды іздестіру мен өндіру операциялары. Қазақстанда «Кенді іздестіру» «ҚазМұнайГаз» АҚ мұнайды өндіру мен қоры жөнінен екінші орында. Оның штаб-квартирасы Астана қаласында, компания қызметкерлерінің жалпы саны 15 мың адамнан асты. Ал «ПетроКазақстан» акционерлері: Қытай ұлттық мұнай корпорациясы мен «ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, оның қызмет саласына – геологиялық зерттеу, кен орындарын жасау, мұнай және газ өндіру, сол сияқты мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату кірді.

Қазақстандықтардың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштері: 1994-2004 жылдар аралығында орташа ақшалай табысы 5 есе өскен,

орташа айлық жалақы 6 еседей, еңбекақының төменгі шегі 25 есе өскен, орташа айлық зейнетақы көлемі 4,6 есе көбейген, банкқа жеке депозит ашқандар мен салым көлемі бір тұрғынға шаққанда тиісінше 35 және 37 рет көбейген. Мемлекеттің кепілденген тегін медициналық көмегінің ауқымы 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 1,7 есе өскен [27].

Жалпы 2006 жылы ТМД елдерінің экономикалық ахуалы бірқалыпты экономикалық даму қарқынымен, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ете алды. Бұл елдердің көпшілігінде мемлекеттік бюджетке салынған экономикалық өсудің негізгі көлемі және ортамерзімді даму бағдарламалары орындалды. 2001-2006 жылдары ТМД елдері бойынша өнеркәсіп өндірісі орташа есеппен 1,5 есе өсті. Достастық елдер бойынша өндірістің орташадан жоғары Әзірбайжанда (2,2 есе), Беларусь, Қазақстан, Украинада (1,7 есе өсім), Тәжікстанда (1,8 есе) өсім берді. Ал өнеркәсіп өнімдерін өндіру бағасы ТМД елдері бойынша 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 12%-ға өсті. Бағаның жоғарғы өсімі Әзірбайжан, Қазақстан және Тәжікстан елдерінің (18-22%) өнеркәсібінде байқалды.

2005 жылдың 26 тамызында (№884) Үкімет Қаулысымен Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі және Республика әлеуметтік-экономикалық дамуының ортамерзімдік жоспарларын жасау Ережелеріне сәйкес даярланған «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған ортамерзімдік жоспары» қабылданды. Экономикадағы өндіріс үрдістерінің белсенділігіне үлкен мән берілді.

Экономикалық тұрақты өсу басты стратегиялық басымдылық ретінде сақталынды, оның негізі – жеке бастамаларды және кәсіпкерлікті қолдау, белсенді сыртқы сауда, инвестиция тарту. 1997-2007 жылдар аралығында елдің ІЖӨ көлемі 22 млрд.-тан 100 млрд. долларға, бес есеге жуық ұлғайды. Жан басына шаққанда ІЖӨ 3,7 есе өсті. Негізгі капиталға инвестиция көлемі ұлғайды. Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 70 млрд. доллардан асты. Бұл Орталық Азияға тартылған барлық инвестицияның 80%-ы. Ұлттық қор қаржысын қоса есептегендегі елдің халықаралық активі 40 млрд. доллардан асып түсті [28]. Сыртқы сауда айналымы он жылда алты есе ұлғайды. Банк, сақтандыру секторлары және зейнетақы қоры жүйесі нығайды. Яғни, Қазақстан 2007 жылы экономикалық дамудың өтпелі кезеңін аяқтап, жаңа сапалы дамуға аяқ басты. Алдағы мерзімге жаһандық өзгерістер мен

үдерістерге шыдас беру үшін ғана емес, сол сияқты кейбір даму шегінде басып озатын «ақылды экономиканы» қалыптастыруды қамтамасыз ету бағыты таңдалды. Технологиялық жаңғыртудың басым бағыты – венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту көзделінді Еуропа, Азия, Ресей, Қытай және басқа елдерге шыққанда технология трансферті тетіктерін белсенді түрде пайдалану, экономиканы жаңғырту үшін заманауи өңдеуші секторды құруда үлкен ауқымды, ұзақмерзімді инвестициямен қамтамасыз ету, тікелей инвестиция қорларын дамытуға ықпал жасау қажеттілігі өсті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 60 б.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Беласу. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2008. – 464-465 бб.
3. Султанов Б. Держать порох сухим // «Казахстанская правда». – 29 декабря, 2012.
4. Назарбаев Н.Ә. Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары // ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 3 қыркүйек, 2001.
5. Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – 398 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл (16 желтоқсан 2001 ж.) // Тәуелсіздік белестері. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 274 бет.
7. www.akorda.kz
8. www.akorda.kz
9. portal.mfa.kz
10. Назарбаев Н.Ә. Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары // ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 3 қыркүйек, 2001.
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Мұрағаты. 91-қор, 1-тізімдеме, 809-іс, 11-118 пп.
12. Сатыбалдин С. Бүкіләлемдік қаржы дағдарысы және оның Қазақстанға әсері // Қазақ. – 24-30 шілде, 2009. – 3 б.
13. Қазақстан Республикасы Президентінің «Елдің жақын аралықтағы 5 жылының экономикалық қауіпсіздігі туралы» Жарлығы. 27 ақпан, 2001.
14. ҚР ҰМ. 63-қор, 1-тізімдеме, 426-іс, 31-36пп.; ҚР ҰМ. 87-қор, 1-тізімдеме, 66-іс, 3-п.
15. Н.Ә. Назарбаев. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылғы негізгі бағыттары // ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 4 сәуір, 2003.

16. ҚР ҰМ. 136-қор, 1-тізім, 283-іс, 2-п.
17. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы, 2010.
18. Алашанов Р.А. Основные социально-экономические итоги Республики Казахстан за 19 лет и перспективы нового этапа развития // Материалы научно-практической конференции (г. Алматы, 7 декабря 2010 г.) Отв.ред. С.Т. Сейдуманов, Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С. 43-53.
19. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары» // Елбасы жолдады – Елі қолдады. 1 том. Құрастырушылар: Г. Тәңірбергенова, Қ. Қалилаханова, Б. Имансерікова, Р. Әлімбаев. – Астана: Күлтегін, 2008. – 145 б.
20. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары» // Қазақстан халқына Жолдауы. – 29 сәуір, 2002.
21. Сағадиев К. «Алымен – экономика...» // Тәуелсіздік. – Астана, 2011. – 980 бет.
22. Аяған Б., Ауанасова Ә., Сүлейменов А. Қазақстанның жаңа тарихы. Үш томдық. III том: Ғылыми-көпшілік басылым. «Тәуелсіздік жылнамасы» сериясы. – Алматы: Литера-М, 2011. – 73-74 бб.
23. Жалелева Р.З. Особенности функционирования национальной экономики в условиях глобальной неустойчивости // Модернизация и рост конкурентоспособности экономики Казахстана. Под. ред. О. Сабдена. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 332 с.
24. Нұрышев Ғ.Ж., Болатова Б.Ж. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық экономикасы. Құрастырушылар: Б.Аяған, Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова // Егемен Қазақстан тарихы: тәуелсіздікке 20 жыл. Тарихи-құжаттық зерттеу. – Алматы: Раритет, 2011. – 144-154 бб.
25. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2009. – 30 б.
26. Сағадиев К. Экономика – елдік тұғыры // Егемен Қазақстан. – 20 сәуір, 2011.
27. <http://news.nur.kz/>
28. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені // Егемен Қазақстан. – 3 қараша, 2012.

XX ғасырдың 20–40 жылдары Қазақстанда тіл саясатындағы жүргізілген кеңестік тәжірибе

Айман ЖУМАНОВА,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің
докторанты

Кеңес өкіметі Қазақстан жеріне 1920 жылдардың бірінші жартысында толық орнатылып болды. Оның мемлекеттік органдары мен әкімшілік жүйесі қалыптасты. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылып, оның негізгі заңы – кеңестік Конституция қабылданды. Азамат соғысының нәтижесінде қираған халық шаруашылығы қалпына келтірілді. Сондықтан да 1920 жылдардың ортасында Кеңестер Одағында социализм орнатудың доктринасы іске асырыла бастады. Ол үш үлкен міндетті: индустриаландыруды (аграрлық елден дамыған индустриялы елге); ұжымдастыруды (социалистік ұжымдық ауыл шаруашылығын құру); мәдени революцияны (сауатсыздықпен күресу, кеңестік білім жүйесін құру, ғылым мен мәдениетті, кеңестік идеологияға қызмет ететін зиялы қауымды және жаңа өмір салтын қалыптастыру) қамтыды.

Ұлт мәселесінің білгірі саналған Сталин XX ғасырдың 20-жылдардың аяғына қарай шексіз билікті қолына алған соң аз халықтардың тілін де, өзін де жойып жіберетін қатыгездіктерге жолберді. Қиыр Шығыстағы кәрістердің, Волга бойындағы немістердің, Солтүстік Кавказ халықтарының, азды-көпті түрік-мешеттердің, поляктардың, гректердің зорлықпен Қазақстанға депортациялануы сталиндік жүгенсіздіктің нәтижесі. Бұған кейінде

хрущевтік тың игеру науқаны тұсындағы көші-қон үрдісі қосылды. Сталин тұсындағы социалистік модернизациялау қазақ даласын экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени жаңа келбетке әкелумен қатар осылардың әр-қайсында орыс тілінің үстемдігін орнатуға жеткізді. Бұл объективті мазмұндағы орыстандыру саясаты еді.

РСФСР құрамында ҚазКСР-і құрылғаннан кейін мемлекеттік органдар қазақ тіліне қатысты бір қатар нақты құжаттар қабылдады. Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген тіл саясаты көп жағдайда бұрынғы патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспетті әрі оның қағидаларына сәйкес келді. Халық ағарту комиссариатының аз ұлттар мектептері туралы 1918 жылғы қазанның 31-індегі қаулысы, РКП(б)-ның VIII съезінің ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы оңды бастамалары, РКП(б) X съезінің (1921 жыл) елдің барлық халықтары үшін ана тілін сот, әкімшілік, шаруашылық, мәдениет және т.б. салаларға енгізу міндетін артқан ұлттық саясат туралы резолюциясы өз мағынасында толық жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары болған И.В. Сталин 1921 жылғы мамыр айында айтқан: «Бір ғана ұлттық тепе-теңдікпен» шектелмей, «ұлттық тепе-теңдіктен» «ұлттардың нақты тенелу шараларына» көшу керек» тұжырымынан кейінде айнып шыға келді де, кеңес мемлекетіндегі бір-ақ тілдің – орыс тілінің әлеуметтік, саяси және шаруашылық салаларында кеңінен қанат жаюына ықпал етті. Қазақстанда қазақ тілі еркін де дербес дамуы құқығынан айрылды. Республика халқы – мейлі қазақ, украин, өзбек, ұйғыр және т.б. әлем мәдениетінің барлық биіктерін орыс тілі арқылы меңгеруге тиіс болды [1, 208].

Мәдени салада Кеңес өкіметі мынандай стратегиялық міндеттерді анықтап берді: дәстүрлі өмір салтынан қол үзу; сауатсыздықпен күрес жүргізу және кеңестік білім беру жүйесін қалыптастыру; атеистік тәрбиені күшейту; мемлекеттік және партия билігіне коммунистік идеология рухында тәрбиеленген шенеуніктерді даярлау. Осы міндеттердің ішіндегісі ең негізгісі білім беруді дұрыс жолға қою болды.

1919 жылы 26 желтоқсанда Халық Комиссарлар Кеңесі сауатсыздықты жою жөніндегі декретке қол қойды. Бұл мәселемен айналысатын төтенше комиссия құрылды [2, 207–208].

1926–1929 жылдары коммунистік партия орыс тілін КСРО халықтарының мемлекеттік тілі ету мақсатындағы шараларды іске

асыруға тіпті белсенді кірісті. 1926–1927 жылдары I басқышты партия мектептері жұмысын тексерген комиссия: «Партия мектептерінде ана тілінде оқитындарға орыс тілін меңгертуге көп мән беру керек. Қажет болған жағдайда басқа пәндердің сағатын алу керек. Сонда революциялық терминдерді тез меңгереді» [3, 17] – деген ұсыныс енгізді.

Прогрессивті-демократиялық бағыттағы кейбір зиялылар сауатсыздық-тың қайнар көзі отарлық қанауда, патшалықтың ұлттық және мәдени саясатында жатқанын ашып айта алмады. Жекелеген аймақтарда, болыстарда хат танымайтындар саны қанша екенін айтқанмен, бүкіл өлке бойынша қалыптасқан ахуалды саралауға бармады. Сөйте тұра, осы әлеуметтік құбылыстың тамырын, әкелер зиянын анықтауға, дұрыс түсінуге керекті ой түйіндер мен қағидалар баршылық. «Рухани мәдениеттің бір белгісі – жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қолы жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш – мектеп», деп жазған [4, 173].

Батысшыл бағытты ұстанған қазақ зиялылары, туған халқының өзгедей өркениетті елдер секілді ғылым-білім жолына шығуын арман етті.

Оқу-ағарту жөніндегі мақалалар қазақ мектептерінің жағдайын жақсарту және оған шәкірттерді көптеп тарту, сөйтіп, ұлт тіліндегі мектептерді негізгі білім көзіне айналдыру және қазақ тілінің мүмкіндігінше кең қолданысқа түсуіне жағдай жасауды көздеген. Міне, осындай мәселелер төңірегінде А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. зиялы топ өкілдері «Қазақ» газетінде өз ойларын білдіріп отырды.

А. Байтұрсынов жазу, оқыту, мәселерін «Қазақ» газетінде алдыңғы қатарға шығарып, айрықша көңіл аударып отырды. «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласы қазақ мектептеріндегі оқуды жетілдіру мәселеріне арналды. Онда оқу жүйесінің жаңа әдісін игере қоймаған мұғалімдер кемшілігіне тоқталды: «Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. ...Қазақ мұғалімдері түгілі ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағынан шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей «Ұсул сотия» жолымен жақсылап оқытуға болмайды. ...Медресе «Ғалия», медресе «Құсайыниядан» шыққандардың көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екендігін жақсы білмейді. Көбі қазақ тіліндегі дыбысты хәрпіне қарап есептейді. Араб харпі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса да жоққа санайды...

Екінші кемшілігі: қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екендігін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік [5, 253].

Келесі бір мақаласында оқытудың әр түрлі әдістеріне анықтама беріп, олардың тәсілдерін талдап, қайсысының жақсы, қолайлысын дәлелдеуге тырысады. «Оқыту жайынан» атты осы мақалада жәдиттік мектептің өзінде де әртүрлі тәсілдер, бағыт бар екенін жіктей көрсетіп, қазақ балаларына ыңғайлысын атап айтып, нақты жөн сілтейді. «Бұлар (усул жадит мұғалімдері) екі түрлі оқытады. Біреулер «усул мәдие», біреулері «усул сотие» жолымен. Бұл екеуінің жақсысы – усул сотие жолы. Оны бірақ жақсы білетін мұғалімдер аз. ...Білмеген соң онан қашады. Төтелеп харіптен бастағанды оңтай көреді. Онысы дұрыс емес. Рас дыбыспен жаттықтыруға білім көбірек керек. ...Мұғалімдердің көбіндегі кемшілік – қазақ сөздеріндегі дыбысты айыра білмейтіндік. Ол кемшілік түзелместей нәрсе емес...» [5, 262].

Балаларға білім берудің алғашқы сатысы – бастауыш мектеп болғандықтан, А. Байтұрсынов әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек» [5, 266] – деген. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-күйі мәз емес екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты айтады.

Сонымен қатар, А. Байтұрсынов тек оқу-білімге ғана үндеп қоймай, «Қазақ» газеті арқылы өзінің әдістемелік әдіс-тәсілдерін қазақ мұғалімдеріне нұсқау ретінде таратып отырды.

Міржақып Дулатов «Айқап» журналының 1911 жылғы №7 санында «Қазақ халқының бас азаматтарына» [6, 43] атты мақаласында оқу-ағарту мәселесін көтеруде зиялылардың орнына тоқталған.

«Ветеринарный врач Арғын» деген бүркеншік атпен жариялаған «Ай астында ешнәрсе басқарылмай тұрмақ емес» (Айқап журналының 1912 жылғы №6 санында) [6, 47] атты танымдық маңызы бар мақаласында, автордың басқа да шығармаларындағы сияқты, мұнда өркениетті елдерде өнер-білімнің дамуы арқылы өмірге көп жаңалықтар келіп жатқаны, техниканың соңғы табыстары жайлы айтылады. Оның аяғы көшпелі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігіндегі қиыншылықтарға келіп тіреледі. Олардан құтылу үшін өнерге, оқу-білімге, өркениетке тартылу қажеттігі айтылады.

Қазақстанда жалпы білім берудің саяси алғышарты Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жасалды. Дегенмен, бұл мәселені шешуде, саясидан басқа экономикалық және әлеуметтік алғышарттарды жасау аса қажет болды. Олардың ең бастылары: материалдық база, педагогикалық кадрлар дайындау, мектеп құрылысын кеңейту, мектептерді қайта жөндеу мен олардың оқу-шаруашылық шығындарын қаржыландыру болып табылды. Көшпелі мал шаруашылығына бейімделген Қазақстанда, аталған алғышарттарды жасау үлкен қиындықтар туғызды. Соған сәйкес, Қазақстанда жалпы білім беру жүйесін қалыптастыру үрдісі баяу дамыды. 20-жылдардың екінші жартысында, Қазақстандағы балалардың оқуға тартылу деңгейі, Одақтағы басқа республикалармен салыстырғанда, төменгі сатыда тұрды.

1-кесте. 1926–1928 жж. КСРО-дағы мектеп оқушыларының үлесі

Республикалар	1000 адамға шаққандағы мектеп оқушыларының үлесі	
	1926–27 жж.	1927–28 жж.
Қазақ	28,6	34,2
Қрым	85,3	88,8
Дағыстан	33,2	...
Бурят-Монғол	51,5	59,0
Чуваш	63,2	72,4
Татар	63,3	68,0
Башқұрт	48,3	56,5
Қырғыз	30,6	35,1

Ескерту: мәліметтер 1-т., 1367-і., 39-п. алынды [7].

Қазақстанның халыққа білім беруде соңғы орында тұруы, көбінесе ауыл балаларының оқуға тартылмай қалуымен сипатталды. Үлкен территорияда шашыраңқы орналасқан ұсақ ауылдарды мектеппен қамтамасыз ету, шын мәнінде, шешілуі қиын мәселелердің біріне айналды. Оның астарында ең алдымен, экономикалық себептер жатты. Әсіресе, балаларды жаппай оқуға тарту барысын, мектеп

ғимараттарын салу жұмыстарының баяу жүргізілуі тежеді. Ол туралы 1927 жылы С. Садуақасұлы: «Ауылдық мектептеріміз мұғалім мен оқытушылар ғана. Шынына келгенде мектептің алдымен үйі болуы керек. Сосын оқушысы, содан кейін мұғалімі. Бізде мұның ең керектісі жоқ» [8, 138], – деді. Сонымен қатар, 20-жылдардың соңында М. Шоқай қазақ ауылдарындағы мектеп мәселесіне байланысты өз пікірін білдірді. Ол Кеңес өкіметінің тарапынан қазақ мектептеріне қатысты өнімді ешнәрсе істелмегендігіне тоқталады: 1927-жылға дейін 1 600 қазақ мектебі болса, олардың ғимаратпен қамтамасыз етілгендері 40-қа жуық. М. Шоқай одан әрі Голощекиннің VI-партия конференциясында жасаған баяндамасынан үзінді келтіреді: «Қағаз жүзінде ауыл мектептерінің саны өте көп болғанымен, шын мәнінде ауылда ешқандай мектеп жоқ. Егер ауыл мектебіне арналған ғимарат болса, ол ғимаратта орындықтар жоқ, ал орындық болғанның өзінде, оқытатын оқулықтар жоқ» [9, 60–61].

XX ғ. 20-жылдарында басталған ұлт тілдерін қолдау және дамыту саясаты (РКП(б) XI–XII съездері) тек «Кеңес үкіметін негіздеуді» ғана болжап қойған жоқ (партия құжаттарына аудару, ұлт тілдерінде іс-жүргізу, ұлттық интеллигенция кадрларын даярлау). Оның басты бағыты «жазуы жоқ» немесе «жазуы дамымаған» халықтарда жазба мәдениетін қалыптастыру болды. 1920-жылдары Шығыс елдері халықтарының жазба мәдениетіне реформа жазау, атап айтқанда жергілікті араб графикасын латын әліпбиіне көшіру көзделді. Қазақстанда 1926 жылдан бастап жалпы КСРО-дағы ағым байқалады. Араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшудің қажеттілігі табанды түрде кеңінен насихатталды. Латын әліпбиінің артықшылықтары, әліпби сапасы туралы жекелеген пікірталастық ұсыныстардан сталған бұл іс-шаралар «араб әліпбиінің көзін жоюға» халықты шақырумен аяқталды.

Орталық Мемлекеттік мұрағат материалдары 1926 жылдан 1938 жылға дейінгі тіл саясатындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жылдары келесі құжаттар қабылданды: «Қазақ әліпбиін латинизациялау туралы Төреқұловтың баяндамасы бойынша Мәскеу қ. Қазақ Республикасы студенттерінің жалпы жиналысының қарары» (24 сәуір 1927 жыл), «Жаңа түрік әліпбиі туралы І-ші Бүкілхалықтық Түрік съездінің қарары (наурыз, 1926 жыл); Қазақстандағы жаңа әліпбиі туралы ОК төрағасы баяндамасының тезистері» (25 мамыр 1927 жыл). «Жаңа қазақ әліпбиі Орталық Комитетінің 1927 жылдың 1 шілдесінен 1 қазанына дейінгі уақыттағы есептік баяндамасы», «Жалпы түрік әліпбиі Бүкілодақтық Президиумы отырысының стенографиялық есебінен үзінді (23 маусым

1928 жыл); ҚАКСР наркомпресс Алқа отырысының 19 хаттамасынан үзінді; «Жалпы әліпбиді енгізуді жеделдету бойынша шаралар туралы» (6-8 ақпан 1930 жыл); «ҚАКСР Наркомпросының 1928 ж. 2 қаңтардан ҚазКСР-і ОАК және ХКК қаулысын орындау туралы 89 бұйрығы; «Қазақ әліпби мен орфографиясындағы кейбір өзгерістер турасы (11 қаңтар 1938 жыл) және т.б.

Бұл құжаттар латын әліпбиін енгізудегі командалық әдістер мен оны жеделдеткендігін көрсетеді. Жаңа әліпби үшін күрес таптық-идеологиялық негізге алынды. Насихат жұмыстары кеңінен жүргізілді. Латын әліпбиінің артықшылықтары дәріптелді. Қазақ Республикасы еңбекшілері КСРО – мен толық байланыс жасауы арқасында жаңа құрылыстың игіліктерін сезіне алады. Бұл әліпби Батыс мәдениетіне бағыт береді делінді. Интеллигенция өкілдері мен ғалымдардың бір бөлігі жаңа әліпбидің халықты мұсылман дәстүрінен, мұсылман мәдениетінен алшақтататындығын көріп, латын әліпбиін енгізуге қарсы болды. Қазақ қоғамы араб және латын әліпбиін қолдайтындар болып екіге бөлініп кетті. Белгілі түрколог, әдебиетші, ғалым, алаш қозғалысы басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов араб әліпбиі үшін күресті басқарды.

Сол кездері жалпы түрік тілдерінің барлығына қаншалықты зиян келтірілгендігін қазір де айту қиын. Қазақ, ұйғыр, татар, өзбек, қырғыз, әзербайжан, түрік және т.б. сияқты араб графикасы түркі тілдерінің морфологиясы да синтаксисы да оқу үшін де, кез-келген осы тілдердің бірінде мәтін жазу үшін де өзара қолайлы болған болатын.

Латын тілі енгізілген соң бірқатар әріптері ауыстыру мәселесі, сонымен қатар дыбыстардың латын белгілерін енгізу мәселелері туындады.

Бұнымен бір уақытта түркі тілдері арасындағы байланыс үзілді және XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы араб графикасы бойынша жарыққа шыққан шығармаларының әсері төмендеді. Т.М. Мاستюгин мен Л.С. Перепелкин сияқты ресей авторлары бұл туралы: «Сауаттылар үлесіне тәуелсіз, қандай болмасын тілдің графикаға ыңғайлану дәрежесіне қарамастан бұл халықтар өзінің халықтық мұрасынан қол үзді» деп жазады [10, 237–238].

1920–1930-шы жылдардағы тіл саясатында жүргізілген кеңестік тәжірибе осындай болды. Араб әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы тәжірибе большевиктердің «Әлемдік революция» туралы идеологиялық әдісімен байланысты болды. Олар латын әліпбиі әлемнің барлық халықтарының жазба тілі үшін негіз болады деп

болжады. Бірақ 30-шы жылдардың басында большевиктер «жекелеген бір елде социализм құру» бағытын ұстанды.

Сондықтан бірқатар халықтардың жазба мәдениетін латын әліпбиінен кириллицаға көшіру шешілді. Қазақстанда бұл үдеріс күштеп орыстандырумен қатар жүрді. Сталин таразы басын орыс ұлтшылдығы жағына теңселуіне мәжбүр етті. «Бір елдегі социализм» ең алдымен ресей социализмі дегенді білдірді. Сталиннің кезінде БКП(б) басшылығы, қарулы күштер, мемлекеттік қауіпсіздік басшылығы барлығы орыстандырылды» деп жазады Дж.Хоскинг (Ұлыбритания) [11, 58].

Қазақстанда 1938 жылы 5 сәуірде Қазақ КСР ОАК және ХКК «Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шығады. Бұл қаулы тіл саясатындағы жаңа ағымға бастау болды және Қазақстанда орыс тілінің басым болуына жағдай жасады. Қаулыда: «ҚазКСР-ң Орталық Атқару Комитеті және Халық комиссарлар кеңесі республика бойынша қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту қанағаттанарлықсыз жағдайда деп анықтады» деп көрсетілді [12, 3–5]. Осыған байланысты орыс тілі барлық мектептерде міндетті түрде оқытылуы керек болды. Сонымен қатар мектептердің оқу жоспарына өзгерістер енгізіліп, орыс тілін оқытуға бөлінетін сағат саны ұлғайтылды.

1940 жылғы 15 желтоқсанды «латын әліпбиіне негізделген қазақ жазба мәдениетін орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң жарияланды. Бұл заңда «Қазақ КСР колхозшы, жұмысшы бұқарасы мен интеллигенция өкілдерінің қазақ жазуын орыс графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшіру туралы өтініші қанағаттандырылды» [12, 3–5].

Партия басшылығы өзінің командалық – әкімшілік әдістерін жасырып, өздерін халық мүддесін қорғаушылар ретінде, халық атынан әрекет етушілер ретінде көрсетті. Шындығында тіл саясаты күрт өзгерді, Қазақстанда күш қолдану арқылы кириллицаға әліпби енгізілген болатын. Бұнымен қоса орыстандыру саясатын қарсы шығатын зиялы қауым өкілдері болмады. 1937–1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін нәтижесінде қазақ зиялыларының көзі жойылды. Қазақ КСР ХКК 1941 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен, 1933 ж. 1 қыркүйекте шыққан ҚазақКСР ОАК және ХКК «қазақ тілін меңгерген мамандарға арналған жеңілдіктер туралы» қаулы жойылды [13, 180].

Коммунистік партияның түркі тілдес республикаларды ғасырлар бойы қолданып келген араб әрпінен латынға ауыстыруы астарында да отаршылдық саясат жатты.

1930 жылдардың басындағы аппаратты негіздеу, мекеме, ұйым, кәсіпорын атауларын қазақша белгілеу, қазақ тілін меңгерген мамандарға жеңілдік енгізу, барлық оқу орындарында қазақ тілін міндетті түрде оқытудың барлығы тек қысқа мерзім ішінде жүргізілді. Оны 1930-шы жылдардан басталып КСРО құлағанға дейінгі кезеңде жүргізілген орыстандыру саясаты алмастырды. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы тілдік саясат бір қалыпты болмады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қамзабекұлы Д. Тіл саясаты: тағылым мен тәжірибе: мақалалар / Д. Қамзабекұлы, М. Серғалиев, Х. Әбжанов / . – Алматы: Арда, 2006. – 256 бет.
2. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. – Алматы: Алматы кітап, 2007. – 264 бет.
3. Махат Д.А. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: (мақалалар мен зерттеулер). – Астана: Ана тілі – Ата тарих, 2007. – 190 бет.
4. Бөкейхан Әлихан. Шығармалар / Ә.Бөкейхан. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 бет.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімалар, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
6. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған көрсеткіштері / М. Дулатов. – Алматы: Мектеп, 2003. – Т. 2. – 392 с.
7. ЦГА РК. Ф. 81 – Народный комиссариат просвещения КазССР (НаркомпросКазССР) (1920–1936 гг.). 1-т., 1545-і., 101-п.
8. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 360 б.
9. Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. Статьи, воспоминания. – Алма-Ата: Айқап, 1993. – 160 с.
10. Мастюгина, Т. М. Этнология. Народы России: История и современное положение (Учеб. пособие) / Т. М. Мастюгина, Л. С. Перепелкин. – М.: ЦИНО общества «Знание» России, 1997. – 317 с.
11. Хоскинг Дж. Российское национальное самосознание в XX веке // Россия в XX веке: Проблемы национальных отношений. – М., 1999. – С.58.
12. ЦГА РК. Ф. 1692. оп. 1. оп. 19. л. 3–5.
13. Языковая политика в Казахстане (1921–1990 годы): Сборник документов / Центр.гос.архив РК, КазГНУ им.аль-Фараби; [сост. М.К. Айбасова, Р.К. Иманжанова, Г.Т. Исахан и др.]. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1997. – 325 с.

Ұлттық мәдениет және бірегейлік ұғымдарына талдау

Аян НҮКЕДЖАНОВ,
ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК
Археология мұражайының ғылыми қызметкері

Казақстан Республикасында мемлекет тәуелсіздігін нық ұстап тұру мақсатымен жүргізіліп жатқан рухани мәдени шараларға қатысты ұлттық мәдениет пен дәстүрдің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылып отыр. Оған Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, қарым-қатынасты, мәдениетті... дамытуға барынша қолдау жасалып отыр», – деген сөзі идеяның бірден-бір айғағы [1, 32].

Жаһандану заманында әрбір жеке этностың мәдени өзіндік болмысын сақтап қалу, оны одан әрі дамыту өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан ұлттық мәдениетті айқындайтын ерекшеліктерді көрсету, оны бірегейлейтін элементтерді анықтау – маңызды шара. Мұндай өзіндік мәдени ерекшеліктерді жаһандану процестерімен үйлесуін ескере, ескі мен жаңа арасындағы сабақтастықты заманның ағымына сай тануымыз керек. Осы сабақтастықты үйлесімді ету үшін әртүрлі ғалымдардың мәдениет туралы жазған еңбектерінің бүгінгі жаһандану процесінде алатын орны үлкен. Осыған байланысты мәдениет ұғымына анықтама берген В.С. Степиннің және т.б. ғалымдардың еңбектері туралы айта кетуге болады.

В.С. Степиннің «мәдениет» атты еңбегі негізінде Культура ұғымы тарихи дамып келді. Алғашында «культура» ұғымы адаммен жерді өңдеуді білдірген. Сосын бұл терминнің мағынасы ұлғая түсті. Ол

арқылы адамдардың материалдық қызметінің нәтижелерін, кейін адамды тәрбиелеу мен оқытуды белгілей бастады [2].

Ежелгі римдік шешен және философ Марк Тулий Цицерон өзінің «Тускуландық жазбалар» атты еңбегінде бұл терминді басқаша мағынасында, яғни оқыту мен тәрбиелеу барысында адамның ақыл-ойын өңдеу ретінде қолданған болатын. Осылай Цицерон философияны ой-сана мәдениеті деп көрсеткен болатын. «Культура» термині «культура» ұғымына айнала бастады.

Енді «культура» деп адам жасағанның бәрін, адам жасаған жасанды дүниені және оны табиғи дүниеге қарама-қарсы қойып белгілей бастады. Бұл мағынасында «Культура» термині неміс философы-ағартушысы және заңгері С. Буффендорфтың еңбектерінде («Табиғи құқық туралы», 1684) қолданыс тапқан болатын.

XVIII ғасырдан бастап «Культура» термині еуропалық философия мен тарих ғылымында кең пайдалана бастады.

«Мәдениет» адам болмысының хайуандық өмірден өзгешелігін сипаттайтын, адами қызметті жүзеге асырумен байланысты, қоғам өмірінің аса маңызды аспектісі ретінде қарастырыла бастады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында «Мәдениет» проблемасын зерттеуде антропология мен этнологияның, жүйелік теориясының, семиотиканың, ақпарат теориясының, неофрейдизмнің, постмодернизмнің және т.б. жетістіктері тартыла бастады.

«Культура» ұғымының тарихи дамуында өзіндік ішкі логикасы бар.

Мәдениеттің 1500 астам анықтамалары бар. Американдық мәдениеттанушылар Кребер және Клакхан 300 анықтаманы жинақтады. Түсініктемелермен анықтамалардың көптүрлілігі олардың біркелкі екендігін көрсетпейді.

Мәдениет – бұл адамдардың іс-әрекеттерін реттеу мен жүзеге асыру тәсілі, сондықтан, ол, іс-әрекет, мінез-құлық және қарым-қатынас жасаудың биологиялық емес бағдарламаларын тудыру мен трансляциялау» (ұрпақтан-ұрпаққа) арқылы көрініс табатын әлеуметтік өмірдің ерекше аспектісі.

Философия мен мәдениет теориясындағы аса маңызды проблемалардың бірі – қоғам және мәдениет ұғымдарын ажырату. Мәдениет және қоғам тепе-тең емес. Бірақ, басқа жағынан қарайтын болсақ, «мәдениет» әлеуметтік өмірдің барлық қырлары мен сырларын қамтиды, «Мәдениеттен» тыс, оның ықпалынсыз жүзеге асатын бірде бір әлеуметтік феномен жоқ деуге болады.

Жоғарыда келтірілген екі универсалиялар арасындағы қайшылық өзімен өзі шешіледі, егер де, біз, «мәдениетті» тарихи даму барысында жинақталған әлеуметтік тәжірибені бекітетін ақпараттық кодтардың жүйесі ретінде қарастыратын болсақ. Бұл тәжірибе адамдар іс-әрекетінің, қарым-қатынасы мен мінез-құлқысының биологиялық емес бағдарламалары болып есептеледі.

В.С. Степин берген мәдениеттің анықтамасы: Мәдениет – әлеуметтік өмірді оның барлық негізгі көріністерінде өзгеруі мен жаңаша жанғыруын қамтамасыз ететін адами тіршілік етудің (іс-әрекет, қарым-қатынас, мінез-құлық) тарихи даму үстінде болатын биологиялық емес бағдарламалардың жүйесі [2].

Бұл білімдер, нормалар, қабілеттер, өмір сүру салттарының үлгілері, құндылықтар, идеялар мен гипотезалар, наным-сенімдер, мақсаттар мен құндылықтық бағыт-бағдарлар, символдар және т.б. Мұның бәрі тарихи жинақталатын әлеуметтік тәжірибе болып есептеледі.

Мәдениет бұл тәжірибені сақтайды, қорғайды, трансляциялайды, жаңа бағдарламалар өндіреді, яғни бүкіл қоғам өмірінде шынайы өзгерістер туғызады.

Мәдениет өзгермейтін, бір күйде қала бермейтін құрылым болып есептеледі. Ішкі табиғаты жағынан өзгермелі. Барлық мәдениеттерде инновациялар мен шығармашылықтың мүмкіндіктері әртүрлі. Дәстүрлі қоғам мәдениеттерінде бұлар өте аз, ал техногенді өркениеттерде керісінше жоғары. Бірақ, мәдениет пен қоғам болмысы үшін екі қарама-қарсы процестің (дәстүр мен инновацияның, жаңғырту мен шығармашылықтың) маңызы бірдей деуге болады.

Қазіргі таңда дәстүрлі мәдениеттердің фундаментальды құндылықтарын трансформациялау процестері белсенді жүре бастады. Бұл қазіргі өмірдің шындығы мен қажеттілігі. Қазіргі заманғы философтар мен мәдениеттанушыларға техногенді өркениет жағдайында дәстүрлі мәдениеттердің өзгешелігін сақтап қалу мәселесін шешу керек. Сонымен бірге, қоғамның жаңа түрлері туғызған мәдениеттерді зерттеп, тану керек. Бүгінгі күні дәстүрлі мәдениеттің құндылықтарын танып білу, оның даму принциптерін ұғыну адамзаттың тыныс тіршілігіндегі ең керекті тарихи құбылыстар. Сол себепті біз мәдениет ұғымын дұрыс түсініп ұғынуымыз қажет.

Мәдениет адамзаттың тыныс тіршілігінің мән-мағынасы, абырой-атағы, жеткен шыңы, жетер қиялы, ең биік идеалы, әр құбылыстың өзіндік бастау тарихын көрсетеді. Ұлттық мәдениеттің жалпы мәдениетіміздің бүгінгі ахуалын әлемдік мәдени-рухани процесс-

терден тысқары қарастыра алмаймыз. Қазіргі әлемдік мәдениетте оның гуманистік яғни рухани адамгершілік мазмұны позициясынан зерделесек тығырыққа тіреліп, жатсыну мәдениеті қалыптасып отырғаны шындық. Өйткені адам өз айнала-дүниесін ғана емес, өз-өзі яғни өз болмыс мазмұнын да жатсынып, мәдени жалған құндылықтардың әлемінде күн кешуде. Ал нақтырақ келсек біздегі мәдениет, оның ішінде әсіресе ұлттық мәдениеттің бүгінгі жағдайы және ұлттық мәдениеттің «жеңіле бастауы» туралы әңгімелердің естілуі әлеуметтік экономикалық дамуымыздың құрылымындағы өзгерістермен және батыс мәдениеті құндылықтарына бет бұрыспен тікелей байланысты. Бұл орайда бірнеше факторды атауға болады:

1. Батыс үлгісіндегі көпшілік мәдениет тасқыны.

2. Біздің идеологиялық концепциямыздың әлі түзелмегені. Көпшілік мәдениеті тасқынына саналы түрде тосқауыл қойылмауы да осының бір көрінісі. Идеологиялық концепциямыздың әлі түзелмегенін ең алдымен мәдени даму концепциямыздың жоқтығынан деу керек.

Адамдарды мәдени белгілері мен мәдени ұқсастығына орай үлкен топтарға шоғырландырып, саны жағынан көп халықты (мәселен оған Қытай жатады) немесе азғантай (Кариб аралдарын мекен еткен ағылшын тілділер) топты, әр жердегі біртұтас ұлттық мемлекеттерді (Батыс Еуропа, Латын Америкасы, Араб елдері) немесе бір ғана мемлекетті (Жапония) бір өркениет аясына жатқызуға болады. Өркениет бұдан басқаша топтасуы да мүмкін. Мәселен, Батыс өркениеті еуропалық және солтүстік-америкалық болып жіктелсе, Ислам өркениеті, араб, түркі мен малайзиялық топтар жекеленіп ене алады. Болашақта адамзат тіршілігі ең алдымен 7-8 негізгі өркениеттің өзара әрекет етуімен анықталады. Олар: батыс, конфуционалдық, жапон, ислам, үнділік, славяндық-православиялық, латын-америкалық және африкалық. Осылардың мәдениеттерінің алшақтығы мен айырмашылығы өркениет аралық қарама-қайшылықтардың пайда болуына себепкер болады. Неге дейсіз? Біріншіден, бұл өзгешеліктерге мән бермеуге болмайды. Өзінің тарихы, тілі, мәдениеті, дәстүрі мен діні (ең маңыздысы діни ерекшелігі) бойынша өркениеттер бір-біріне мүлде жуыспайды. Әркелкі өркениетке жататын адамдардың құдай мен адамның ара-қатынасы, жеке адам мен топтың, азамат пен мемлекеттің, ата-ана мен баланың, отбасы аралық қарым қатынастың мәнісі туралы танымы мен түсінігі де әркелкі емес пе? Адамның құқығы мен міндеттері оның бостандығы, оның мәселесі, теңдік пен теңсіздік туралы көзқарастары бірдей емес.

Қазақстанның ғылыми ойлары тарихта ғасырлар бойы келе жатқан өз дәстүрі бар екенін көрсетеді. Егемендік алуымызға байланысты оқиғалар мен фактілерге бай өткен тарихымызды меңгеруге және түсінуге өте жақын тұрмыз. Ортағасырдың ұлы ғалымдары Аристотельден кейінгі екінші ұстаз аталған әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Йассауидың, Жүсіп Баласағұнның, Махмуд Қашқаридың және басқа да ойшылдардың есімдері әлемдік ғылым тарихында мәңгілік жазылған. VI–VIII ғасырдағы түрік жазуының орхон-енисей ескерткіштері әлемнің көптеген елдері ғалымдарының назарын өзіне аударуда. XIX ғасырдағы қазақ ғалым-ойшылдары Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толғанын ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша 1995 жылы халықаралық деңгейде атап өткен. Абай Құнанбаевтың есімдері ғылымда белгілі. XX ғасырдағы мәдениеттің ұлы қайраткерлерінің арасында үш жыл бұрын мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілген әлемге әйгілі жазушы және ғалым Мұхтар Әуезовтың шығармашылығы өзінің лайықты орнын алды. Академиялық және қолданбалы ғылымның пайда болуы мен дамуы. Кеңестік Орталық Азияда бірінші болып Ұлттық Ғылым академиясының ұйымдастырылуы академик Қ.И. Сәтбаевтың қызметімен тығыз байланысты.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа бірігуінің, мәдени-тарихи және әлеуметтік алғышарттарын зерделеуден, егемен мемлекеттің жаңа идеологиясы мен ұлттық саясатын қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешуде. Шығыс пен Батыстың өркениеті түйіскен жерде орналасқан Қазақстанның (Шығыс пен Батыс өркениет) қазіргі замандағы геосаяси және геомәдени ахуалы білім беруде, ғылымда және басқа салаларда тек батыстық бағдардың болуын ғана емес, дәл сондай көлемде мәдени парадигма арқылы түсінуден өткен шығыс ойшылдарының теориясы мен тарихын меңгеруді де ниет етеді.

Қазақстандық шығыстану мәселесінің бұл тұрғыдан ерекшелігі Қазақстанның Шығыс пен Батыс өркениеттерінің өзара байланысы жүйесіндегі транзиттік (өтпелі) жағдайдағы ел ретіндегі тарихы, қазіргі заманғы және болашақтағы рөлімен байланысты. Жаңа қазақ қоғамы өз ісін халқының мәдениетін көтеруден бастаса ғана ұзақ ғұмыр кешеді. Тек қара басымыздың құндылығын, қарынымыздың, өз қалтамыздың қамын ғана ойласақ орға жығыларымыз хақ. Мәдениетін бірінші орынға қойған қоғам ғана цивилизацияға жетпек.

Мәдениетте берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік деп атауға болады. Мәдениет ұғымына берілген келесі анықтамалар тобын қарым-қатынастық бағыт деп атайық. Адамдар арақатынасы

белгілі бір мәдени деңгейден басталады. Ал сыртқы ортаны өзгертуге байланысты предметтік әрекет нәтижелері адамдық мәндік күштердің заттандырылған көріністері болып табылатын мәдениеттер туындыларында жүзеге асады, басқаша айтқанда, мәдениет дегеніміз адамның өзін, қоғамды, әлеуметтік қатынастарды ретке келтіру.

Егеменді ел болғаннан бері қазақ халқының арман ойы – өмірге дені сау, жерін, елін, дәстүрін сүйетін азаматтарды тәрбиелеу. Ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына таусылмас мұра қалдырған.

Атадан ұл тумас па, ата жолын кумас па? – деп өз ұрпақтарына үміт артып, өсиет, қалдырған.

Елдігіміз бен ерлігіміздің тізгінін тең ұстар, болашақ тірегі ұрпағымызға халқымыздың тарихи өнері мән мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін дарыту басты міндетіміз. Себебі туған халқының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрін жақсарту, дамыту – жастардың міндеті. Өз тілінді, өз дінін, әдет-ғұрпымызды дамытуға серпін берсе ғана ұлтшылдық мәдениетімізді, өткен тарихымызды біліп, танымыз. Осыдан барып жастарымыз өнегелі, тәлімі мол, өрелі азаматтар болып өспек. Көптеген ғалымдардың еңбектерімен сөздіктеріне көз жүгіртсек салт-дәстүрге берілген анықтамалар өте көп.

«Этнография халықтарды зерттеп, олардың өздеріне ғана тән тіліндегі шаруашылығындағы, мәдениетіндегі және қоғамдық құрылысындағы ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Бірақ әр халықтардың мұндай ерекшеліктері, қасиеттері, олардың рулық, ұлттық және этнопсихологиялық жағдайынан туып жататыны сөзсіз. Сол халықтың әлеуметтік-экономикалық тарихи дамуынан келіп туатыны ешкімді тандандырмайды. Ол қасиеттер де заманға байланысты үздіксіз дамып, өзгеріп отырады [3].

Әрине халқымыз ғасырлар бойы қазақ әдебиеті мен мәдени мұраларды өз бойына терең сіңірді.

Аса бағалы рухани және материалдық байлықтарымызды жасаушы негізінен бұқара халық болды.

Мәдениет негізі – еңбек. Еңбек неғұрлым күрделенген сайын мәдениетте жаңа сипат алып отырады. Алғашқы еңбек бөлуінен қазіргі кезеңге дейін еңбек материалдық өндіріс мәдениетін жетілдірудің негізі болып келеді. Егер садақ пен жебе бір кезде адамның табиғатпен байланысындағы төңкерістің куәсі болса, бүгін ғылыми-техникалық революция жетістіктері де өндірістегі жаңа техника мен технологияларды материалдық мәдениеттегі төңкерісті білдіреді. Мәдениетті түсіну үшін тарихи дәуірді білу қажет, өмір салты, рухани дүниесі қандай болғанын айқындау қажет.

Қазіргі мәдениеттануда дәстүрлі мәдениетті зерттеудің келесі жаңа бір жолы қалыптасты. Бұл методологиялық ізденіс бойынша дәстүрлі мәдениеттерді зерттеудегі ең басты ғылымдардың бірі – субмәдениет деп аталады. Субмәдениет бірнеше маңызды белгілері бойынша этнос деген ұғымға тепе-тең келеді. Екеуі де әлеуметтік-психологиялық феномен болып есептеледі. Бұл екеуінен қоғамдағы ірі әлеуметтік құрылымнан тұрады. Ең бастысы субмәдениеттер мен этностардың тарихи тұрғыдан қалыптасатын тек өздеріне ғана лайықты дүние танымдары, дүние көріністері болады. Бұл теория бойынша әрбір жеке адамның өзіндік дүние көрінісі болады. Бірақ бір субмәдениетке (этносқа) кіретін адамдардың дүниеге көрінісін біріктіретін жалпы ортақ өзегі болады. Дәстүрлі мәдениеттің де жалпы ортақ өзегі болады және ол сол ортада тарихи даму барысында қалыптасатын маңызды универсалийлерден тұрады. Субмәдениеттер белгілі бір ортада қалыптасады. Субмәдениеттің ең басты белгісі – дүниенің белгілі бір көрінісі. Субмәдениеттерді осы дүние көріністері арқылы салыстыруға болады. Бұл теорияның аса маңызды жағы субмәдениеттердің міндеті жайында. Белгілі бір әлеуметтен олардың көп болуы сол мәдениеттің күрделілігін, оның әлеуметтік даму динамикасын тұрақтылығын көрсетеді. Субмәдениеттердің тұрақтылығы қоғамды табиғи және әлеуметтік ортадағы өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Мәдениет дамуының жаңа сатысына көтерілгенде бұрынғы дүние көрінісіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, оны қоршаған ортадағы процестерге сәйкестендіреді. Субмәдениет ұзақ ғасырлар бойы қалыптасады. Бұл күрделі және қайшылықтарға толы процестерге экологиялық, демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және діни факторлар ықпал етеді. Субмәдениеттердің тұрақты өмір сүруі дәстүрлі мәдениеттің өзіндік даму ерекшеліктеріне байланысты. Дәстүрлі мәдениет негізінде қалыптасатын дәстүрлі ой-сана, дүниетаным субмәдениеттердің ішкі потенциалына байланысты. Дәстүрлі мәдениеттің көптеген элементтерінің қазіргі дүниеде өмір сүріп, қызмет етуі өзге субмәдениеттің өміршеңдігіне, даму мүмкіндіктеріне тәуелді. Дәстүрлі мәдениетте тиісті дүниетанымның қалыптасуы қоғамдағы материалдық жағдайға да байланысты. Өз кезінде дүниетанымды материалдық өмірге тікелей және жанама түрінде әсер етеді. Дәстүрлі дүниетанымда оның күнделікті, діни және философиялық аспектілері бір-бірімен тығыз байланысады. Бұл өзара байланыста тиісті өмір сүру салты қалыптасады. Дәстүрлі дүниетаным сол этносқа тән мінез-құлық нормаларын

өмірлік позицияларды тұрмысты қалыптастырып айқындайды. Бұл дүниетанымның идеалды, нормативтік қырынан басқа практикалық аспектісі бар. Осылайша оның екі жақтылығы көрінеді. Бір жағынан ол дүниенің қандай екендігін, ал екінші жағынан қандай болу керектігін көрсетеді. Идеалды нормамен шынайы практиканың арақатынасы дәстүрлі мәдениеттің дамуындағы маңызды аспект. Сыртқы және ішкі дүниенің біртұтас бейнесі көпжағдайда әлгі субмәдениетте қалыптасқан танымды құралдар арқылы жүзеге асады.

Этникалық дүниетаным заман талабына қарай бірге өзгеріп отырады. Бірақ бұл дүниетанымда тарихи процесте өзгермейтін аксиома ретінде қалатын элементтері болады. Бұл ұжымдық бейсаналық архетиптердің негізінде этностың қазіргі даму сатысында қоршаған ортаға дұрыс бейімделуге мүмкіндік беретін, онымен дұрыс қарым-қатынас орнатуға негіздейтін жаңа элементтер енгізіліп жүйенің біртұтастығын нығайта түседі. Дәстүрлі мәдениет белгілі бір этностың адамдарына тән болмыс туралы тұжырымдалған ой-пікірлер жүйесі. Дәстүрлі дүниетаным философия, әдебиет, мифология, идеология және тағы басқа көріністер арқылы өзін-өзі көрсетеді. Мұндай сананың ерекшеліктерін адамдардың мінез-құлқысынан да байқауға болады. Сондықтан этностың күрделі және өзгермелі дүниетанымдық жүйесі этномәдени детерминанттар негізінде қызмет етіп, дәстүрлі мәдениетті тануға оларды бір-бірімен салыстыруға мол мүмкіндік береді. Қазіргі мәдениеттануда дәстүрлі мәдениетті «субмәдениет», «этнос», «дүние көрінісі» универсалийлері негізінде зерттеу маңызды теориялық проблемаға айналып отыр. Бұл тұрғыдан дәстүрлі мәдениетті және дүниетанымды зерттеу өте тиімді методологиялық амал деп тануға болады.

Өркениетті елдер қатарынан көрінуі үшін өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ұлттық абыройымызды биікке көтеріп алдыңғы елдер қатарынан көрінуге талпынуымыз қажет. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұлттың тыныс тіршілігін, рухани өсуін, мәдениетін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан ХХІ ғасыр, 1999. – 32 б.
2. Стёпин В.С. Культура // Вопросы философии. – 1998. – №3. – 61-71 бб.
3. Шөлекенов У.Х., Шөлекенов М.У. Әлем халықтарының этнологиясы. – Алматы, 2001. – 30 б.

Түйіндеме

Программный документ на долгосрочную перспективу
Алмас Арзикулов – заведующий отделом ИО КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена Посланию Президента РК Н.А. Назарбаева «Стратегия Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства» народу Казахстана, озвученному 14.12.2013 г., и перспективам реализации этой стратегической программы.

Document of Program Nature for Long-term Perspective
Almas Arzikulov – Department Head, Department of Information and Editing, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS)

The article deals with the Address to the Nation of the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Kazakhstan-2050 Strategy: A New Policy of the Established State» of 14.12.2013. The author discusses the prospects for the achievement of the strategic goals set up in the program.

Многовекторная внешняя политика Республики Казахстан: особенности и характеристика
Жанар Каражанова – доцент Академии КНБ РК, кандидат исторических наук

Статья посвящена вопросу сбалансированности внешней политики, которая предполагает проведение внешнеполитического курса с поддержанием оптимального баланса отношений со странами в зависимости от степени их значимости для развития государства и роли на мировой арене.

Понятие многовекторности во внешней политике было сформулировано в середине 1990-х годов и связано с углублением двусторонних и многосторонних

связей Казахстана с внешним миром. Развернутый многовекторный курс подходил для того, чтобы сделать страну максимально открытой для установления прочных связей в предельно широких региональных пространствах.

Kazakhstan's Multi-vector Foreign Policy: Features and Characteristics

Zhanar Karazhanova - Associate Professor, Academy of Committee of National Security of Kazakhstan, Candidate of Sciences (History)

The author focuses on the foreign policy course of Kazakhstan that involves maintaining an optimum balance in the relations with countries according to their degree of importance for the development of Kazakhstan and their role on the world arena.

The article deals with the notion of multi-vector foreign policy that was formulated in the mid-1990s and has been associated with gradual enhancement of the bilateral and multilateral relations of Kazakhstan. The author argues that this particular foreign policy course was the most appropriate for Kazakhstan as it enabled to make the country to achieve maximum openness to establish strong relations in a very broad regional space.

Афганская проблема после 2014 года

Руслан Изимов – старший научный сотрудник отдела ВП и МБ КИСИ при Президенте РК

По мнению автора, на сегодняшний день в международном экспертном сообществе наиболее актуальными стали дискуссии на тему «Афганистан после вывода войск международной коалиции к 2014 г.».

Перспективы военно-политической ситуации в Афганистане и исходящие с его территории дестабилизирующие угрозы также волнуют руководство центрально-азиатских республик, России и Китая.

Afghan Issue after 2014

Ruslan Izimov – Senior Research Fellow, Department of Foreign Affairs and Security Analysis, (KazISS)

According to the author, the international community is increasingly concerned about the situation in Afghanistan after the withdrawal of the international coalition forces in 2014. The author considers possible developments in Afghanistan and the threats it may pose in military and political terms as well as the attitude of the leaders of other Central Asian states, Russia and China.

Социокультурные аспекты государственно-конфессиональных отношений.

Дамира Сихимбаева – научный сотрудник Института политологии, философии и религиоведения КН МОН РК

В данной статье анализируются опыт и социокультурные механизмы регулирования государственно-конфессиональных отношений ряда западных стран.

Relations between State and Religion: Social and Cultural Aspects
Damira Sikhimbaeva – Research Fellow, Institute of Politics, Philosophy
 and Religious Studies, Committee for Scientific and Academic Affairs,
 Ministry of Education and Science

The article covers the experience and expertise of a number of the states in the West in terms of their relations with religion. The author discusses the social and cultural mechanism for balancing these relations.

**Интеллектуальные инвестиции как основа процветания казах-
 станского общества**

Гульмира Султанбаева – профессор КазНУ имени аль-Фараби,
 кандидат политических наук

Статья посвящена проблемам формирования интеллектуальной нации, в ней рассматриваются государственные программы, направленные на их решение. Создание интеллектуальной нации – гарантия увеличения интеллектуального потенциала страны. Известно, что человеческий капитал в современном мире является одним из наиболее эффективных факторов экономического, социокультурного и политического развития. Он стал главным инструментом формирования и развития инновационной экономики и экономики знаний как высшего этапа развития мировой экономической системы.

Intangible Investment for Kazakhstan's Wellbeing

Gulmira Sultanbaeva – Al-Farabi Kazakh National University (KazNU),
 Professor, Doctor of Political Sciences

The article deals with intangible investment to build an intellectual nation, it examines the government's programs aimed at achieving the goal. According to the article, human capital is currently one of the key factors of economic, social, cultural and political development of any country being the main instrument of formation and development of innovative and knowledge economy. The former, the author argues, means a higher stage of development of the world economic system.

**Функции пресс-службы и пресс-секретаря в сфере связи с обще-
 ственностью**

Жумагали Есенбек – PhD докторант факультета журналистики
 КазНУ им. аль-Фараби

Автор в своей статье рассматривает роль пресс-службы в сфере связи с общественностью, а также анализирует функции пресс-секретаря в разных видах деятельности. Особое внимание автор обращает на то, что история развития пресс-службы в каждой стране складывается по-разному, а также перечисляет черты характера, которыми должен обладать занимающий эту должность.

Functions of Press Service and Press Secretary in PR

Zhumagali Yesenbek – PhD Student, Department of Journalism, Al-
 Farabi KazNU

The author examines the role of press-service in public relations and analyzes the function of press secretary in various capacities. The author focuses his attention on the

historical differences of the press-service that varies considerably from country to country. The article also touches upon the particular personal features that the profession requires.

**Центральная Азия: актуальные аспекты экономического со-
 трудничества**

Дария Мухамеджанова – ведущий научный сотрудник КИСИ при
 Президенте РК, кандидат экономических наук

В современной геополитике и геоэкономике Центральная Азия (ЦА) представляется чаще всего как экономико-географический регион, политическое или цивилизационное пространство и практически не рассматривается как единая экономическая система. Автор в статье раскрывает возможности экономического развития региона в контексте внутрирегионального взаимодействия.

Current Issues of Economic Cooperation in Central Asia:

Daria Mukhamedzhanova – Leading Research Fellow, Department of
 Economic Analysis, KazISS, Candidate of Sciences (Economics)

According to the author, contemporary geo-politics and geo-economics often sees Central Asia as an economic-geographic region, in other words, it is regarded in political and cultural space as a single economic system. The author shifts the perspective and reveals the potential for economic development of Central Asia in the context of intra-regional cooperation.

**Роль маркетинга в управлении предприятиями гостиничного
 бизнеса**

Еркин Бейсекей – докторант КазЭУ им. Т. Рыскулова

В статье рассматриваются роль и место маркетинга в управлении предприятиями гостиничного бизнеса и дана авторская трактовка понятия «маркетинг в гостиничном бизнесе». Предложена система и определены задачи маркетинга в гостиничном бизнесе.

Role of Marketing in Hotel Management

Erkin Beysekey – PhD Student, Ryskulov Kazakh University of
 Economics

The article considers the role of marketing in hotel management. The author gives its definition of marketing in hotel industry and offers a systematic tool to define the tasks of marketing in hotel management.

**Реализация системной экономической реформы в Казахстане:
 стратегия модернизации**

Кундызай Еримбетова – научный сотрудник Института истории
 государства КН МОН РК, кандидат исторических наук

В статье анализируются основные тенденции развития национальной экономики в начале XXI века, повышение конкурентоспособности, интеграция в мировое экономическое пространство. Основными механизмами перехода к рынку определены конкурентоспособность, инвестиционная политика. В качестве приоритетов экономического развития выступают индустриально-инновационное развитие,

инвестиционная и предпринимательская активность. Наряду с этим анализируются новые эффективные пути кардинального обновления экономического развития.

Comprehensive Economic Reforms in Kazakhstan: Strategy for Modernization

Kundyzay Erimbetova – Research Fellow, Institute of History of Kazakhstan, Committee for Scientific and Academic Affairs, Ministry of Education and Science, Candidate of Sciences (History)

The author analyzes the main trends in the domestic economy of Kazakhstan at the beginning of the XXI century, its competitiveness and integration into the world. The author argues that the main mechanisms to ensure the most effective transition are competitiveness and investment policy. The priorities of economic development of Kazakhstan are industrial and innovative development, investment and enhanced entrepreneurship. The article touches upon a number of newer effective ways for radical renovation of economic development.

Национальная культура и элементы ее уникальности

Аян Нукеджанов – научный сотрудник музея археологии РГП «Гылым ордасы» КН МОН РК

В эпоху глобализации ключевой является задача сохранить личную культурную натуру каждого этноса в отдельности и попытаться развить ее еще больше. Поэтому важно показать особенности национальной культуры и выделить элементы ее уникальности. В современной культурологии сформировался новый путь исследования традиционной культуры с помощью методологического поиска. Чтобы не отставать от цивилизованных стран, мы должны поднять на новый уровень национальный престиж, в том числе свои традиции и обычаи.

National Culture and its Unique Features

Ayan Nukedzhanov – Research Fellow, Museum of Archaeology “Gylm Ordasy”, Committee for Scientific and Academic Affairs, Ministry of Education and Science

The major argument of the article is that amidst globalization the key task is to preserve the individual cultural nature of each ethnic group and to try to ensure its further development. Therefore, it is important to reveal the characteristics of the national culture and highlight its unique elements. The article deals with methodological approaches of contemporary cultural studies.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)

ҚСЗИ 1993 жылы 16 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Сыртқы саясаттың стратегиялық аспектілері:

- көршілес елдердің ішкісаяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;
- Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Түркиямен, ЕО және ТМД елдерімен екі жақты қатынастарын талдау;
- посткеңестік кеңістіктегі интеграция мәселелерін зерттеу;
- қауіпсіздік мәселелерін сараптау.

2. Бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік үрдістер:

- Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг жүргізу;
- Қазақстанда саяси институттардың қалыптасуы мен демократиялану үрдістерін зерттеу;
- Қазақстандағы ағымдағы саяси жағдайды талдау.

3. Экономикалық қауіпсіздік:

- Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- әлемдік экономиканың даму қарқынын зерттеу және оның Қазақстан экономикасына әсерін талдау;
- жаһандану мәселелерін және оның Қазақстанға ықпалын зерттеу;
- Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға мониторинг жүргізу.

4. Редакциялық-баспа қызметі:

- «Қазақстан-Спектр» ғылыми журналын басып шығару;
- «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналын басып шығару (қазақ тілінде);
- «Central Asia's Affairs» сараптамалық журналын басып шығару (ағылшын тілінде).

ҚСЗИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Институт Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты стратегиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер жүргізеді, ел басшылығы үшін болжама-талдау сипатындағы материалдар дайындайды.

Институт өз зерттеулерінің негізгі бағыттары бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, халықаралық форумдар өткізіп отырады.

ҚСЗИ шетелдердің ғылыми және талдау құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан, олармен Қазақстан мен Орталық Азия дамуының өртүрлі мәселелері бойынша халықаралық зерттеу жобаларын іс жүзіне асыруда.